


А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

МИОЛОГИЯ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

МИОЛОГИЯ

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

Litterra

616.74
У 86
2015

А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

МИОЛОГИЯ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

А.М. Искиндинова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

МИОЛОГИЯ

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

332378-

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИАТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНАСЫ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

Москва

Literra

2015

Авторы: *Искинди́рова А.М.* — С.Д. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.; *Искакова Л.А.* — С.Д. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының аға оқытушысы; *Жолдыбаева А.А.* — Дипломнан кейінгі Алматы стоматологиялық институты ректоры, м.ғ.д., доцент.

Жауапты редакторы: *Төлеева Н.Ә.*

Рецензенттер: *Дакенова Қ.Т.* — ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к. *Какетаева И.З.* — Қазақ-Ресей медицина университетінің қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.

Авторы: *Искинди́рова А.М.* — канд. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Искакова Л.А.* — ст. преп. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Жолдыбаева А.А.* — д-р мед. наук, доц., ректор Алматинского стоматологического института постдипломного обучения.

Ответственный редактор: *Толеева Н.А.*

Рецензенты: *Дакенова Қ.Т.* — д-р. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Какетаева И.З.* — д-р мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии Казахско-Российского университета.

Искинди́рова, А. М.

И86 Миология : оқу құралы : учеб. пос. / А. М. Искинди́рова, Л. А. Искакова, А. А. Жолдыбаева. — М. : Литтерра, 2015. — 320 б. : ил.

ISBN 978-5-4235-0151-8

Оқу құралында қалыпты анатомия пәнін миология тарауы бойынша оқып үйренуге қажетті мәліметтер берілген — Anat — 1(2)203.

Ұсынылған материал қысқа, нақты. Бұлшықеттердің заманауи жіктелуі қолданылған. Әр тақырыптық бөлімнің соңында Халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкес анатомиялық терминдердің латын, қазақ және орыс тілдерінде сөздігі келтірілген. Сонында өз бетінше дайындалу үшін тесттік тақырыптар мен сұрақтар берілген. Оқу құралы суреттермен көркемделген.

Оқу құралын дайындаған кезде академик А.Р. Рақышев еңбектеріндегі терминдер сөздігі мен суреттер пайдаланылды.

Оқу құралы 051301 «Жалпы медицина» және 051302 «Стоматология» бакалавры бойынша оқитын студенттерге арналған.

В учебном пособии содержатся сведения по частной миологии в объеме, необходимом при изучении дисциплины «Нормальная анатомия человека» — Anat — 1(2)203.

Материал изложен кратко, лаконично. После каждого тематического раздела приведен словарь анатомических терминов на латинском, казахском и русском языках в соответствии с Международной анатомической номенклатурой. В конце приведены вопросы для самоконтроля и тестовые задания.

В составлении учебного пособия были использованы термины и рисунки из трудов академика А.Р. Рақышева.

Пособие предназначено для обучающихся в бакалавриате по специальностям 051301 «Общая медицина» и 051302 «Стоматология».

УДК 616.74(075.8)
ББК 54.18я73-1

Бұл басылымға ЖШҚ «Литтерра» Баспасы құқықты. ЖШҚ «Литтерра» Баспасының жазбаша рұқсатынсыз басылымды толық немесе оның жеке бөлімдерін қандай түрде болмасын басып шығаруға және таратуға болмайды.

Права на данное издание принадлежат ООО «Издательство «Литтерра». Воспроизведение и распространение в каком бы то ни было виде части или целого издания не могут быть осуществлены без письменного разрешения ООО «Издательство «Литтерра».

© Коллектив авторов, 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», оформление, 2015

ISBN 978-5-4235-0151-8

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ МИОЛОГИЯ	7
ЖЕКЕ МИОЛОГИЯ	19
Бас бұлшықеттері	19
Мойын бұлшықеттері	31
Арқа бұлшықеттері	46
Кеуде бұлшықеттері	61
Іш бұлшықеттері	70
Қол бұлшықеттері	87
Аяқ бұлшықеттері	117
Бакылау сұрақтары	153
Тесттік тапсырмалар	156

СОДЕРЖАНИЕ

ОБЩАЯ МИОЛОГИЯ	163
ЧАСТНАЯ МИОЛОГИЯ	176
Мышцы головы	176
Мышцы шеи	189
Мышцы спины	203
Мышцы груди	215
Мышцы живота	223
Мышцы верхней конечности	239
Мышцы нижней конечности	270
Контрольные вопросы и задания	309
Тестовые вопросы	311

МИОЛОГИЯ

МИОЛОГИЯ

ЖАЛПЫ МИОЛОГИЯ

Миология — бұлшықеттер туралы ілім. Бұлшықеттер жүйесі тірек қимыл аппаратының белсенді бөлігі болып табылады, ал сүйектер мен байламдар оның енжар бөлігін құрайды.

Бұлшықеттің негізгі қасиеті оның жиырылғыштығы болып табылады. Қанқалық бұлшықеттер — бұл тірек және қимыл жүйесі аппаратының белсенді бөлігі. Олар буындарға әсер етіп, оларды қозғалысқа келтіреді немесе теріге әсер етіп, оларды жиырады. Қанқалық бұлшықеттер сүйектерге немесе теріге бекиді.

Сүйектер мен бұлшықеттер жүйесі көмегімен адам денесінің кеңістіктегі жағдайы өзгеріп, тыныс алу және жұтыну қозғалыстары іске асады, ымдау түзіледі. Қанқалық бұлшықеттер ауыз, кеуде, іш және жамбас қуыстарын түзуге қатысады; қуысты ағзалар қабырғасының (көмей, жұтқыншак және т.б.) құрамына кіреді; көз алмасының көзұяда қозғалуын қамтамасыздандырады; ортаңғы құлақтың дабыл қуысындағы есту сүйекшелеріне әсер етеді. Бұлшықеттер қызметі тек қозғалысты қамтамасыздандырып қана қоймай, қан айналуына, сүйектер дамуы мен олардың пішініне әсер етеді.

Жоғары омыртқалы жануарлар мен адам организмінде бұлшықет тінінің екі түрін ажыратады — тегіс салалы және көлденең жолақты. Соңғысына қанқалық және жүректік бұлшықет жатады. Тегіс салалы бұлшықет тамырлар мен көптеген ағзалардың қабырғасының құрамына кіріп, олардың бұлшықетті қабатын түзеді. Жүректік бұлшықет тіні оның ортаңғы қабаты — миокардты түзеді. Көлденең жолақты қанқалық бұлшықеттен түзілетін қанқалық бұлшықеттер осы миология тарауында қарастырылады.

Адам денесінде шамамен 639 бұлшықет болады, оның 317 жұп, ал 5 так. Осы көптеген бұлшықеттердің әрқайсы нақты көлемімен, арнайы пішінімен, тамырлар мен нервтерінің нақты санымен, тамыр-нервтік қақпасының (тамырлар мен нервтердің кіретін және шығатын жері) орналасуымен сипатталады.

БҰЛШЫҚЕТ АҒЗА РЕТІНДЕ

Қаңқалық бұлшықет — бұл өзіне тән пішіні мен құрылысы болатын, көлденең жолақты қаңқалық бұлшықет талшықтарының шоғырларынан түзілген, бір-бірімен бос дәнекер тін арқылы байланысқан, сыртынан меншікті шандырмен жабылған, тамырлар мен нервтерінің типті архитектурасы бар ағза.

Бұлшықет көлденең жолақты бұлшықет талшықтарының жолақтарынан тұрады. Бір-біріне параллель жүретін бұл талшықтар бос дәнекер тін арқылы (*endomysium*) бірінші реттік шоғырларға жиналады. Осындай бірнеше бірінші реттік шоғырлар бірігіп екінші реттік т.с.с. шоғырлар түзеді. Барлық ретті бұлшықет талшықтары дәнекертіңдік қабық — *perimysium* арқылы қосылып, бұлшықет қарыншасын түзеді. Бұлшықет шоғарларының арасында болатын дәнекертіңді жолақтар бұлшықет қарыншасының соңында бұлшықеттің сіңірлі бөлігіне ауысады.

Бұлшықеттің жиырылуы орталық жүйке жүйесінен келетін импульспен шақырылатындықтан әр бұлшықет онымен нерв козуын әкелетін афферентті және эфферентті нервтер арқылы байланысады. Бұдан басқа бұлшықетке тірі организмдегі бұлшықетті үнемі тонуста ұстап тұратын симпатикалық нервтер келеді. Бұлшықеттер қан тамырларына бай болады. Тамырлар бұлшықеттерге олардың ішкі жағынан қақпа деп аталатын бір немесе бірнеше пункттерден кіреді. Бұлшықеттік қақпаға тамырлармен бірге нервтер кіріп, бұлшықет шоғырларына сәйкес (бойлап және көлденең) тармақталады.

Бұлшықеттің жиырылатын белсенді бөлігі — қарыншасын және сүйекке бекітін енжар бөлігі — сіңірін ажыратады. Сіңір жиі бұлшықеттің екі шетінде орналасады.

Бұлшықеттердің жұмысы. Бұлшықеттің негізгі қасиеті оның жиырылғыштығы. Бұлшықет жиырылған кезде ол қысқарып, бекіп тұрған екі нүктесі бір-біріне жақындайды. Бұл екі нүктенің қозғалмалы нүктесі, *punctum mobile* қозғалыссыз нү-

ктесіне тартылады, *punctum fixum*, нәтижесінде дененің сол бөлігі қозғалысқа келеді. Бұлшықет жиырылған кезде жекелеген көлденең жолақты бұлшықет талшықтарына сәйкес қысқарып, жуандайды. Бұл кезде басталу және беку нүктелерін жақындатады.

Әр бұлшықеттің басталатын жері, *origio*, және бекітін жері, *insertio* болады. Дененің орта сызығы бойынша орналасқан омыртқа бағанасы барлық дененің негізгі тірегі болып табылады, бұлшықеттің әдетте қозғалыссыз нүктесіне сәйкес келетін басталатын жері ортаңғы жазықтыққа жақын орналасқан, ал қол-аяқтарда тұлғаға жақын, проксималды орналасады; бұлшықеттердің қозғалмалы нүктесіне сәйкес келетін бекітін жері орталықтан алыста, ал қол-аяқта дисталды орналасады. *Punctum fixum* мен *punctum mobile* қозғалмалы нүктеге бекіп, бекітілген нүкте босаған кезде орындарын ауыстыруы мүмкін. Мысалы, тұрып тұрған кезде іштің тік бұлшықетінің қозғалмалы нүктесі жоғарғы шеттері болса (тұлғаның жоғарғы бөлігін бүгу), қолмен тартылып тұрған кезде — төменгі шеті (тұлғаның төменгі бөлігін бүгу) болады.

Қозғалыс екі қарама-қарсы бағытта болатындықтан (бүгу-жазу, әкелу-әкету т.с.с.), қандай жақ болмасын бір біліктің айналасында қозғалыс жасау үшін қарама-қарсы жақта орналасатын кем дегенде екі бұлшықет керек. Өзара қарама-қарсы бағытта қозғалыс жасайтын мұндай бұлшықеттер антагонистер деп аталады. Әр бүгу кезінде бүккіштер ғана емес, біртіндеп бүккіштерге әсер етіп, оны шамадан тыс жиырылудан сақтайтын жазғыштар да әсер етеді. Сондықтан, бұлшықеттер антагонизмі қозғалыстың біртіндеп болуын қамтамасыз етеді. Сонымен, әр қозғалыс антагонистер қозғалысының нәтижесі болып табылады.

Антагонистерден ерекшеленетін, бір бағытта бірдей әсер ететін бұлшықеттер агонистер немесе синергистер деп аталады. Оған қатысатын бұлшықеттер қозғалысының сипаты мен қызметтік құрылымына байланысты бір бұлшықет синергист те, антагонист те бола алады.

Бұлшықеттердің сол буынның айналу білігіне қатысты анатомиялық қатынасымен анықталатын қарапайым қызметінен басқа оның қызметтік жағдайының тірі организмде байқалатын, дене мен оның жекелеген бөліктерінің кеңістікте сақталуымен байланысты және қозғалыс аппаратына түсетін динамикалық және статикалық жүктеменің өзгерісін де ескеру керек. Сондықтан бір бұлшықет өзі әсер етіп тұрған дененің немесе оның бөлігінің жағдайына және сәйкес қозғалыс актінің фазасына байланысты қызметін өзгертеді.

ҚАҢҚАЛЫҚ БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ ПІШІНІ

Қаңқалық бұлшықеттерді пішініне қарай негізгі үш топқа бөледі: ұзын, қысқа және жалпақ бұлшықеттер. Ұзын бұлшықеттер негізінен қол-аяқта орналасады. Жиі олардың пішіні ұршықтәрізді болып келеді. Олардың ортаңғы қалыңдаған бөлігі қарынша, *venter*, деп аталады. Бұлшықеттердің көбіне екі шетінде сіңір, *tendo*, орналасады; ол арқылы сүйекке бекиді. Сіңір бұлшықетті бөліктен ақшыл түсімен және жылтырлығымен ерекшеленеді (қарыншаның түсі қызғылт-қоңыр). Сіңір өте мықты, созылмайды. Сіңірлердің дәнекертіндік шоғырлары сүйекқаппен, шандырмен немесе буын қапшығымен мықты байланысады.

Қысқа бұлшықеттер жиі тұлғада, әсіресе омыртқалар мен қабырғалар арасында орналасады. Әдетте бұл бұлшықеттер етті бөлігімен сүйектен басталады. Олардың ұзындығы 3—5 см.

Жалпақ бұлшықеттер де тұлғада орналасады. Олар арқа, кеуде, іш және жамбас аймақтарының беткей қабатында жақсы дамыған. Жалпақ бұлшықеттердің бір шеті етті болып басталады. Сондай-ақ бұлшықеттік талшықтары бұлшықет ішілік дәнекер тінмен тығыз байланысқан қысқа фиброзды талшықтар арқылы сүйекқаппен тығыз байланысады. Жалпақ бұлшықеттердің екінші шеті жұқа, бірақ өте мықты табакша түрінде болады. Мұндай табакша апоневроз, *aponeurosis*, немесе сіңірлі құрылым деп аталады.

Бұлшықет жиырылған кезде бекіп тұрған сүйекке әсер етеді. Әдетте бекіп тұрған шетінің біреусі қозғалыссыз болады, бұл шеті бұлшықеттің беку нүктесі болады, *punctum fixum* және оның басталатын жері ретінде қарастырылады. Бұлшықеттің ауыспалы шеті, *punctum mobile* бекітін жері болып табылады. Әдетте, тұлға бұлшықеттерінің басталатын жері ортаңғы жазықтыққа жақын, ал бекітін жері алыста болады, ал қол-аяқ бұлшықеттерінде басталатын жері — проксималды, бекітін жері — дисталды орналасады.

Punctum fixum атқаратын қызметіне байланысты *punctum mobile* ретінде және керісінше болуы мүмкін. Мысалы, иық бұлшықеті жиырылған кезде иықты қозғалысқа келтіреді, бұл кезде олар соңғысына бекиді, ал иықта басталады. Бірақ, қолмен қозғалмайтын заттан ұстап тұрсақ, аталған бұлшықеттер иықтың білекке жақындауына, содан кейін солармен бірге тұлғаның жақындауына алып келеді. Бұл кезде беку нүктесі білекте болады да, ал қозғалмалы нүкте иыққа ауысады.

Ұзын, қысқа және жалпақ бұлшықеттер құрылысы бойынша қарапайымға жатады. Пішіні күрделі бұлшықеттер сирек кездеседі. Бұлшықет пішінінің күрделіленуі бұлшықеттің басталатын жерінің, яғни басының бірнешеге бөлінуімен негізделеді. Мысалы, бір бастың орнына бір сүйектің әр түрлі жерінен басталатын бір, екі, үш немесе төрт бастың болуы. Кейін бастар бір қарыншаға бірігеді. Мұндай бұлшықеттер екібасты, *m. biceps*, үшбасты, *m. triceps*, төртбасты, *m. quadriceps* деп аталады.

Ортақ қарыншадан әр түрлі сүйекке бекітін бірнеше сінір шығуы мүмкін. Мұндай пішін саусақтардың беткей және терен бүккіштерінде, *mm. flexores digitorum superficialis et profundus*, болады.

Қарынша аралық сінір арқылы екіге бөлінуі мүмкін, бұл кезде қос қарыншалы бұлшықет, *m. digastricus*, түзіледі. Сондай-ақ бұлшықет қарыншасы сінірлі дәнекерлер, *intersectiones tendineae* арқылы бірнешеге бөлінуі мүмкін. Мұндай пішін іштің тік бұлшықетіне, *m. rectus abdominis*, тән.

БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

Адам организмінің канкалық бұлшықеттері дене аймағына, бұлшықеттің шығу тегіне, пішініне, қызметіне, анатомиялық-топографиялық қарым-қатынасына, бұлшықет талшықтарының орналасуына, буындарға қатынасына қарай жіктеледі.

Дене аймағына қатысты тұлға, бас, мойын және қол-аяқ бұлшықеттерін ажыратады. Тұлға бұлшықеттері өз кезегінде арқа, кеуде, іш бұлшықеттеріне бөлінеді. Қол бұлшықеттері қанқа бөліктеріне сәйкес иық белдеуінің, иықтың, білектін және қол басының бұлшықеттері болып бөлінеді. Аяқ бұлшықеттері де осыған ұқсас жамбас белдеуінің, санның, балтырдың және аяқ басының бұлшықеттері болып бөлінеді.

Шығу тегі бойынша ұрықтың тұлға бөлігінің миотомдары мен желбезек доғаларының (висцералды) миотомдарынан дамыған бұлшықеттерді ажыратады. Бұлшықеттердің нервтенуі бойынша олардың шығу тегін айтуға болады. Мысалы, желбезек доғасының миотомдарынан дамыған бұлшықеттер бас сүйек нервтерінің тармақтарымен нервтенеді. Тұлға миотомдарынан дамыған бұлшықеттер жұлын нервтерінің алдыңғы және артқы тармақтарымен нервтенеді. Жұлын нервтерінің артқы тармақтарымен нервтенетін бұлшықеттер шығу тегі бойынша дорсалды болып табылады. Ал жұлын нервтерінің алдыңғы тармақтарымен нервтенетін бұлшықеттердің шығу тегі вентралды. Даму үдерісі кезінде бұлшықеттер алғашқы бастау алған жерлерінде қалып қоюы мүмкін. Мұндай бұлшықеттер аутохтонды деп аталады. Кей бұлшықеттер орналасқан жерін ауыстыруы мүмкін, мысалы, тұлғаның вентралды бетінен дорсалды бетіне, тұлғадан қол-аяққа (трункофугалды бұлшықеттер). Қол-аяқта түзіліп, кейін тұлғаға көтерілетін бұлшықеттер трункопеталды деп аталады.

Пішіні бойынша бұлшықеттер қарапайым және күрделі деп бөлінеді. Қарапайым бұлшықеттерге ұзын, қысқа және жалпак бұлшықеттер жатады. Олардың пішіні ұршық тәрізді немесе тік бұрышты болуы мүмкін. Ал күрделіге көпбасты (екібасты,

үшбасты, төртбасты), көпсіңірлі, қос қарыншалы бұлшықеттер жатады. Белгілі геометриялық пішінді бұлшықеттер де күрделіге жатады — жұмыр, шаршы, дельта тәрізді, трапеция тәрізді, ромб тәрізді т.с.с.

Қызметі бойынша бүккіштер мен жазғыштарды; әкелетін және әкететін бұлшықеттерді; айналдыратындарды (ротаторлар); сфинктерлерді (қысқыштар) және диятаторларды (кеніткіштер) ажыратады. Айналдыратын бұлшықеттер айналдыру бағытына қарай пронаторлар және супинаторлар немесе ішке және сыртқа айналдыратын бұлшықеттер деп бөлінеді.

Бұдан басқа бұлшықеттерді қызметі бойынша синергистерге және антагонистерге бөледі. Синергистер — бірдей қызмет атқаратын және бір-бірін күшейтетін бұлшықеттер. Мысалы, санның қысқа, ұзын және үлкен әкелетін бұлшықеттері әсер етеді. Дәрігерлік практика үшін синергистер топтарын облигатты (негізгі) және факультативті (қосымша) деп бөледі. Антагонисттер — бұлар қарама-қарсы қызмет атқаратын, яғни бір-біріне қарсы қозғалыс жасайтын бұлшықеттер. Мысалы, иықтың екібасты бұлшықеті білек буынын бүгеді, ал үшбасты бұлшықет жазады.

Анатомиялық-топографиялық жағдайы бойынша беткей және терең, сыртқы және ішкі, медиалды және латералды бұлшықеттерді ажыратады.

Бұлшықет талшықтарының бағыты бойынша бұлшықет талшықтары параллель, қиғаш, дөңгелек және көлденең орналасқан бұлшықеттерді ажыратады. Бір қауырсынды және екі қауырсынды бұлшықеттерді де қиғаш бұлшықеттерге жатқызады.

Буындарға қатысына байланысты бір буынды (бір буынға ғана әсер етеді), екі буынды және көп буынды бұлшықеттерді ажыратады. Екі буынды және көп буынды бұлшықеттер қанқаның бекіп тұрған бөлігін ғана емес, қол-аяқтың немесе тұлға бөлігінің жағдайын өзгертетіндіктен күрделі қызметімен ерекшеленеді.

БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ ОРНАЛАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

1. Дене құрылысының екі жақты симметрия бойынша орналасуына байланысты бұлшықеттер жұп болады және екі симметриялық жартыдан тұрады (мысалы, *m. trapezius*).
2. Құрылысы сегментті болып келетін тұлғаның көптеген бұлшықеттері (кабырға аралық бұлшықеттер, омыртқалардың қысқа бұлшықеттері) сегменттілігін немесе метамерияны сақтайды (іштің тік бұлшықеті). Іштің жалпак бұлшықеттері сүйектік сегменттер — кабырғалардың редукцияға ұшырауынан сегменттік кабырға аралықтан тұтас пласталарға бірігеді.
3. Бұлшықет қозғалысы екі нүкте (*punctum fixum et punctum mobile*) арасындағы қысқа жол болатындықтан тік сызық бойынша жүзеге асырылса, бұлшықеттердің өздері осы нүктелер арасындағы қысқа қашықтықта орналасады. Сондықтан, бұлшықеттердің беку нүктесін және бұлшықет жиырылған кезде қозғалмалы нүкте қозғалыссыз нүктеге жақындайтынын біле отырып, алдын-ала сол бұлшықет қозғалысының қай жаққа болатыны және оның қызметін анықтауға болады.
4. Бұлшықеттер буындардың үстінен өтіп, айналу білігіне нақты әсер етеді, бұл бұлшықет қызметімен негізделеді.
5. Бұлшықеттер әдетте өздерінің талшықтарымен немесе олардың тең әсерлі күші қозғалыс жасайтын буын білігіне шамамен тік бұрыш жасап қиылысады. Егер бұлшықет фронталды білікті бір білікті буынға (шығыршық тәрізді) вертикалды жатса, яғни, білікке перпендикулярлы және оның бүккіші жағында орналасса онда ол бүгеді, *flexio* (қозғалатын звенолар арасындағы бұрыштың азаюы). Ал бұлшықет вертикалды, бірақ жазатын жағында орналасса, онда ол жазады, *extensio* (толық жазған кезде бұрыш 180° дейін үлкейеді).

6. Буында басқа горизонталды білік (сагитталды) болған жағдайда екі антагонист-бұлшықеттің тең әсерлі күші буынның екі жағынан сагитталды білікпен қиылысып, бірдей орналасуы керек (мысалы, кәрі жілік-білезік буынында). Бұл кезде бұлшықеттер немесе олардың тең әсерлі күші сагитталды білікке перпендикуляр және одан медиалды жатса олар орта сызыққа әкеледі, *adductio*, ал егер латералды орналасса, әкетеді, *abductio*. Буында тағы да вертикалды білік болса, бұлшықеттер оларды перпендикуляр немесе қиғаш қиып өтіп, айналдырады, *rotatio*: ішке (кол-аяқта — *pronatio*) және сыртқа (кол-аяқта — *supinatio*). Сөйтіп, сол буында қанша айналу білігі бар екенін біле отырып бұлшықеттердің қызметі мен буын айналасында орналасуын айтуға болады. Бұлшықеттердің айналу білігіне сәйкес орналасуын білудің практикалық маңызы зор. Мысалы, фронталды біліктің айналасында орналасқан бүккіш бұлшықетті артқа аударса онда ол жазғыш сияқты әсер етеді, бұл салданған бұлшықеттің қызметін қалпына келтіру үшін сіңірді ауыстырып отырғызғанда қолданылады.

БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ КӨМЕКШІ АППАРАТЫ

Қаңқалық бұлшықеттердің көмекші аппаратына шандырлар, фиброзды және сүйекті-фиброзды өзектер, синовиалды қынаптар, синовиалды қалталар, бұлшықеттік шығырлар мен дән тәрізді сүйектер жатады.

Шандыр (лат. *fascia* — дәке, таңғыш) — тері асты шелмайын шектейтін, бұлшықеттерді немесе кейбір ішкі ағзаларды жабатын және ірі қан тамыр-нерв шоғырларына қынап түзетін дәнекертінді қабық.

Құрылымы мен қызметтік ерекшеліктері бойынша беткей, терең шандырларды және ішкі ағзалардың шандырларын ажыратады. Беткей (тері асты) шандыр, *fasciae superficiales*

s. subcutaneae тері астында орналасады және қалыңдаған тері асты шелмайы болып табылады, ол сол аймақтың барлық бұлшықеттерін қаптайды, теріасты шелмайымен және терімен морфологиялық және қызметі жағынан байланысты және олармен бірге дененің эластикалық тірегіні қамтамасыз етеді.

Терең шандырлар, *fasciae profundae* синергист-бұлшықеттер тобын (яғни, бірдей қызмет атқаратын) немесе әр жеке бұлшықетті (меншікті шандыр, *fascia propria*) қаптайды. Бұлшықеттің меншікті шандыры зақымданса бұлшықет сол жерден томпайып шығып, бұлшықеттік жарық түзеді.

Бір бұлшықет тобын екіншісінен бөліп тұратын шандырлар көршілес бұлшықет топтарының арасына кіріп, сүйекке беки-тін тереңіне өсінділер, бұлшықеттік қалқалар, *septa intermuscularia* береді.

Шандырлардың құндақтық құрылысы. Беткей шандыр барлық адам денесіне өзіндік құндақ түзеді. Меншікті шандыр жеке бұлшықеттер мен ағзалар үшін құндақ түзеді. Шандырлық орындар құрылысының шандырлық принципі адам денесінің барлық бөлігіне (тұлға, бас, қол-аяқ) және іш, кеуде, жамбас қуыстарының ағзаларына тән.

Қол-аяқтың әр бөлігінде бір (иық пен санда) немесе бірнеше (білек пен сирақта) сүйектің айналасында орналасатын бірнеше құндақ болады. Қол-аяқты бойлай орналасатын шандырдан түзілетін негізгі құндақты және әр түрлі бұлшықеттер, қан тамырлар мен нервтер орналасатын екінші реттік құндақты ажыратады. Шандырлар бұлшықеттерді қоршап және оларды бір-бірінен бөле отырып, олардың жеке жиырылуына жағдай жасайды. Сонымен, шандырлар бұлшықеттерді бір-бірінен бөледі және бір-бірімен қосады.

Ағзалар жабынын және бұлшықеттердің меншікті шандырын түзетін терең шандырлар бұлшықет аралық қалқалар немесе шандырлық түйіндер арқылы сүйектерге бекиді. Осы шандырлардың қатысуымен қан тамыр-нервтік шоғырлардың қынаптары түзіледі. Олар қаңқаға жалғасқандай болып, ағзаларға, бұлшықеттерге, тамырлар мен нервтерге тірек қызметін

атқарады және шелмай мен апоневроз арасында аралық звено болып табылады, сондықтан оларды адам денесінің жұмсақ тірегі (остов) ретінде қарастыруға болады.

Қол-аяқ буындарының кейбір аймақтарында шандыр қалындап, сол жерде өтетін сіңірдің үстінен өтетін, тығыз талшықтардан тұратын сіңірлер ұстағышын (*retinaculum*) түзеді. Осы шандырлық байламдардың астынан сіңірлер өтетін *фиброзды және сүйекті-фиброзды өзектер, vaginae fibrosae tendinum*, түзіледі. Байламдар да, олардың астынан өтетін фиброзды қынаптар да сіңірлердің сүйектерден жылжып кетпеуін қамтамасыздандырып, сол бағытта ұстап тұрады, сонымен қатар сіңірлердің бүйірге жылжымауын қамтамасыздандырып, бұлшықет тартылысының нақты бағытын қамтамасыздандырады. Сіңірлердің фиброзды қынаптарда жылжуы қынап қабырғасының жұқа синовиалды қабықпен қапталуымен байланысты, бұл қабық өзек шетінің аймағында сіңірге қарай айналып, оның айналасында тұйық *синовиалды қынап, vagina synovialis tendinis*, түзеді. Синовиалды қабықтың бір бөлігі сіңірді қоршап, онымен бітісіп, висцералды жапырақша түзсе, қалған бөлігі фиброзды қынаптың ішкі жағын жауып, оның қабырғасымен бітісіп, қабырғалық, париеталды жапырақша түзеді. Висцералды жапырақшаның париеталдыға ауысатын жерінде сіңірдің айналасында синовиалды қабық қосарланып, сіңір шажырқайын, *mesotendineum*, түзеді. Оның тереңінде сіңірдің тамырлары мен нервтері жүреді, сондықтан *mesotendineum*-нің және онда орналасқан нервтер мен тамырлардың зақымдануы сіңірдің өлуіне әкеледі. Сіңір шажырқайы жұқа байламдар — *vinculo tendinis*-пен бекітіледі. Синовиалды қынап қуысында, синовиалды қабықтың висцералды және париеталды жапырақшаларының арасында болатын, сионвиаға ұқсайтын бірнеше тамшы сұйықтық сіңірдің қынаптағы қозғалысы кезінде оның үйкелісін жеңілдетеді.

Әр жерде бұлшықеттер мен сіңірлердің астында, негізінен олардың бекіген жерлеріне жақын орналасатын *синовиалды қаптардың, bursae synoviales*, маңызы осындай. Артрологияда

айтылғандай олардың кейбірі буын қуысымен қатынасады. Бұлшықет сіңірі өз бағытын өзгертетін жерлерде үстінен сіңір өтетін шығыр, *trochlea* түзіледі. Сіңір сүйек арқылы өтсе сүйекті шығыр түзіледі, сүйектің үсті шеміршекпен жабылады, ал сүйек пен сіңірдің арасында синовиалды қынаптар және шандырлық түйіндермен түзілетін фиброзды шығырлар болады. Бұлшықеттердің көмекші аппараттарына *дән тәрізді сүйектер, ossa sesamoidea*, жатады.

Олар сіңірлер тереңінде, олардың сүйекке бекіген жерлерінде, яғни, бұлшықет күшін жоғарылатып, сол арқылы оның айналу кезін жоғарылататын жерлерде орналасады.

ЖЕКЕ МИОЛОГИЯ

БАС БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

1. Шайнау бұлшықеттері бірінші желбезек (мандибулалық) доғасының туындылары (дериваттары) — *n. trigeminus* арқылы жүйкелендіріледі.

2. Ымдау бұлшықеттер екінші желбезек доғасының туындылары — *n. facialis*-пен жүйкеленеді.


3. Бас сүйек күмбезінің бұлшықеттері.

ШАЙНАУ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Әр жақтағы төрт шайнау бұлшықеттері өзара генетикалық жағынан (бір желбезек доғасы — мандибулалық доғадан пайда болады), морфологиялық жағынан (барлығы да төменгі жақ сүйекке бекіп, жиырылған кезде оны қозғалтады) және қызметі жағынан (төменгі жақ сүйектің шайнау қозғалыстарын жүзеге асырады, олардың орналасуы осы қызметтерінен туады) байланысқан.

- ✧ *Шайнау бұлшықеті, m. masseter*, бет сүйектің төменгі жиегі мен бет доғасынан басталып, *tuberositas masseterica* мен төменгі жақ сүйектің тармағының сыртқы бетіне бекиді.
- ✧ *Самай бұлшықеті, m. temporalis*, жалпақ бастамасымен бас сүйектің бүкіл самай шұқыршағы кеңістігін алып, жоғарыдан *linea temporalis*-ке жетеді. Бұлшықет шоғырлары желпуіш тәрізді түйісіп, берік сіңір түзіп, ол бет сүйек доғасы астынан өтіп, төменгі жақ сүйектің *processus coroneideus*-не бекиді.
- ✧ *Латералды қанат тәрізді бұлшықет, m. pterygoideus lateralis*, сына тәрізді сүйектің үлкен канатының төменгі беті мен қанат тәрізді өсіндіден басталып, төменгі жақ

сүйектің айдаршықты өсіндісінің мойнына, сондай-ак шыкшыт буынының капшығы мен *discus articularis*-ке бекінеді (1-сурет).



1-сурет. Шайнау бұлшықеттері

✦ *Медиалды қанат тәрізді бұлшықет, m. pterygoideus medialis*, қанат тәрізді өсіндінің *fossa pterygoidea*-нан басталып, төменгі жақ сүйек бұрышының медиалды бетінде *m. masseter*-ге симметриялы, аттас бұдырмаққа бекиді.

Қызметі. *M. masseter*, *m. temporalis* және *m. pterygoideus medialis* ауыз ашылғанда төменгі жақ сүйекті жоғары тартады,

басқаша айтқанда ауызды жабады. Екі бірдей *mm. pterygoidei laterales* бір мезгілде жиырылғанда төменгі жақ сүйек алға қарай шығады. Кері қозғалысты арттан алға қарай горизонтал жүретін *m. temporalis*-тің ең артқы талшықтары жүзеге асырады. Егер *m. pterygoideus lateralis* бір жақты жиырылса, онда төменгі жақ сүйек бүйірге, жиырылған бұлшықеттің қарама-қарсы жағына қарай ығысады. *M. temporalis* түсінікті сөз сөйлеуге де көмектеседі, сөз сөйлеген кезде төменгі жақ сүйекті белгілі бір қалыпта ұстайды.

БЕТ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Бастың бұрын бас пен мойын аймағы ішіндегі ағзаларға қатысы болған висцералды бұлшықеттері біртіндеп мойынның тері бұлшықеттеріне, ал одан жекелеген жіңішке шоғырларға саралану арқылы беттің ымдау (мимикалық) бұлшықеттеріне айналады. Теріні қозғалтатын ымдау бұлшықеттерінің онымен тығыз байланысы осымен түсіндіріледі. Бұл бұлшықеттердің құрылысы мен қызметіндегі басқа ерекшеліктерді де осыдан түсінуге болады. Мысалы, ымдау бұлшықеттері сүйекке қаңқа бұлшықеттері сияқты екі жерден бекімей, бір шетімен теріге бекиді. Осы себепті оларда шандыр болмайды және жиырылған кезде теріні қимылдатады. Олар босансығанда, тері өзінің серпімділігінен бұрынғы қалпына қайта келеді, сондықтан бұл жерде қаңқа бұлшықеттеріне қарағанда антогенистердің рөлі едәуір төмен дәрежеде болады.

Ымдау бұлшықеттері жіңішке және ұсақ бұлшықет шоғырлары болып табылады, олар ауыз, мұрын, көз және құлақ қуыстары сияқты табиғи тесіктердің айналасына топталып, олардың жабылып немесе кеңеюіне қатысады.

Қысқыштар (сфинктерлер) әдетте тесіктердің айналасында сақина түрінде, ал кеңейткіштер (дилататорлар) — радиарлы орналасады. Ымдау бұлшықеттері тесіктердің пішінін өзгертіп, теріде түрлі қатпарлар түзе отырып, адамның көңіл күйіне сәйкес келетін кескін береді. Беттің мұндай өзгерістері мимика деп аталады, бұлшықеттердің аты осыдан шыққан. Ымдау

бұлшықеттері көңіл күйді білдіруден басқа, сөйлеуге, шайнауға және т.с.с. қатысады.

Адамда жақ аппаратының қысқарып, еріндерінің түсінікті сөз сөйлеуге қатысуы ауыз айналасындағы ымдау бұлшықеттерінің ерекше дамуына әкеледі және керісінше, жануарларда жақсы дамыған құлақ бұлшықеттері адамда редукцияланып, рудименттік бұлшықеттер түрінде ғана сақталады.

ЫМДАУ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ (2, 3-суреттер)


Бас сүйек қақпағы жұқа сүйек үсті бұлшықет, *m. epicranius* пен жабылған. Оның сіңірлі дулыға немесе бас сүйек үсті апоневрозы, *galea aponeurotica (aponeurosis epicranialis)* түріндегі көлемді сіңірлі бөлігі және бұлшықетті бөлігі болады. Бұлшықетті бөлігі жеке-жеке үш бұлшықет қарыншасына бөлінеді:

- 1) алдыңғы немесе маңдай қарыншасы, *venter frontalis* — қас терісінен басталады;
- 2) артқы немесе қарақұс қарыншасы, *venter occipitalis* — *linea nuchae superior*-дан басталады;
- 3) бүйір қарыншасы құлақ қалқанына келіп, алдынан — *m. auricularis anterior*, жоғарыдан — *m. auricularis superior* және артынан — *m. auricularis posterior* — үш кішкене бұлшықетке бөлінеді.

Аталған бұлшықеттердің барлығы апоневрозға қосылып өріледі. *Galea aponeurotica* бас сүйек қақпағының ортаңғы бөлігін қаусырып, *m. epicranius*-тың орталық бөлігін құрайды.

Қызметі. Бас сүйектерінің сүйек қабығымен борпылдақ байланысқан бас сүйектік апоневроз бас терісімен тығыз бітісетіндіктен, маңдай және шүйде қарыншаларының әсерінен онымен бірге қозғала алады. Бас сүйек апоневрозы бұлшықет қарыншасымен нығайтылғанда, *venter frontalis* қасты доға тәрізді жоғары көтеріп, маңдайда көлденең қатпарлар түзіледі.


Адамның құлақ бұлшықеттерінің қалдықтары — рудименттік ағзалардың классикалық мысалы. Құлағын қимылдата алатын адамдар сирек кездеседі.



2-сурет. Ымдау бұлшықеттері. Алдынан карағандағы көрінісі

Көз айналасындағы бұлшықеттер

- ✧ Тәкаппар бұлшықет, *m. procerus* мұрынның сүйекті арқасы мен *m. nasalis* апоневрозынан басталып, маңдай бұлшықетімен қосылып, *glabella* аймағында теріде аяқталады. Аталған аймақтың терісін төмен түсіріп, мұрын қыры үстінде қатпар түзеді.
- ✧ Көздің дөңгелек бұлшықеті, *m. orbicularis oculi*, шеткі бөлігімен, *pars orbitalis*, көз ұяның сүйекті жиегінде, ал




3-сурет. Ымдау бұлшықеттері. Бүйірінен карағандағы көрінісі: 1 — *galea aponeurotica*; 2 — *venter frontalis*; 3 — *venter occipitalis*; 4 — *musculus masseter*; 5 — *musculus buccinator*; 6 — *musculus sternocleidomastoideus*; 7 — *musculus depressor anguli oris*; 8 — *musculus depressor labii inferioris*; 9 — *musculus mentalis*; 10 — *musculus orbicularis oris*; 11 — *musculus zygomaticus minor*; 12 — *musculus zygomaticus major*; 13 — *musculus levator labii superioris*; 14 — *musculus orbicularis oculi*; 15 — *musculus temporalis*

ішкі бөлігімен, *pars palpebralis*, қабақтарда орналасып, көз ұяны қоршап орналасады. Үшінші кішігірім бөлігі, *pars lacrimalis*, көз жасы қапшығы қабырғасынан пайда болып, оны кеңейтіп, жастың көз жасы өзекшелері арқылы жүруіне әсер етеді. *Pars palpebralis* қабақтарды жабады. Көз бөлігі, *pars orbitalis* қатты жиырылғанда көз сығыраяды. *M. orbicularis oculi* құрамында *pars orbitalis* астында жататын және *m. corrugator supercili*, қасты түйетін кішкене бөлігін ажыратады. Көздің бұл дөнгелек бұлшықетінің бөлігі қастарды жақындатып, мұрын қыры үстінде қас аралығында қатпар түзеді. Жиі, бұл қатпарлардан басқа мұрын қыры үстінде маңдайдың ортанғы үштен бір бөлігінде *venter frontalis* бір мезгілде әсер етуінен тағы да қысқа қатпарлар пайда болады. Қастардың мұндай қалпы адам қатты қайғырғанда, бір жері ауырғанда пайда болады.

Ауыз айналасының бұлшықеттері

- ❖ **Жоғары ерінді көтеретін бұлшықет**, *m. levator labii superioris*, жоғарғы жақ сүйектің көз асты жиегінен басталып, мұрын-ерін қатпарында аяқталады. Одан мұрын канатына баратын, *m. levator labii superioris alaeque nasi*, деп аталған шоғыр шығады. Ол жиырылғанда жоғарғы ерінді көтеріп, *sulcus nasolabialis*-ті тереңдетеді, мұрын канатын жоғары тартып, танауды кеңейтеді.
- ❖ **Кіші бет сүйек бұлшықеті**, *m. zygomaticus minor*, бет сүйегінен басталып, мұрын-ерін қатпарына барып, жиырылған кезде оны тереңдетеді.
- ❖ **Үлкен бет сүйек бұлшықеті**, *m. zygomaticus major* бет сүйектің *facies lateralis*-нен езуге, кейде жоғарғы ерінге барады. Езуді жоғары және латералды тартып, мұрын-ерін қатпарын тереңдетеді. Бұл кезде адам бетінде күлкі пайда болатындықтан, *m. zygomaticus* негізінен күлкі бұлшықеті болып табылады.
- ❖ **Күлкі бұлшықеті**, *m. risorius*, езуге баратын кішкене қолденен шоғыр, жиі болмайды. Күлген кезде ауызды керемді;



-332378-

- кейде бұлшықеттің жақ сүйек терісіне бекуінен жиырылған кезде езудің бүйір жағында шұқыр пайда болады.
- ✧ *Езуді түсіретін бұлшықет, m. depressor anguli oris*, төменгі жақ сүйектің төменгі жиегінде *tuberculum mentale*-ден латералды түрде басталып, езу мен жоғарғы еріннің терісіне бекиді. Езуді төмен тартып, мұрын-ерін қатпарын түзулейді, езу төмен түскенде бетте мұнды пішін пайда болады.
 - ✧ *Езуді көтеретін бұлшықет, m. levator anguli oris, m. levator labii superior* және *m. zygomaticus major* астында жатады, *fossa canina*-дан *foramen infraorbitale*-ден төмен басталып, езуді жоғары тартады.
 - ✧ *Төменгі ерінді түсіретін бұлшықет, m. depressor labii inferioris*, төменгі жақ сүйек жиегінен басталып, төменгі ерін терісіне бекиді. Төменгі ерінді төмен және аздап латералды тартады, бұл жек көру мимикасы кезінде байқалады.
 - ✧ *Иек бұлшықеті, m. mentalis*, төменгі күрек тістер мен ит тістің *juga alveolaria*-нан басталып, иек терісіне бекиді. Иек терісін жоғары көтереді, сол кезде онда кішкене шұқыр түзіледі және төменгі ерінді жоғары көтеріп, оны жоғары ерінге қабыстырады.
 - ✧ *Ұрт бұлшықеті, m. buccinator*, ауыз қуысының бүйір бетін құрайды. Екінші жоғарғы үлкен азу тістің деңгейінде бұлшықет қабаты арқылы шықшыт безі, *ductus parotideus* өзегі өтеді. *M. buccinator*-дың сыртқы бетін *fascia buccopharyngea* жабады, оның үстінде беттің майлы денесі жатады. Езу терісі мен шырышты қабығына бекіп, сол жерде ауыздың дөңгелек бұлшықетіне жалғасады. Езуді бүйірге тартады, бетті тіске қабыстырады, шайнау кезінде ауыз қуысының шырышты қабығын тістелуден сақтайды.
 - ✧ *Ауыздың дөңгелек бұлшықеті, m. orbicularis oris*, ауыз санылауын айнала еріннің тереңінде орналасады. *M. orbicularis oris*-тің шеткі бөлігі жиырылғанда еріндер алға қарай сүй-

ірленеді; еріннің қызыл көмкермесі астында жатқан бөлігі жиырылғанда, еріндер бір-біріне жақындап, ішке қарай тартылады. *M. orbicularis oris* ауызды айнала орналасып, қысқыш (сфинктер), яғни ауызды жабу қызметін атқарады. Ол ауыздын радиарлы бұлшықеттеріне антогонист болып табылады (*mm. levatores lab. sup. et anguli oris depressores lab. infer. et anguli oris* және т.б.).

МҰРЫН БҰЛШЫҚЕТІ

M. nasalis, нашар дамыған, кейде жоғарғы ерінді көтеретін бұлшықетпен жабылып, мұрынның шеміршекті бөлігін қысады. Оның *pars alaris*, канаттық бөлігі мұрын канатын түсіреді ал *m. depressor septi (nasi)* мұрын қалқанының шеміршекті бөлігін түсіреді.

БАСТЫҢ ШАНДЫРЛАРЫ

Жоғарыда көрсетілгендей бас сүйек қақпағын жабатын бас сүйектің апоневрозы қақпақтың бүйір бөліктерінде борпылдақ-талшықты табақша дәрежесіне дейін жұқарады. Оның астында аттас бұлшықетті жабатын және жоғарыдан *linea temporalis*-тен басталатын берік самай шандыры, *fascia temporalis* жатады. Ол төмен жағында екі табақшаға бөлініп, бет сүйек доғасына бекиді, олардың беткей табақшасы доғаның сыртқы бетіне, ал тереңі ішкі жағына бекиді. Екеуінің арасында майлы тінмен болатын кеңістік бар. *Fascia temporalis* бас сүйектің самай шұқырын сүйекті-фиброзды самай бұлшықеті орналасатын орынға айналдырып тұйықтайды. *M. masseter*-ді *fascia masseterica* жабады, ол бұлшықетті қаусырып, жоғарынан бет доғасына, төменінен — төменгі жақ сүйек жиегіне, ал артқы және алдыңғы жақтарынан оның тармақтарына бекиді. Аталған шандыр артынан және сыртынан шықшыт безі шандырмен, *fascia parotidea*, байланысып, оның айналасында қапшық түзеді. Ымдау бұлшықеттері тері астында жататындықтан, бет аймағында шандыр болмайды.

БЕТ ЖӘНЕ ШАЙНАУ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Бет және шайнау бұлшықеттері	<i>Musculi faciales et masticatores</i>	Мышцы лица и жевательные мышцы
Бас сүйек бұлшықеті	<i>M. epicranius</i>	Надчерепная мышца
Шүйде-мандай бұлшықеті	<i>M. occipitofrontalis</i>	Затылочно-лобная мышца
Мандайлық карынша	<i>Venter frontalis</i>	Лобное брюшко
Шүйделік карынша	<i>Venter occipitalis</i>	Затылочное брюшко
Самай-шеке бұлшықеті	<i>M. temporoparietalis</i>	Височно-теменная мышца
Сіңірлі дулыға (бас сүйектік апоневроз)	<i>Galea aponeurotica (aponeurosis epicranialis)</i>	Сухожильный шлем (надчерепной апоневроз)
Тәкаппарлық бұлшықеті	<i>M. procerus</i>	Мышца гордецов
Мұрын бұлшықеті	<i>M. nasalis</i>	Носовая мышца
Көлденен бөлігі	<i>Pars transversa</i>	Поперечная часть
Қанаттық бөлігі	<i>Pars alaris</i>	Крыльная часть
Мұрын калкасын түсіретін бұлшықет	<i>M. depressor septi nasi</i>	Мышца, опускающая перегородку носа
Көздің дөңгелек бұлшықеті	<i>M. orbicularis oculi</i>	Круговая мышца глаза
Қабактық бөлік	<i>Pars palpebralis</i>	Вековая часть
Көз ұялық бөлік	<i>Pars orbitalis</i>	Глазничная часть
Көз жастық бөлік	<i>Pars lacrimalis</i>	Слезная часть
Қасты түйетін бұлшықет	<i>M. corrugator supercilii</i>	Мышца, сморщивающая бровь
Қасты түсіретін бұлшықет	<i>M. depressor supercilii</i>	Мышца, опускающая бровь

Құлақтың алдыңғы бұлшықеті	<i>M. auricularis anterior</i>	Передняя ушная мышца
Құлақтың жоғарғы бұлшықеті	<i>M. auricularis superior</i>	Верхняя ушная мышца
Құлақтың артқы бұлшықеті	<i>M. auricularis posterior</i>	Задняя ушная мышца
Ауыздың дөңгелек бұлшықеті	<i>M. orbicularis oris</i>	Круговая мышца рта
Жиектік бөлік	<i>Pars marginalis</i>	Краевая часть
Еріндік бөлік	<i>Pars labialis</i>	Губная часть
Езуді түсіретін бұлшықет	<i>M. depressor anguli oris</i>	Мышца, опускающая угол рта
Иектің көлденең бұлшықеті	<i>M. transversus menti</i>	Поперечная мышца подбородка
Күлкі бұлшықеті	<i>M. risorius</i>	Мышца смеха
Бет сүйектің үлкен бұлшықеті	<i>M. zygomaticus major</i>	Большая скуловая мышца
Бет сүйектің кіші бұлшықеті	<i>M. zygomaticus minor</i>	Малая скуловая мышца
Жоғарғы ерінді көтеретін бұлшықет	<i>M. levator labii superioris</i>	Мышца, поднимающая верхнюю губу
Жоғарғы ерінді және танауды көтеретін бұлшықет	<i>M. levator labii superioris alaeque nasi</i>	Мышца, поднимающая верхнюю губу и крыло носа
Төменгі ерінді түсіретін бұлшықет	<i>M. depressor labii inferioris</i>	Мышца, опускающая нижнюю губу
Езуді көтеретін бұлшықет	<i>M. levator anguli oris</i>	Мышца, поднимающая угол рта
Ұрт бұлшықеті	<i>M. buccinator</i>	Щечная мышца
Иек бұлшықеті	<i>M. mentalis</i>	Подбородочная мышца
Шайнау бұлшықеті	<i>M. masseter</i>	Жевательная мышца
Беткей бөлік	<i>Pars superficialis</i>	Поверхностная часть

Терең бөлік	<i>Pars profunda</i>	Глубокая часть
Самай бұлшыкеті	<i>M. temporalis</i>	Височная мышца
Латералды канат тәрізді бұлшыкет	<i>M. pterigoideus lateralis</i>	Латеральная крыловидная мышца
Медиалды канат тәрізді бұлшыкет	<i>M. pterigoideus medialis</i>	Медиальная крыловидная мышца
Ұрт-жұтқыншак шандыры	<i>Fascia buccopharyngea</i>	Щечно-глоточная фасция
Шайнау шандыры	<i>Fascia masseterica</i>	Жевательная фасция
Шықшыт безінің шандыры	<i>Fascia parotidea</i>	Фасция околоушной железы
Самай шандыры	<i>Fascia temporalis</i>	Височная фасция
Беткей табакша	<i>Lam. superficialis</i>	Поверхностная пластинка
Терең табакша	<i>Lam. profunda</i>	Глубокая пластинка
Тіл бұлшыкеттері	<i>Musculi linguae</i>	Мышцы языка
Иек-тіл бұлшыкеті	<i>M. genioglossus</i>	Подбородочно-язычная мышца
Тіл асты-тіл бұлшыкеті	<i>M. hyoglossus</i>	Подъязычно-язычная мышца
Шеміршек-тіл бұлшыкеті	<i>M. chondroglossus</i>	Хрящезычная мышца
Біз-тіл бұлшыкеті	<i>M. styloglossus</i>	Шилоязычная мышца
Жоғарғы бойлық бұлшыкет	<i>M. longitudinalis superior</i>	Верхняя продольная мышца
Төменгі бойлық бұлшыкет	<i>M. longitudinalis inferior</i>	Нижняя продольная мышца
Тілдің көлденен бұлшыкеті	<i>M. transversus linguae</i>	Поперечная мышца языка
Тілдің вертикалды бұлшыкеті	<i>M. verticalis linguae</i>	Вертикальная мышца языка

Таңдай бұлшықеттері	<i>Musculi palati</i>	Мышцы нёба
Таңдай пердесін көтеретін бұлшықет	<i>M. levator veli palatini</i>	Мышца, поднимающая нёбную занавеску
Таңдай пердесін керетін бұлшықет	<i>M. tensor veli palatini</i>	Мышца, напрягающая нёбную занавеску
Тілшік бұлшықеті	<i>M. uvulae</i>	Мышца язычка
Таңдай-тіл бұлшықеті	<i>M. palatoglossus</i>	Нёбно-язычная мышца
Таңдай-жұтқыншак бұлшықеті	<i>M. palatopharyngeus</i>	Нёбно-глоточная мышца

МОЙЫН БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Мойын бұлшықеттері құрамына әр текті бұлшықеттер кіреді.

❖ Желбезек доғаларының туындылары дериваттары:

а) бірінші желбезек доғасының туындылары — *m. thyrohyoideus, venter anterior m. digastrici*;

ә) екінші желбезек доғасының туындылары — *m. stylohyoideus, venter posterior m. digastrici, platisma*;

б) калқан желбезек доғаларының туындылары — *m. sternocleidomastoideus*.

❖ Мойынның аутохтонды бұлшықеттері:

а) алдыңғы: *m. sternohyoideus, m. thyrohyoideus, m. omohyoideus және m. geniohyoideus*;

ә) бүйір бұлшықеттер: *m. scaleni anterior, medius et posterior*;

б) омыртқа алды бұлшықеттер: *m. longus colli, m. longus capitis және m. rectus capitis anterior, m. rectus capitis lateralis*.

Мойынның аутохтонды бұлшықеттері вентралды бұлшықеттердің алдыңғы тобы болып табылады, оның таралуына екі

манызды жағдай әсер етті: қабырғалар мен дене қуысының редукциясы.

Нәтижесінде адамда мойынның аутохтонды бұлшықеттерінің бір бөлігі жоғалып, тек сатылы, омыртқа алды және *m. geniohyoideus* сақталып қалған. Олар дамуына байланысты мойын-жұлын нервтерінің алдыңғы тармақтарымен нервтенеді. Тіл асты сүйегінен төмен орналасқан бұлшықеттер тіл асты аппаратымен байланысқан, олар *ansa cervicalis*-пен нервтенеді.

Мойын бұлшықеттері орналасуы (топографиясы) бойынша келесі топтарға бөлінеді.

- ✧ *Беткей бұлшықеттер (m. platisma, m. sternocleidomastoideus).*
- ✧ *Ортаңғы бұлшықеттер немесе тіл асты сүйегінің бұлшықеттері:*
 - а) одан жоғары жататын бұлшықеттер (*mm. mylohyoideus, digastricus, stylohyoideus, geniohyoideus*);
 - ә) одан төмен орналасқан бұлшықеттер (*mm. sternohyoideus, sternothyroideus, thyrohoideus, omohyoideus*).
- ✧ *Терең бұлшықеттер:*
 - а) қабырғаларға бекитін бүйір бұлшықеттер (*mm. scaleni anterior, mediae et posterior*);
 - ә) омыртқа алды (*m. longus colli, m. longus capitis, m. rectus capitis anterior et lateralis*).

Мойынның беткей бұлшықеттері

- ✧ *Мойынның тері асты бұлшықеті, m. platisma*, жұқа табакша түрінде тері астындағы шандырда жатады. Ол ІІ қабырға деңгейінде *fascia pectoralis et deltoidea*-дан басталып, төменгі жақ сүйектің жиегіне және *fascia parotidea et fascia masseterica*-ға бекіп, бір бөлігі ауыз бұлшықетіне жетеді.

Қызметі. Мойын терісін тартып, тері асты көктамырларын қысылып қалудан сақтайды; езуді төмен тартады.

- ✧ *Төс-бұғана-емізік бұлшықеті, m. sternocleidomastoideus*, алдыңғы бұлшықеттің астында орналасып, одан мойын шандыры арқылы бөлінеді. Ол төс сабынан және бұғана-

ның төстік ұшынан басталып, емізік тәрізді өсіндіге және қарақұстың *linea nuchae superior*-ына бекиді. Пайда болу тегі жағынан бұлшықет *m. trapezius*-тің бір бөлігі болып табылады, сондықтан жүйкелену көздері бірдей.

Қызметі. Бір жақты жиырылғанда омыртқа бағанасының мойын бөлігін өз жағына қарай иеді; сонымен бір мезгілде басты көтеріп, бетті қарама-қарсы жаққа қарай бұрады. Екі жақты жиырылғанда басты тік қалыпта ұстап тұрады, сондықтан бұлшықеттің өзі және оның бекіген жері (*processus mastoideus*) тік жүруге байланысты адамда күшті дамыған. Екі жақты жиырылғанда омыртқа бағанасының мойын бөлігі иіп, бір мезгілде бет жоғары көтеріледі. Басты қозғалтпай ұстағанда тыныс алу кезінде кеуде қуысы көтеріледі (қосалқы тыныс алу бұлшықеті).

Мойынның ортаңғы бұлшықеттері

Тіл асты сүйегінен жоғары жататын бұлшықеттер — желбезек доғаларының туындылары, төменгі жақ сүйек пен тіл асты сүйегі арасында орналасады.

✧ **Жақ-тіл асты бұлшықеті**, *m. mylohyoideus*, төменгі жақ сүйектің *linea mylohyoidea*-сынан басталып, иектің ішкі жағынан тіл асты сүйегінің денесінің орта тұсында *mm. mylohyoidea* арасындағы шекара бойымен созылып жатқан сінірлі жік, *raphe* түзіп аяқталады. Бұлшықеттің артқы бөлігі тіл асты сүйегінің денесіне бекиді. Екі *mm. mylohyoidei* ауыз қуысын төменгі жағынан тұйықтайтын ауыздың бұлшықетті түбін, *diaphragma oris* түзеді.

✧ **Қос қарыншалы бұлшықет**, *m. digastricus*, дөңгелек аралық сінірмен қосылған екі қарыншадан тұрады. Алдыңғы қарынша, *venter anterior* төменгі жақ сүйектің *fossa digastrica*-нан басталып, тіл асты сүйегіне барады. Артқы қарынша, *venter posterior* самай сүйегінің *incisura mastoidea*-нан басталып, сол сінір арқылы алдыңғы қарыншамен байланысады. Дөңгелек аралық сінір тіл асты сүйегінің денесі мен үлкен мүйізіне бекиді.

- ✧ **Біз-тіл асты бұлшықеті**, *m. stylohyoideus*, самай сүйегінің *processus styloideus*-нен басталып, тіл асты сүйегінің денесіне бекиді. Тұлғаның алдыңғы бойлық бұлшықетінің туындысы.
- ✧ **Иек-тіл асты бұлшықеті**, *m. geniodeus* жік, *raphe*-нің бүйір жағынан *m. mylohyoideus* үстінде жатады, төменгі жақ сүйектің *spina mentalis*-нен тіл асты сүйегінің денесіне дейін созылып жатады.

Қызметі. Бұл сипатталған төрт бұлшықет тіл асты сүйегін жоғары көтереді. Ол қозғалмаған кезде, үш бұлшықет (*mm. mylohyoideus, geniohyoideus, digastricus*) төменгі жақ сүйекті түсіріп, шайнау бұлшықеттерінің антогонистері болып табылады. Тіл асты сүйегін одан төмен орналасқан бұлшықеттер ұстап тұрады (*mm. sternohyoideus omohyoideus* және т.б.). Осы үш бұлшықет, әсіресе, *m. mylohyoideus*, жұту актісі кезінде жиырылғанда тілді көтеріп, таңдайға жабыстырады, нәтижесінде тамақ түйірі жұтқыншаққа итеріледі.

Тіл асты сүйегінен жоғары орналасқан бұлшықеттер төменгі жақ сүйек, тіл асты сүйегі, көмей, кеңірдекті қамтитын және түсінікті сөз сөйлеуде үлкен рөл атқаратын күрделі аппаратқа жатады. Адам эволюциясының барысында бұл бұлшықеттерде, біріншіден, жақ сүйектердің ұстап-жұлу қызметінің қолға ауысуына қарай азаюына, екіншіден, артикуляциялық қозғалыстардың пайда болуына байланысты морфологиялық өзгерістер болды. Сондықтан неандерталь адамы мен қазіргі кездегі адамдардың бас сүйегін салыстырғанда тиісті бұлшықеттердің бекітін жерлерінің келесі өзгерістерін көруге болады:

- ✧ *M. digastricus*-тың артқы қарыншасы бекітін жер неандерталь адамында жалпак, ал қазіргі адамда тереңдеген.
- ✧ Сол бұлшықеттің алдыңғы қарыншасының бекітін жері — *fossa digastrica* қазіргі кездегі адамда медиалды орын ауыстыра жылжыған.
- ✧ *M. mylohyoideus* бекітін — *linea mylohyoidea* айқын білінеді әрі төмен түседі, соның себебінен ауыз көкөті қазіргі кездегі адамда төмендеу тұрады.

- ✧ *M. geniohyoideus* бекитін жер — *spina mentalis* — неандерталь адамында жоққа тән, ол тек қазіргі кездегі адамда пайда болады, сонымен қатар, онда иек бұдыры пайда болады. Сүйектегі бұл өзгерістердің барлығы адамға тән түсінікті сөз сөйлеуге қатысатын аталған бұлшықеттердің дамуына байланысты.

Тіл асты сүйегінен төмен жатқан бұлшықеттер — тұлғаның алдыңғы бойлық бұлшықетінің туындылары ортаңғы сызықтың екі жағында тері астында, көмей мен кеңірдектің алдыңғы жағында орналасып, тіл асты сүйегі мен төстің арасында созылып жатады, тек *m. omohyoideus* жауырынға барады және шығу тегі жағынан тұлғадан иық белдеуіне ауысқан бұлшықет (трункофугалды) болып табылады (4-сурет).

- ✧ **Төс-тіл асты бұлшықеті**, *m. sternohyoideus* төс сабының артқы бетінен, төс-бұғана буыны мен бұғананың төстік ұшынан басталып, жоғары қарай бағыттталып, тіл асты сүйегінің төменгі жиегіне бекиді. *Mm. sternohyoidei*-дың медиалды жиектерінің арасында шандырмен жабылған, вертикалды орналасқан мойынның ақ сызығы жатады.

Қызметі. Тіл асты сүйегін төмен тартады.


- ✧ **Төс-қалқанша бұлшықеті**, *m. sternothyroideus*, алдыңғы бұлшықеттің астында жатады. Ол төс сабының артқы беті мен I қабырға шеміршегінен басталып, қалқанша тәрізді шеміршектің (оның *linea obliqua*) бүйір бетіне бекиді.

Қызметі. Көмейді төмен түсіреді.

- ✧ **Қалқанша-тіл асты бұлшықеті**, *m. thyrohyoideus*, алдыңғы бұлшықеттің жалғасы сияқты, қалқанша шеміршектің *linea obliqua*-нан тіл асты сүйегінің денесі мен үлкен мүйізіне қарай бағытталады.

Қызметі. Тіл асты сүйегі қозғалмай тұрғанда көмейді жоғары көтереді.

- ✧ **Жауырын-тіл асты бұлшықеті**, *m. omohyoideus*, екі қарыншадан тұрады. Төменгі қарыншасы *incisura scapulae*-ден медиалды басталып, төс-бұғана-еміздік тәрізді бұлшықеттің астына келіп, сол жерде аралық сіңір арқылы



4-сурет. Мойын бұлшықеттері. Ортаңғы қабат

тіл асты сүйегінің денесіне баратын жоғарғы қарыншаға жалғасады.

Қызметі. *M. omohyoideus* мойын шандырының қабатында жатады да, жиырылғанда оны керіп, шандыр астындағы ірі көктамыр тамырларының кенеюіне жағдай жасайды. Одан басқа, бұлшықет тіл асты сүйегін төмен қарай тартады.

Мойынның терең бұлшықеттері

Бүйірлік, қабырғаларға бекитін, қабырға аралық бұлшықеттер болып табылады.

- ✧ **Алдыңғы сатылы бұлшықет**, *m. scalenus anterior*, III—VI мойын омыртқаларының көлденең өсінділерінің алдыңғы төмпешіктерінен басталып, I қабырғаның *tuberculum m. scaleni anterioris-ke sulcus a. subclaviae* алдында бекиді.
- ✧ **Ортаңғы сатылы бұлшықет**, *m. scalenus medius*, барлық мойын омыртқаларының көлденең өсінділерінің алдыңғы төмпешіктерінен басталып, I қабырғаға *sulcus a. subclaviae*-нің артқы жағына бекиді.
- ✧ **Артқы сатылы бұлшықет**, *m. scalenus posterior*, үш төменгі мойын омыртқасының артқы төмпешіктерінен басталып, II қабырғаның сыртқы бетіне бекиді.

Қызметі. *Mm. scaleni* жоғарғы қабырғаларды көтереді. Қабырғалар қозғалмай тұрғанда, екі жақты жиырылып, омыртқа бағанасының мойын бөлігін алға қарай иеді, ал бір жақты жиырылғанда оны иіп, өз жағына қарай бұрады.

Омыртқа алды бұлшықеттері

- ✧ **Мойынның ұзын бұлшықеттері**, *m. longus colli*, омыртқа бағанасының алдыңғы бетінде екі жағынан барлық мойын және үш кеуде омыртқаларының бойында жататын үшбұрыш тәрізді.
- ✧ **Бастың ұзын бұлшықеті**, *m. longus capitis*, алдыңғы бұлшықеттің жоғарғы бөлігін жауып тұрады. III—VI мойын омыртқаларының көлденең өсінділерінен басталып, шүйде сүйегінің *pars basilaric*-не бекиді.

❖ *Бастың алдыңғы және бүйір тік бұлшықеттері* — атланттың латералды массасы (алдыңғы) мен көлденен өсіндісінен (бүйір) шүйдеге қарай созылып жатады.

Қызметі. *M. restus anterior* және *m. longus capitis* басты алға иеді. *M. longus colli* екі жағында барлық талшықтарымен жиырылып, омыртқа бағанасының мойын бөлігін иеді, бір жақты жиырылғанда оны өз жағына иеді; қиғаш шоғырлар басты бұруға, бір жағына июге қатысады; оған *m. rectus capitis lateralis* көмектеседі.

Мойынның топографиясы

Мойынды, *cervix* артқы, латералды, төс-бұғана-емізік бұлшықет аймағы және алдыңғы аймақ деп төрт аймаққа бөлінеді.

Артқы аймақ, *regio cervicalis posterior* — *m. trapezius*-тың сыртқы жиегінің артында орналасқан, желке немесе шүйде *nucha* болып табылады.

Латералды аймақ, *regio cervicalis lateralis (trigonum coli laterale)* — *m. sternocleidomastoideus*-тың артында жатады және оны алдыңғы жағынан аталған бұлшықет, төменгі жағынан бұғана және арт жағынан *m. trapezius* шектейді.

Regio sternocleidomastoidea осы бұлшықеттердің проекциясына сәйкес келеді.

Алдыңғы аймақ, *regio cervicalis anterior* — *m. sternocleidomastoideus* алдында жатады, артқы жағынан аталған бұлшықетпен, алдынан мойынның ортаңғы сызығымен және жоғарғы жағынан төменгі жақ сүйектің жиегімен шектелген. Төменгі жақ сүйек бұрышы артындағы және емізік тәрізді өсінді алдындағы кішкентай аймақ — *fossa retromandibularis* деп аталады. Онда шықшыт безі, нервтер мен тамырлар орналасады.

Алдыңғы және латералды аймақтар қиғаш, жоғарыдан төмен және артқа қарай өтетін және *m. sternocleidomastoideus*-ті қиып өтетін *m. omohyoideus* арқылы бірнеше үшбұрыштарға бөлінеді.

Regio cervicalis lateralis аймағында екі үшбұрышты ажыратады:

- 1) *trigonum omoclaviculare*, — *m. sternocleidomastoideus* (алдынан), *m. omohyoideus*-тың төменгі қарыншасы (жоғарыдан) және бұғана (төменінен) шектейді;
- 2) *trigonum omotrapezoideum* — *m. omohyoideus*-тың төменгі қарыншасы, *m. trapezius* және *m. sternocleidomastoideus* шектейді.

Regio cervicalis anterior аймағында үшбұрышты бөледі:

- 1) *trigonum caroticum* (онда *a. carotis* өтеді) — *m. sternocleidomastoideus* (артынан), *m. digastricus*-тың артқы қарыншасы (алдынан және жоғарыдан) және *m. omohyoideus*-тың жоғарғы қарыншасы (алдынан және төменінен) шектейді;
- 2) *trigonum submandibulare* (онда жақ асты безі жатады) — *mandibulae*-ның төменгі жиегімен (жоғарынан) және *m. digastricus*-тың екі қарыншасымен түзілген. Онда практикалық мақсатта *m. mylohyoideus*-тың артқы жиегі (алдынан), *m. digastricus*-тың артқы қарыншасы және *n. hypoglossus* (жоғарыдан) шектейтін Пирогов үшбұрышын ажыратады. Онда *a. lingualis* өтеді;
- 3) *trigonum omotracheale*-ні түзетіндер: *m. omohyoideus*-тың жоғарғы қарыншасы, мойынның ортаңғы сызығы және *m. sternocleidomastoideus*.

Сатылы бұлшықеттердің арасында үшбұрышты санылаулар немесе кеңістіктер бар, олар арқылы қолдың нервтері мен тамырлары өтеді.

Mm. scaleni anterior et medius арасында төменгі жағынан I қабырғамен шектелген *spatium interscalenum* бар, бұл жерден бұғана асты артериясы мен иықтың нервтік түйіні өтеді.

M. scalenus anterior-да алдыңғы жағынан *mm. sternothyroideus* пен *sternohyoideus* арқылы жабылған *spatium antescalenum* жатады (онда бұғана асты көктамыры, *a. suprascapularis* және *m. omohyoideus* өтеді).

МОЙЫН ШАНДЫРЛАРЫ

Мойын шандырлары мойын аймағында орналасқан ағзалардың топографиясын көрсетеді. Сондықтан топографиялық анатомия оқулықтарында хирургиялық мақсат үшін ең қолайлы шандырлардың В.Н. Шевкуненко бойынша сипаттамасы беріледі, ол 5 шандыр жапырақшаларын бөліп көрсетеді.

Бірінші шандыр — *беткей мойын шандыры*, *fascia colli superficialis*, дененің жалпы беткі (тері асты) шандырының бөлігі болып табылады және бірден үзіліссіз көрші аймақтарға ауысады. Дененің басқа бөліктерінің тері асты шандырынан оның айырмашылығы: онда тері асты бұлшықеті (*m. platysma*) жататындықтан, оған *perimysium* құрайды.

Екінші шандыр — *мойынның меншікті шандырының беткей жапырақшасы*, *lamina superficialis fascia colli propriae*, жаға тәрізді бүкіл мойынды қусырып, тіл асты сүйегінен жоғары және төменгі бұлшықеттерді, сілекей бездерін, тамырлар мен нервтерді жауып жатады. Ол жоғарыда төменгі жақ сүйек пен *processus mastoideus*-ке бекіп, бетте шықшыт безі мен шайнау бұлшықетін жауып тұратын *fascia parotidea et masseterica*-ға ауысады. Төменгі жағында беттің меншікті шандырының беткей жапырақшасы *manubrium sterni*-дің алдыңғы жиегі мен бұғанаға бекиді. Ол алдыңғы жағынан, ортаңғы сызық бойымен, мойынның меншікті шандырының терең жапырақшасымен бітісе-өсіп, мойынның ақ сызығын түзеді (ені 2—3 мм). Беткей жапырақша мойынның әр жартысында ақ сызықтан артқы мойын омыртқаларының қылқанды өсінділеріне қарай жүреді. Өз жолында *m. sternocleidomastoideus et trapezius*-пен кездесіп, екіге бөлініп, оларды екі жағынан қаусырып, қайтадан тұтасып, осы бұлшықеттердің әрқайсысы үшін жеке шандырлықынап түзеді. Ол мойынның меншікті шандырының беткей жапырақшасы көлденең өсінділердің үстінен өтетін жерде соларға бекиді; одан бүкіл шандырлықы кеністікті екі: алдыңғы және артқы бөлікке бөлетін, фронталды орналасатын табакша түрінде шандырлықы мүйізше шығады. Бұл бөліну нәтижесінде

кейбір ірінді үдерістер шандырлы кеңістіктің екі бөлігінде бір-біріне байланыссыз жүреді.

Үшінші шандыр — *мойынның меншікті шандырының терең жапырақшасы*, *lamina profunda fascia colli propriae*, тек мойынның ортаңғы бөлігінде ғана *m. sternocleidomastoideus* артында білінеді, ол жерде жоғарыдан тіл асты сүйегі, бүйірлерінен екі *mm. omohyoidei* және төменінен бұғана мен төс шектейтін үшбұрышты кеңістікте трапеция түрінде керілген. Мойынның меншікті шандырының терең жапырақшасы төменде төс сабы мен бұғаналардың артқы жиегіне, ал беткей жапырақша олардың алдыңғы жиегіне бекітіндіктен, мойынның меншікті шандырының беткей және терең жапырақшалары арасында саңылау тәрізді кеңістік, *spatium interaponeuroticum suprasternale*, түзіледі, ол жерде борпылдақ шелмай мен мойынның беткей көктамырлық доғасы, *arcus venosus juguli*, жатады, бұлардың зақымдануы өте қауіпті. Бұл кеңістік бүйірінен *recessus lateralis*-пен *m. sternocleidomastoideus*-тың төменгі шетінің артында ірін ағып келуі мүмкін тұйық қалтамен жалғасады. Терең жапырақша екіге бөлініп, қайта бітісіп, тіл асты сүйегінен төмен жатқан бұлшықеттер (*mm. sternohyoideus, sternothyroideus et thyroideus*) үшін шандырлы қынаптар түзеді. Ол аталған бұлшықеттерді тығыз дәнекер тінді бұлшықет табакшасына біріктіреді және олар үшін апоневроз, *aponeurosis omoclavicularis* болып табылады. Бұл апоневроз *mm. omohyoidei* жиырылғанда керіліп, ол арқылы өтетін және онымен тұтасып кететін мойын көктамырлары арқылы көктамыр қаны ағып кетуіне жағдай жасайды. Бұл керілу және үшбұрышты пішін апоневрозды бейнелі түрде мойын желкені деп атауға негіз болды.

Төртінші шандыр — *мойынның ішкі шандыры*, *fascia endocervicalis* — мойын ішіндегі ағзаларды (көмей, кеңірдек, қалқанша без, жұтқыншақ, өнеш және ірі тамырлар) қаусырып жатады. Ол екі жапырақшадан тұрады: висцералды жапырақша аталған ағзалардың әрқайсын қаусырып, олар үшін қапшық түзеді; париеталды жапырақша осы ағзалардың барлығын қоса

қаусырып, маңызды тамырлар — *a. carotis communis et v. jugularis interna* үшін қынап түзеді.

Fascia endocervicalis-тің париеталды және висцералды жапырақшалары арасындағы кеңістік ішіндегі ағзалардың алдында орналасқан, сондықтан *spatium previscerale* деп, атап айтқанда кеңірдек алдындағысы *spatium pretracheale* деп аталады. Соңғының құрамында шелмай мен лимфа түйіндерінен басқа қалқанша без мойнағы мен қантамырлар (*a. thyroidea ima et plexus thyroideus impar*) болады, бұларды трахеотомия кезінде жарақаттап алмау жағын ескеру керек. *Spatium pretracheale* алдыңғы көкірек аралыққа жалғасады. Париеталды жапырақша мойын ішіндегі ағзаларды қаусырып, олардың алдыңғы және бүйір жақтарында, тіл асты сүйегінен төмен орналасқан бұлшықеттердің (*mm. sternohyoidei, sternothyroidei, thyrohyoidei et omohyoidei*) артында жатады.

Бесінші шандыр — **омыртқа алды**, *fascia prevertebralis* — омыртқа бағанасының алдыңғы жағынан омыртқа алды және сатылы бұлшықеттерді жауып, омыртқалардың көлденең өсінділерімен бітісіп, аталған бұлшықеттер үшін қынаптар түзеді.

Жоғары жағында омыртқа алды шандыр жұтқыншақтың артында бас сүйек негізінен басталып, мойын арқылы төмен түсіп, артқы көкірек аралыққа, *fascia endothoracica*-мен бітісіп кетеді.

Төртінші мен бесінші шандырлардың арасында, жұтқыншақ пен өнештің артында борпылдақ шелмаймен түзілген тарсаңылау — *spatium retropharyngeae* жатады, ол төмен қарай созылып артқы көкірек аралыққа жалғасып кетеді.

Сипатталған 5 шандырдың шығу тектері әр түрлі: біреулері — редукцияланған бұлшықеттер (бірінші шандыр — *perimysium, m. platysma* және үшінші шандыр — редукцияланған *m. cleidohyoideus*), екіншілері ағзаларды қоршап тұрған шелмайдың тығыздалған өнімі болып табылады (төртінші шандырдың париеталды және висцералды жапырақшалары), ал үшіншілерінің шығу тегі кәдімгі шандыр шығу тегіндей (екінші және бесінші шандырлар).

Париж анатомиялық номенклатурасына сәйкес барлық мойын шандырлары *fascia cervicalis* деген атпен біріктіріліп, 3 табақшаға бөлінеді.

- ✧ Беткей табақша, *lamina superficialis* — бірінші шандырға, *fascia colli superficialis*, сәйкес келеді (В.Н. Шевкуненко бойынша).
- ✧ Кеңірдек алды табақша, *lamina pretrachealis* — кеңірдек алдындағы бездерді, бұлшықеттерді және басқа түзілістерді жауып тұратындықтан осылай аталған. Ол екінші және үшінші шандырларға сәйкес келеді (В.Н. Шевкуненко бойынша).
- ✧ Омыртқа алды табақша, *lamina prevertebralis* — бесінші шандырға сәйкес келеді (И.Н. Шевкуненко бойынша).

Төртінші шандыр *fascia endocervicalis*, PNA бойынша сипатталмайды. Мойын шандырлары дәнекер тінді тәждер арқылы көктамыр тамырлары қабырғаларымен мықтап байланысып, көктамыр қаны ағып кетуіне жағдай жасайды.

МОЙЫН БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Мойын бұлшықеттері	<i>Musculi colli</i>	Мышцы шеи
Мойынның тері астындағы бұлшықеті	<i>Platysma</i>	Подкожная мышца шеи
Мойынның қайыс бұлшықеті	<i>M. splenius cervicis</i>	Ременная мышца шеи
Мойынның ұзын бұлшықеті	<i>M. longus colli</i>	Длинная мышца шеи
Алдыңғы сатылы бұлшықет	<i>M. scalenus anterior</i>	Передняя лестничная мышца
Ортаңғы сатылы бұлшықет	<i>M. scalenus medius</i>	Средняя лестничная мышца
Артқы сатылы бұлшықет	<i>M. scalenus posterior</i>	Задняя лестничная мышца

(Ең кіші сатылы бұлшықет)	(<i>M. scalenus minimus</i> мышца)	(Наименьшая лестничная)
Төс-бұғана-емізік бұлшықеті	<i>M. sternocleidomastoideus</i>	Грудино-ключично-сосцевидная мышца
Тіл асты сүйегінің үстіндегі бұлшықеттер	<i>Musculi suprahyoidei</i>	Надподъязычные мышцы
Қос қарыншалы бұлшықет	<i>M. digastricus</i>	Двубрюшная мышца
Алдыңғы қарынша	<i>Venter anterior</i>	Переднее брюшко
Артқы қарынша	<i>Venter posterior</i>	Заднее брюшко
Біз-тіл асты бұлшықеті	<i>M. stylohyoideus</i>	Шилоподъязычная мышца
Жақ-тіл асты бұлшықеті	<i>M. mylohyoideus</i>	Челюстно-подъязычная мышца
Иек-тіл асты бұлшықеті	<i>M. geniohyoideus</i>	Подбородочно-подъязычная мышца
Тіл асты сүйегінің астындағы бұлшықеттер	<i>Musculi infrahyoidei</i>	Подподъязычные мышцы
Төс-тіл асты бұлшықеті	<i>M. sternohyoideus</i>	Грудино-подъязычная мышца
Жауырын-тіл асты бұлшықеті	<i>M. omohyoideus</i>	Лопаточно-подъязычная мышца
Жоғарғы қарынша	<i>Venter superior</i>	Верхнее брюшко
Төменгі қарынша	<i>Venter inferior</i>	Нижнее брюшко
Төс-қалқанша бұлшықеті	<i>M. sternothyroideus</i>	Грудино-щитовидная мышца
Қалқанша-тіл асты бұлшықеті	<i>M. thyrohyoideus</i>	Щитоподъязычная мышца

(Калқанша безді көтеретін бұлшықет)	(<i>M. levator gl. thyroideae</i>)	(Мышца, поднимающая щитовидную железу)
Мойын шандыры	<i>Fascia cervicalis</i>	Шейная фасция
Беткей табакша	<i>Lam. superficialis</i>	Поверхностная пластинка
Кенірдек алды табакша	<i>Lam. pretrachealis</i>	Предтрахеальная пластинка
Омыртка алды табакша	<i>Lam. prevertebralis</i>	Предпозвоночная пластинка
Ұйқы қынабы	<i>Vag. carotica</i>	Сонное влагалище
Жұтқыншақтың бұлшықетті қабығы	<i>Tunica muscularis pharyngis</i>	Мышечная оболочка глотки
Жұтқыншақтың жоғарғы қысқышы	<i>M. constrictor pharyngis superior</i>	Верхний констриктор глотки
Қанат-жұтқыншақ бөлігі	<i>Pars pterygopharyngea</i>	Крылоглоточная часть
Ұрт-жұтқыншақ бөлігі	<i>Pars buccopharyngea</i>	Щечно-глоточная часть
Жак-жұтқыншақ бөлігі	<i>Pars mylopharyngea</i>	Челюстно-глоточная часть
Тіл-жұтқыншақ бөлігі	<i>Pars glossopharyngea</i>	Языко-глоточная часть
Біз-жұтқыншақ бұлшықеті	<i>M. stylopharyngeus</i>	Шилоглоточная мышца
Түтік-жұтқыншақ бұлшықеті	<i>M. salpingopharyngeus</i>	Трубно-глоточная мышца
Жұтқыншақтың ортаңғы қысқышы	<i>M. constrictor pharyngis medius</i>	Средний констриктор глотки
Шеміршек-жұтқыншақ бөлігі	<i>Pars chondropharyngea</i>	Хрящеглоточная часть

Мүйіз-жұтқыншак бөлігі	<i>Pars ceratopharyngea</i>	Рожково-глоточная часть
Жұтқыншактын төменгі қысқышы	<i>M. constrictor pharyngis inferior</i>	Нижний констриктор глотки
Біз-жұтқыншак бөлігі	<i>Pars thyropharyngea</i>	Щитоглоточная часть
Жүзік-жұтқыншак бөлігі	<i>Pars cricopharyngea</i>	Перстне-глоточная часть


АРҚА БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Арқаның беткей бұлшықеттері

Иық белдеуі мен тоқпан жілікке бекитін бұлшықеттер екі қабат болып орналасады, олардың ең беткейі екі жалпак бұлшықеттен: трапеция тәрізді бұлшықеттен және арқаның аса жалпак бұлшықетінен тұрады (5-сурет).

✧ *Трапеция тәрізді бұлшықет, m. trapezius.* Ол шүйдеге дейін созылып, арқаның жоғарғы бөлігін алып жататын үшбұрыш пішінді. Трапеция тәрізді екі бұлшықетті коса алғанда трапеция фигурасы түзіледі, бұлшықеттің аты осыдан шыққан. Бұлшықет барлық кеуде омыртқаларының қылқанды өсінділерінен, *lig. nuchae* және шүйденің *linea nuchae superior*-нан басталады. Оның жоғарғы талшықтары төмен бағыттталып, бұғананың акромидалды ұшына бекиді, ортанғы талшықтар горизонталды *acromion*-ға барады, ал төменгілері жоғары, латералды бағыттталып, *spina scapulae*-ге барады.

Қызметі. Бұлшықеттің жоғарғы талшықтары иық белдеуін жоғары көтереді және жауырын, колды горизонталды сызықтан жоғары көтеріп, төменгі бұрышымен латералды бұрылады. Төменгі талшықтар жиырылғанда жауырын төмен түседі. Барлық талшықтар жиырылғанда бұлшықет иық белдеуін ортаға тартады, ал екі жақты жиырылғанда жауырындар бір-біріне жақындайды.



5-сурет. Арқаның беткей бұлшықеттері (бірінші кабат): 1 — трапеция тәрізді бұлшықет; 2 — арқаның аса жалпак бұлшықеті

❖ *Арқаның аса жалпақ бұлшықеті, m. latissimus dorsi*, арқаның барлық төменгі бөлігін алып жатады. Ол соңғы төрт (кейде бес және алты) кеуде, барлық бел және сегізкөз омыртқаларынан, сондай-ақ мықын қырқасының артқы бөлігінен, төрт тісше арқылы төменгі төрт қабырғадан басталады. Бұл тісшелер іштің сырты қиғаш бұлшықеттерінің артқы тісшелерімен алмасып отырады. Арқаның аса жалпақ бұлшықетінің талшықтары басталған жерінен жоғары және латералды бағыттталып, тоқпан жіліктің *crista tuberculi minoris* бекиді. Өзінің басталатын бөлігінде, бел аймағында екі жағының аса жалпақ арқа бұлшықеттері *fascia thoracolumbalis*-пен бітискен жалпақ апоневроз түзеді.

Қызметі. Иықты жазып, пронациялайды, көтерілген қолды түсіреді. Бұлшықет тоқпан жілік арқылы әсер етіп, иық белдеуін де сол бағытта қозғалтады. Қабырғаға бекітіндіктен, бұлшықет қол қозғалмай тұрған жағдайда кеуде қуысын кеңейтіп, тыныс алуға, сондай-ақ тұлғаны қолға жақындатуға (мысалы, канатпен жоғары өрмелегенде) көмектеседі. Маймылдар тұлғасын жоғары тартып көтере алатындықтан, денесін бұтақтан бұтаққа лақтырып жеткізе алады (қолдың көмегімен жүру — брахиация), маймылдарда арқаның аса жалпақ бұлшықетінің күшті дамуы және адамда оның едәуір сақталуы (филогенездің қалдық әсері) осыған байланысты.

❖ *Ромб тәрізді бұлшықет, m. rhomboideus*, алдыңғы бұлшықеттердің қатарына жатады, пішіні ромб тәрізді. Екі төменгі мойын және төрт жоғарғы кеуде омыртқаларынан басталып, *spina scapula*-ден төмен қарай жауырынның медиалды жиегіне бекиді (6, 7-сурет).

Қызметі. Жиырылған кезде ромб тәрізді бұлшықет жауырынды омыртқаға қарай жоғары тартады. Ол *m. serratus anterior* антогенісі ретінде онымен бірге жауырынның медиалды жиегін кеуде қуысына бекітеді.


❖ *Жауырынды көтеретін бұлшықет, m. levator scapulae*. Төрт жоғары мойын омыртқаларының көлденең өсінділерінен

басталып, төмен және латералды жүріп, жауырынның жоғарғы бұрышына бекиді.


Қызметі. Атынан көрініп тұр.

Қабырғаларға бекитін бұлшықеттер екі жұқа табакша түрінде арқаның беткей бұлшықеттерінің үшінші қабатында орналасады.

❖ *Артқы жоғарғы тісті бұлшықет, m. serratus posterior superior*, ромб тәрізді бұлшықеттің астында жатады, екі төменгі мойын және екі жоғарғы кеуде омыртқаларынан басталып, латералды төмен бағытталып, II–V қабырғаларда аяқталады.



6-сурет. Арқаның беткей бұлшықеттері (екінші қабат): 1 — жауырынды көтеретін бұлшықет; 2 — ромб тәрізді кіші бұлшықет; 3 — ромб тәрізді үлкен бұлшықет; 4 — кіші дөңгелек бұлшықет



7-сурет. Арқаның беткей бұлшықеттері (екінші қабат): 1 — қылқан үсті бұлшықеті; 2 — қылқан асты бұлшықеті; 3 — үлкен дөңгелек бұлшықет

Қызметі. Қабырғаларды көтереді.

✦ *Артқы төменгі тісті бұлшықет, m. serratus posterior inferior*, төменгі кеуде және жоғарғы бел омыртқаларының қылқанды өсінділерінен IX–XII қабырғаларға барады.

Қызметі. Төменгі қабырғаларды түсіреді.

Арқаның терең бұлшықеттері

Арқаның аутохтонды бұлшықеттері. Олар әр жағынан екі-екіден — латералды және медиалды — бұлшықет жолдарын түзеді, бұлар қабырғалардың қылқанды және көлденең өсінділері мен бұрыштары арасындағы науашықтарда жатады. Олар кан-

қаға жақын терең бөліктерінде жеке омыртқалар арасында орналасқан қысқа бұлшықеттерден тұрады (медиалды жол); ұзын бұлшықеттер (латералды жол) беткей жатады. Бұдан басқа, артқы мойын аймағында екі жолдың үстінде, *m. splenius*, жайғасады. Бұл бұлшықеттердің барлығының шығу тегі біреу — арқа бұлшықеттерінің жиыны. Ол қосмекенділерде бірнеше миомерлерден тұрады, бірақ, жорғалаушылардан бастап, арқа бұлшықеттерінің бір бөлігі ғана матемерлі құрылысын сақтап, жеке омыртқаларды байланыстырады (медиалды жол бұлшықеттері); ал бір бөлігі ұзын бұлшықеттер түзу үшін өзара қосылып-байланысады (латералды жол).


❖ *Бас пен мойынның қайыс тәрізді бұлшықеті, m. splenius capitis et cervicis*, бес төменгі мойын және алты кеуде омыртқаларының қылқанды өсінділерінен басталады; бұлшықеттің бас бөлігі, *m. splenius capitis, linea nuchae superior* мен емізік тәрізді өсіндіге, ал мойын бөлігі, *m. splenius cervicis* II—III мойын омыртқаларының көлденең өсінділеріне бекиді.

Қызметі. Бір жақты жиырылғанда басты жиырылған жаққа қарай бұрады, ал екі жақты жиырылғанда бас шалқайып, омыртқа бағанасының мойын бөлігі жазылады.

Латералды жол. Оған тән белгі — бұлшықеттердің омыртқалардың көлденең өсінділері мен қабырғаларға немесе олардың рудименттеріне бекуі.

Омыртқа бағанасын жазатын (тіктейтін) бұлшықет, m. erector spinae — сегізкөзден, бел омыртқаларының қылқанды өсінділерінен, *crista iliaca* мен *fascia thoracolumbalis*-тен басталады. Осы жерден бұлшықет шүйдеге дейін созылып, бекуіне сәйкес 3 бөлікке бөлінеді (8-сурет):

- а) қабырғаларға — *m. iliocostalis*, мықын-қабырға бұлшықеті (*n. erector spinae* — латералды бөлігі);
- ә) көлденең өсінділерге — *m. longissimus*, аса ұзын бұлшықет (*m. erector spinae*-нің ортаңғы бөлігі және *processus mastoideus* бас бөлігі);



8-сурет. Арканын терең бұлшықеттері: 1 — мықын-кабырғалық бұлшықеттер; 2 — ұзын бұлшықет; 3 — қылқанды бұлшықет

б) қылқанды өсінділерге — *m. spinalis*, қылқанды бұлшықет (*m. erector spinae* — медиалды бөлігі).

Қызметі. Екі көрші омыртқаның көлденен өсінділері арасындағы жекелеген шоғырлар да латералды жолға жатады: олар омыртқа бағанасының ең қозғалғыш бөліктері — мойын (*mm. intertransversarii posteriores cervicis*) және бел (*mm. intertransversarii medialis lumborum*) бөліктерінде айқын байқалады.

Медиалды жол. Бұл жолдың бұлшықеттері латералды жолдың астында жатады және төменде жатқан омыртқалардың көлденен өсінділерінен жоғарыда орналасқан омыртқалардың қылқанды өсінділеріне қарай бағытталған жекелеген шоғырлардан тұрады, осыдан *m. transversospinalis* деген жалпы атпен аталған. Бұлшықеттер неғұрлым беткей орналасса, соғұрлым олардың жолы тіктеу және ұзындау және олар көбірек омыртқалардан аттап өтеді. Осыған сәйкес, келесі бөліктерді ажыратады: беткей қабат — *m. semispinalis* жартылай қылқанды бұлшықет, оның шоғырлары 5–6 омыртқадан кейін бекиді, ортаңғы қабат — *mm. multifidi*, көп бөлікті бұлшықет, олардың шоғырлары 3–4 омыртқадан кейін бекиді және терен қабат — *mm rotatores*, айналдырғыштар, олар бір омыртқадан кейін немесе көрші омыртқаға бекиді. Сондай-ақ шектес омыртқалардың қылқанды өсінділерінің арасында орналасқан бұлшықет шоғырлары да, *mm. interspinales*, қылқан аралық бұлшықеттер де медиалды жолға жатады, бұлар омыртқа бағанасының ең қозғалғыш — мойын және бел бөліктерінде жақсы дамыған.

Омыртқа бағанасының ең қозғалғыш жері — оның шүйде мен буынында, *m. transversospinalis* айрықша дамыған; ол бұл жерде екі қиғаш және тік — 4 жұп бұлшықеттен тұрады; олар *m. semispinalis* және *m. longissimus* астында орналасады.

Қиғаш бұлшықеттер төменгі және жоғарғы болып бөлінеді. Жоғарғы, *m. obliquus capitis superior*, атланттың көлденен өсіндісінен *linea nuchae interior*-ға бағытталады. Төменгі бұлшықет — *m. obliquus capitis inferior* II мойын омыртқасының қылқанды өсіндісінен I мойын омыртқасының көлденен өсіндісіне қарай бағытталады. Тік бұлшықеттер үлкен және кіші болып бөлінеді. Үлкен бұлшықет, *m. rectus capitis posterior major* — II мойын омыртқасының қылқанды өсіндісінен *linea nuchae inferior* қарай келеді. Кіші бұлшықет, *m. rectus capitis posterior minor* да сол сызыққа I мойын омыртқасының *tuberculum posterius*-ынан келеді. Олар бір жақты жиырылғанда

бастың сәйкес жакқа бұрылуына, ал екі жакты жиырылғанда оның шалқаюына катысады.


Арқаның аутохтонды бұлшыкеттерінің бәрінің жинақтай алғандағы қызметі — бұл бұлшыкеттер тұлғаны жазады (тіктейді). Бұл бұлшыкеттер бір жағында сол жактағы бүккіш бұлшыкеттермен бір мезгілде жиырылғанда омыртка бағанасын және тұлғаны өз жағына қарай иеді. Аутохтонды бұлшыкеттердің қиғаш шоғырлары, *rotatores*, *multifidi*, омыртка бағанасын айналдырады. Бұлшыкеттің бас сүйекке жакын жатқан жоғарғы бөліктері бастың қимыл-қозғалыстарына катысады. Терең арқа бұлшыкеттері тыныс алу қозғалыстарына да катысады. *M. iliocostalis* қабырғаны түсіреді; ал жоғарғы бөлігі оны көтереді. *M. erector spinae* омыртка бағанасын жазылған кезде ғана емес, тұлға бүгілген кезде де жиырылып, қозғалыстың бірқалыпты болуын қамтамасыз етеді.

Mm. levatores costarum омыртка бағанасына қарай ығысқан, қабырғаларды көтеретін бұлшыкет, сыртқы қабырға аралық бұлшыкеттердің бұлшыкет шоғырларына ұқсас. Ол тек кеуде бөлігінде болады және *m. erector spinae*-ның астында орналасады. Аттарына қарай алғанда бұл бұлшыкеттердің қабырғаларды көтеруші ретіндегі әрекеті онша емес; олар негізінен омыртка бағанасын бүйір жакқа қарай июге катысады. Жүйкеленуі: *nn. intercostales*.

Оларға мойын омыртқалары қабырғалардың рудименттері, алдыңғы төмпешіктерінің арасында (*mm. intertransversarii anteriores cervicis*) және бел омыртқаларының көлденен өсінділерінің арасында (*mm. intertransversarii laterales lumborum*) бұлшыкет шоғырлары түрінде орналасқан қабырға аралық бұлшыкеттердің қалдықтары да жатады (9-сурет).

Арқа шандырлары

M. trapezius және *m. latissimus dorsi*-дың сыртқы беті жұқа беткей шандырмен жабылған, ол мойынның артқы бөлігінде едәуір қалыңдау келеді (*fascia nuchae*, желке шандыры). Бұл шандырдан басқа, арқада тереңдеу жатқан және арқаның ау



9-сурет. Арқаның терең бұлшықеттері: 1 — II мойын омыртқасының қылқанды өсіндісі; 2 — көп бөлікті бұлшықеттер; 3 — айналдыратын бұлшықеттер; 4 — XII кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісі; 5 — X кеуде омыртқасының қылқанды өсіндісі; 6 — жартылай қылқанды бұлшықеттер

тохтонды бұлшықет жиынтығының бет жағына қарай жақын жатқан бұлшықеттерден бөлетін басқа да шандыр бар (арканың терең немесе меншікті шандыры). Ол *fascia thoracolumbalis* деп аталады. Онда екі жапырақшаны ажыратады: беткей немесе артқы және терең немесе алдыңғы. Беткей жапырақша жамбастан басқа дейін созылады; медиалды жағынан ол қылқанды өсінділермен бітісіп-өседі, ал латералды жағынан кабырғаға ауысады. Терең жапырақша, *fasciae thoracolumbalis* бел омыртқалардың көлденең өсінділерінен басталып, оларға жоғарғы және төменгі жағынан бекиді. Латералды жаққа қарай бағыт алған терең жапырақша, *fasciae thoracolumbalis m. erector spinae*-нің алдыңғы бетін жауып, оның латералды жиегі бойымен жоғарғы жапырақшамен қосылысады. Сөйтіп, терең аутохтонды бұлшықеттер тұйық сүйекті-фиброзды қынапта, ал *m. erector spinae*-нің бастапқы бөлігі фиброзды қынапта жайғасады.

Тұлғаның вентралды бұлшықеттері

Қарапайым омыртқалардың вентралды бұлшықеттері дененің алдыңғы жағында үзіліссіз созылып жатады. Жоғары саатылы омыртқалыларда ол 4 аймаққа сараланады: мойын, кеуде, іш және құйрық аймақтары.

Миотомдардың вентралды өсінділерінен пайда болған тұлғаның аутохтонды бұлшықеттерінің құрылысы, жекелеген аймақтар бойынша түрліше саралануына қарамастан бір типті болып келеді. Вентралды бұлшықеттер толық дамығанда онда жиі үш қабаттан тұратын бүйір бөлігін (жалпақ бұлшықеттер) және жамбастан басқа дейін бойлай ортаңғы дәнекер тінді перденің бүйірлерінде (ақ сызық) орналасқан алдыңғы бөлігін (тік бұлшықеттер) ажыратуға болады.

Адамда бұл құрылыс типі бүйірлік жалпақ бұлшықеттері (*mm. obliqui et transversus abdominis*) және тік бұлшықеттері (*m. rectus abdominis*) бар іш аймағында жақсы байқалады; кеуде бөлімінде төстің дамуы себебінен алдыңғы (тік) бұлшықеттер

болмайды да, ал мойында олар қайта пайда болады (тіл асты сүйегіне бекитін бұлшықеттер).

Бүйір бұлшықеттер іш аймағында сегменттелмеген, бірақ кеуде аймағындағы ондай бұлшықеттерде миотомдардың *myosepta*-сы ұзына бойына орналасқан қабырғалардың болуынан айқын пішінде бірінші метамерия сақталған (*mm. intercostales*). Мойында бүйір бұлшықеттер үш сатылық бұлшықеттерге түрлене өзгерген (*mm. scaleni*). Жоғарыда айтылғандай, тік бұлшықеттерде де метамерияның іздері (сіңірлі көпіршелер) сақталады. Сонымен бірге, кей жерлерде вен-тралды бұлшықеттер учаскелері артқа қарай омыртқа бағанасының алдыңғы бетіне (омыртқа алды бұлшықеттер) немесе оның бүйір жағына (*m. quadratus lumborum*) немесе тіпті омыртқа бағанасының дорсалды бетіне ығысып, арқа бұлшықеттері құрамына енеді.

Омыртқа алды бұлшықеттер тұлғаның жоғарғы шетінде (мойында) дамыған, адамда осындай бұлшықеттер төменгі шетінде жамбастың бұлшықетті түбін түзуге жұмсалған (*m. levator ani et m. coccygeus*, спланхнологияда сипаттама беріледі). Вентралды бұлшықеттердің қатарына тағы да бір өзіндік өзгешелігі бар, тек сүтқоректілерде ғана болатын бұлшықет жатады. Бұл — көкет, ол — кеуде қуысының төменгі шетіне, құрсақ қуысымен шекараға қарай төмен түскен мойын бұлшықеттерінің туындысы. Ең ақырында, аутохтонды вен-тралды бұлшықеттердің үстінен кейбір жерлерде келімсек-бұлшықеттер — желбезек доғашықтарының дериваттары мен қол-аяқ бұлшықеттерінің бөліктері орналасады.

АРҚА БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Арқа бұлшықеттері	<i>Musculi dorsi</i>	Мышцы спины
Трапедия тәрізді бұлшықет	<i>M. trapezius</i>	Трапедиевидная мышца
Шүйденің көлденең бұлшықеті	<i>M. transversus nuchae</i>	Поперечная мышца затылка

Арканын аса жалпак бұлшыкеті	<i>M. latissimus dorsi</i>	Широчайшая мышца спины
Үлкен ромб тәрізді бұлшыкет	<i>M. rhomboideus major</i>	Большая ромбовидная мышца
Кіші ромб тәрізді бұлшыкет	<i>M. rhomboideus minor</i>	Малая ромбовидная мышца
Жауырынды көтеретін бұлшыкет	<i>M. levator scapulae</i>	Мышца, поднимающая лопатку
Артқы төменгі тісті бұлшыкет	<i>M. serratus posterior inferior</i>	Нижняя задняя зубчатая мышца
Артқы жоғарғы тісті бұлшыкет	<i>M. serratus posterior superior</i>	Верхняя задняя зубчатая мышца
Омыртқа бағанасын тікейтетін бұлшыкет	<i>Musculus erector spinae</i>	Мышца, выпрямляющая позвоночник
Мыкын-кабырғалық бұлшыкет	<i>M. iliocostalis</i>	Подвздошно-реберная мышца
Белдің мыкын-кабырғалық бұлшыкеті	<i>M. iliocostalis lumborum</i>	Подвздошно-реберная мышца поясницы
Кеуденің мыкын-кабырғалық бұлшыкеті	<i>M. iliocostalis thoracis</i>	Подвздошно-реберная мышца груди
Мойынның мыкын-кабырғалық бұлшыкеті	<i>M. iliocostalis cervicis</i>	Подвздошно-реберная мышца шеи
Аса ұзын бұлшыкет	<i>M. longissimus</i>	Длиннейшая мышца
Кеуденің аса ұзын бұлшыкеті	<i>M. longissimus thoracis</i>	Длиннейшая мышца груди
Мойынның аса ұзын бұлшыкеті	<i>M. longissimus cervicis</i>	Длиннейшая мышца шеи
Бастың аса ұзын бұлшыкеті	<i>M. longissimus capitis</i>	Длиннейшая мышца головы

Қылқанды бұлшықет	<i>M. spinalis</i>	Остистая мышца
Кеуденің қылқанды бұлшықеті	<i>M. spinalis thoracis</i>	Остистая мышца груди
Мойынның қылқанды бұлшықеті	<i>M. spinalis cervicis</i>	Остистая мышца шеи
Бастың қылқанды бұлшықеті	<i>M. spinalis capitis</i>	Остистая мышца головы
Көлденен-қылқанды бұлшықет	<i>Musculus transversospinalis</i>	Поперечно-остистая мышца
Жартылай қылқанды бұлшықет	<i>M. semispinalis</i>	Полуостистая мышца
Кеуденің жартылай қылқанды бұлшықеті	<i>M. semispinalis thoracis</i>	Полуостистая мышца груди
Мойынның жартылай қылқанды бұлшықеті	<i>M. semispinalis cervicis</i>	Полуостистая мышца шеи
Бастың жартылай қылқанды бұлшықеті	<i>M. semispinalis capitis</i>	Полуостистая мышца головы
Көп бөлікті бұлшықет	<i>Mm. multifidi</i>	Многораздельные мышцы
Айналдыратын бұлшықеттер	<i>Mm. rotatores</i>	Мышцы-вращатели
Мойынды айналдыратын бұлшықеттер	<i>Mm. rotatores cervicis</i>	Вращатели шеи
Кеудені айналдыратын бұлшықеттер	<i>Mm. rotatores thoracis</i>	Вращатели груди
Белді айналдыратын бұлшықеттер	<i>Mm. rotatores lumborum</i>	Вращатели поясницы

Қылқан аралық бұлшықеттер	<i>Musculi interspinales</i>	Межостистые мышцы
Мойынның қылқан аралық бұлшықеттері	<i>Mm. interspinales cervicis</i>	Межостистые мышцы шеи
Кеуденің қылқан аралық бұлшықеттері	<i>Mm. interspinales thoracis</i>	Межостистые мышцы груди
Белдің қылқан аралық бұлшықеттері	<i>Mm. interspinales lumborum</i>	Межостистые мышцы поясницы
Көлденең аралық бұлшықеттер	<i>Musculi intertransversarii</i>	Межпоперечные мышцы
Белдің латералды көлденең аралық бұлшықеттері	<i>Mm. Intertransversarii laterales lumborum</i>	Латеральные межпоперечные мышцы поясницы
Белдің медиалды көлденең аралық бұлшықеттері	<i>Mm. intertransversarii mediales lumborum</i>	Медиальные межпоперечные мышцы поясницы
Кеуденің көлденең аралық бұлшықеттері	<i>Mm. intertransversarii thoracis</i>	Межпоперечные мышцы груди
Мойынның артқы көлденең аралық бұлшықеттері	<i>Mm. intertransversarii posteriores cervicis</i>	Задние межпоперечные мышцы шеи
Медиалды бөлік	<i>Pars medialis</i>	Медиальная часть
Латералды бөлік	<i>Pars lateralis</i>	Латеральная часть
Мойынның алдыңғы көлденең аралық бұлшықеттері	<i>Mm. intertransversarii anteriores cervicis</i>	Передние межпоперечные мышцы шеи
Бел-кеуде шандыры	<i>Fascia thoracolumbalis</i>	Пояснично-грудная фасция

КЕУДЕ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Кеуде бұлшықеттері кеуде қуысының бетінде басталып, одан иық белдеуі мен қолдың еркін бөлігіне баратын бұлшықеттерге және кеуде қуысының қабырғалары құрамына кіретін меншікті (аутохтонды) бұлшықеттерге бөлінеді.


Бұдан басқа, бұл жерде кеуде қуысын төменгі жағынан шектеп, оны іш қуысынан бөліп тұратын кеуде-іш тосқауылына (*diaphragma*) сипаттама береміз. Көкет шығу тегі жағынан мойынға жатады, сондықтан ол негізінен мойын түйінінен (*n. phrenicus*) нервтенеді.

ҚОЛҒА ЖАТАТЫН КЕУДЕ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

✧ *Үлкен кеуде бұлшықеті, m. pectoralis major*, бұғананың медиалды жартысынан (*pars clavicularis*), төстің алдыңғы бетінен және II–VII қабырғалардың шеміршектерінен (*pars sternocostalis*) және іштің тік бұлшықетінің алдыңғы қабырғасынан (*pars abdominalis*) басталады; тоқпан жіліктің *crista tuberculi majoris*-не бекиді (10-сурет). Бұлшықеттің латералды жиегі тоқпан жіліктің дельта тәрізді бұлшықетінің жиегіне жанасады, бұл соңғы бұлшықеттен жоғары қарай бұғананың астында кеңейіп, ол жерде кішкене бұғана шұқыршағының пайда болуына себеп болатын жүлге арқылы бөлінеді.

Қызметі. Қолды тұлғаға әкеледі, оны ішке қарай бұрады (пронациялайды); бұғаналық бөлігі қолды бүгеді. Қолды қозғалтпай тұрған кезде төспен қоса қабырғаларды көтеріп, тыныс алуға көмектеседі, өрмеленгенде тұлғаны жоғары қарай тартуға катысады.

✧ *Кіші кеуде бұлшықеті, m. pectoralis minor*, үлкен кеуде бұлшықетінің астында жатады. Ол II қабырғадан V қабырғаға дейін төрт тісшемен басталып, жауырынның *processus coracoideus*-іне бекиді.



10-сурет. Кеуде бұлшықеттері. Алдынан карағандағы көрінісі

Қызметі. Жиырылғанда жауырынды алға және төмен қарай тартады. Қол қозғалмай тұрған кезде тыныс алу бұлшықеті ретінде қызмет атқарады.

❖ *Бұғана асты бұлшықеті, m. subclavius*, бұғана мен I қабырғаның арасында созылып жатады.

Қызметі. Төс-бұғана буынын нығайтып, бұғананы төмен және медиалды тартады.

Жауырынның медиалды жиегіне бекитін ромб тәрізді бұлшықетпен бірге тұлғаны қаусырып, оған жауырынды жабыстыратын жалпақ бұлшықет тұзағын түзеді. Арқа бұлшықеттерімен (ромб тәрізді және трапеция тәрізді) бір мезгілде жиырылғанда *m. serratus anterior* жауырынды алға қарай тартып, оны қозғалмайтын қалыпқа келтіреді. Бұлшықеттің төменгі бөлігі қолды горизонталды қалыптан жоғары көтерген кездегідей, жауырынның төменгі бұрышын алға және латералды бұрады. Жоғарғы тісшелер жауырынды бұғанамен коса, ортаңғы талшықтардың антогонисттері *m. trapezius* ретінде, алға қарай қозғайды, бел қозғалмай тұрғанда қабырғаларды көтеріп, тыныс алуға қатысады.

Бұл сипатталған төрт бұлшықеттің алдыңғы екеуі — трункопеталды, қалған екеуі — трункофугалды.

Аутохтонды кеуде бұлшықеттері

❖ *Сыртқы қабырға аралық бұлшықеттер, mm. intercostales externi*, омыртқа бағанасынан бастап қабырға шеміршектеріне дейін қабырға аралық кеңістікті толтырып тұрады. Әрбір қабырғаның төменгі жиегінен басталып, жоғарыдан төмен және арттан алға қарай қиғаш өтіп, төмен жатқан қабырғаның жоғарғы жиегіне бекиді.

❖ *Ішкі қабырға аралық бұлшықеттер, mm. intercostales interni*, сыртқы қабырға аралық бұлшықеттердің астында жатады және талшықтары соңғыларымен салыстырғанда біршама кері бағытта өтіп, олармен бұрыш жасай қиылысады. Олар төменде жатқан қабырғаның жоғарғы жиегінен басталып

жоғары және алға қарай өтіп, жоғары жатқан қабырғаға бекиді. Сыртқы қабырға аралық бұлшықеттерге қарама-қарсы ішкі қабырға аралық бұлшықеттер төске жетіп, қабырға шеміршектері арасында орналасады. Артқа қарай *mm. intercostales interni* қабырғалардың бұрыштарына дейін ғана жетеді. Олардың орнына қабырғалардың артқы ұштары арасында *membrana interna* орналасады.

- ❖ **Қабырға асты бұлшықеттері**, *mm. subcostales*, кеуде қуысының төменгі бөлігінің ішкі бетінде қабырға бұрыштары аймағында жатады, талшықтарының бағыты ішкі қабырға аралық бұлшықеттердікі сияқты, бірақ бір немесе екі қабырғадан асып өтеді.
- ❖ **Көлденең кеуде бұлшықеті**, *m. transversus thoracis*, де кеуде қуысының ішкі бетінде, оның алдыңғы аймағында орналасып, іштің көлденең бұлшықетінің жалғасын құрайды.


Қызметі. *Mm. intercostales externi* қабырғаларды көтеріп, кеуде қуысын алдыңғы-артқы және көлденең бағыттарда кеңейтіп, қалыпты тыныс алу кезінде қызмет жасайтын ішке тыныс алу бұлшықеттері болып табылады. Қатты демалуға қозғалмалы беку нүктелері қозғалмайтын жағдайда қабырғаны жоғары көтере алатын бұлшықеттер де (*mm. scaleni*, *m. sternocleidomastoideus*, *mm. pectorales major et minor*, *m. serratus anterior* және т.б.) қатысады. Кеуде қуысы дем шығарған кезде өкпе мен кеуде қуысының серпімділігінен төмен түседі.

- ❖ **Алдыңғы тісті бұлшықет**, *m. serratus anterior* кеуде қуысының бетінде кеуденің бүйір жағында орналасады. Ол әдетте тісшелерімен 9-жоғарғы қабырғадан басталып, жауырынның медиалды жиегіне бекиді.

КӨКЕТ

Көкет, *diaphragma*, күмбез тәрізді иілген, жоғары мен төменінен шандыр және сіңірлі қабықшалармен жабылған жалпақ жұқа бұлшықет, *m. phrenicus* болып табылады. Оның бұл-

шықетті талшықтары кеуде қуысының төменгі апература-сының бүкіл шеңбері бойынан басталып, көкеттің ортасын, *centrum tendineum*, алып жататын сіңірлі құрылымға айналады. Кеуде-іш шекарасының бұлшықет бөлігінде талшықтардың шығатын жеріне қарай бел, кабырға және төс бөліктерін ажыратады (11-сурет).



11-сурет. Көкет: 1 — қолқа; 2 — жартылай қылқанды бұлшықеті; 3 — омыртқа бағанасын тіктейтін бұлшықет; 4 — арқаның аса жалпак бұлшықеті; 5 — алдыңғы тісті бұлшықет; 6 — сіңірлі орталық; 7 — іштің қиғаш сыртқы бұлшықеті; 8 — іштің тік бұлшықеті; 9 — төс бөлігі; 10 — қабырғалық бөлік; 11 — бел бөлігі; 12 — төменгі қуыс көктамыр; 13 — трапеция тәрізді бұлшықет; 14 — өнеш

✧ *Бел бөлігі, pars lumbalis*, оң және сол аяқшалардан, *crus dextrum et sinistrum*, тұрады.

КЕУДЕ ТОПОГРАФИЯСЫ

Кеуде аймағында топографиялық-анатомиялық құрылым ретінде шеттері үлкен және кіші кеуде бұлшықеттерімен шектелген пішіні үшбұрышты аймақтарды (үшбұрыштар), шелмайлық кеңістіктерді және қолтық шұңқырын қарастыруға болады. Қолтық шұңқыры қол бұлшықеттерінің анатомиясы және топографиясы тарауында толығымен беріледі.

Кеуде аймағында үш үшбұрышты ажыратады. Жоғарғы — бұғана-кеуде үшбұрышы, *trigonum clavipectorale*, бұғана және *m. pectoralis minor*-дың жоғарғы жиегінің арасында орналасады. Ортаңғы — кеуде үшбұрышы, *trigonum pectorale*, *m. pectoralis minor*-дың бедеріне сәйкес келеді. Төменгі — кеуде асты үшбұрышы, *trigonum subpectorale*, *mm. perforates major et minor*-дың төменгі жиегімен және *m. deltoideus*-тың алдыңғы жиегімен шектелген. Келтірілген үшбұрыштардың проекциясы қолтық шұңқырының үш қабатына (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) сәйкес келеді.

Кеуде бұлшықеттерінің арасында беткей және терең субпекторалды шелмайлық кеңістіктер болады.

Беткей субпекторалды кеңістік, *spatium subpectorale superficiale* үлкен кеуде бұлшықетінің артқы беті мен кіші кеуде бұлшықетінің алдыңғы бетінің арасында орналасады.

Терең субпекторалды кеңістік, *spatium subpectorale profundum*, кіші кеуде бұлшықетінің артқы беті және қабырғалар мен қабырға аралық бұлшықеттерді сыртынан жауып тұратын меншікті шандыр жапырақшасымен шектелген.

Екі кеңістік те қолтық шұңқырының шелмайына ауысатын дәнекер тінмен және майлы шелмаймен толып тұрады.

Көкеттің екі аяқшасы өздері және омыртқа бағанасы арасында үшбұрышты кеңістік, *hiatus aorticus*, қалдырады, ол арқылы артында жатқан *ductus thoracicus*-пен бірге қолқа өтеді. Бұл тесіктің жиегі сіңірлі жолақпен көмкерілгендіктен, көкеттің жиырылуы қолқаға әсер етпейді. Көкет аяқшалары жоғары көтеріліп, қолқа тесігі алдында бір-бірімен қиылысып, содан кейін солға және жоғары қарай қайтадан ажырап,

өңештік тесік, *hiatus esophageus*, түзеді, ол тесік арқылы өңеш және екі кезбе жүйке, *nn. vagi*, өтеді. *Hiatus esophageus* тамақтың жылжуын реттейтін қысушы қызмет атқаратын бұлшықет шоғырларымен көмкерілген. Көкеттің әрбір аяқшасының бұлшықет шоғырлары арасында саңылаулар түзіледі, олар арқылы *nn. splanchnici*, *v. azygos* (сол жағынан *v. hemiazygos*) және симпатикалық сабау өтеді.

- ✧ **Қабырғалық бөлік**, *pars costalis*, VII–XII қабырғалардың шеміршектерінен басталып, сіңірлі орталыққа қарай барады.
- ✧ **Төс бөлігі**, *pars sternalis*, төстің семсер тәрізді өсіндісінің артқы бетінен сіңірлі орталыққа қарай шығады. *Pars sternalis* пен *pars costalis* арасында төстің жанында жұп үшбұрышты саңылау, *trigonum sternocostale* жатады, ол арқылы *a. thoracica interna*-ның төменгі шеті өтеді.

Көлемділеу басқа жұп саңылау, *trigonum lumbocostale*, *pars costalis* пен *pars lumbalis* арасында орналасқан. Құрсакта даму кезіндегі кеуде және құрсак қуыстарының арасындағы қатынасқа сәйкес келетін бұл саңылау жоғарғы жағынан *fascia endothoracica*, ал төменгі жағынан *fascia subperitonealis*, арғы іш перделік шелмаймен және іш пердемен қымталған.

Сіңірлі орталықта ортаңғы сызықтан аздап артқа және оңға қарай төртбұрышты тесік, *foramen venae cavae*, жатады, ол арқылы төменгі қуыс көктамыр өтеді. Бұрын айтылғандай көкет күмбез пішінді, бірақ күмбездің биіктігі екі жағында симметриялы емес: төменінен көлемді бауыр тіреп тұрған он жағы сол жағына қарағанда жоғарылау жатады.

Қызметі. Көкет дем алған кезде жиырылып, күмбезі жалпайып, төмен түседі. Көкеттің төмен түсуі нәтижесінде демді алған кезде кеуде қуысы вертикалды бағытта үлкейеді.

КЕУДЕ ШАНДЫРЛАРЫ

M. pectoralis major-дың алдыңғы беті кеуде шандырының беткей жапырақшасымен, *fascia pectoralis*, жабылған, ол медиалды жағынан төстің сүйек қабына, ал латералды жағынан

fascia deltoidea-ға айналады. *M. pectoralis major*-дың астында айқын білінетін терең жапырақша, *fascia pectoralis*, жатады, ол *trigonum clavipectorale* аймағында (бұғана мен кіші кеуде бұлшықеті арасында) *fascia clavipectoralis* деген атпен бөлінеді. *Fascia pectoralis*-тың терең жапырақшасы бөлініп және қайта қосылып, *m. subclavius* пен *m. pectoralis minor*-ды қоршайды. *Fascia pectoralis*-тің беткей және терең жапырақшалары екі жерде бір-бірімен қосылады.

1. *Sulcus deltoideopectoralis*.

2. *Fascia pectoralis fascia axillaris*-ке айналатын *m. pectoralis major*-дың төменгі жиегінде. *Fascia axillaris* қолтық шұңқырының, *fossa axillaris* түбін құрайды; оның айналысында көрші бұлшықеттерге таралады, ал ортасында оны жабатын терімен бірге тереңдеп, нәтижесінде сырт жағынан анық көрінетін қолтық қуысы пайда болады. Кеуде қуысы сыртқы жағынан жабатын беткей шандырдан басқа, ішкі жағынан кеуде қуысының шандырымен, *fascia endothoracica*, астарланады, ол да өте жұқа шелмай қабаты түрінде көкетке ауысады.

КЕУДЕ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Кеуде бұлшықеттері	<i>Musculi thoracis</i>	Мышцы груди
(Төс бұлшықеті)	(<i>M. sternalis</i>)	(Грудинная мышца)
Үлкен кеуде бұлшықеті	<i>M. pectoralis major</i>	Большая грудная мышца
Бұғаналық бөлігі	<i>Pars clavicularis</i>	Ключичная часть
Төс-кабырғалық бөлігі	<i>Pars sternocostalis</i>	Грудино-реберная часть
Іштік бөлігі	<i>Pars abdominalis</i>	Брюшная часть
Кіші кеуде бұлшықеті	<i>M. pectoralis minor</i>	Малая грудная мышца
Бұғана асты бұлшықеті	<i>M. subclavius</i>	Подключичная мышца

Кеуде шандыры	<i>Fascia pectoralis</i>	Грудная фасция
Бұғана-кеуде шандыры	<i>Fascia clavipectoralis</i>	Ключично-грудная фасция
Алдыңғы тісті бұлшықет	<i>M. serratus anterior</i>	Передняя зубчатая мышца
Қабырғаларды көтеретін бұлшықеттер	<i>Mm. levatores costarum</i>	Мышцы, поднимающие ребра
Қабырғаларды көтеретін ұзын бұлшықеттер	<i>Mm. levatores costarum longi</i>	Длинные мышцы, поднимающие ребра
Қабырғаларды көтеретін қысқа бұлшықеттер	<i>Mm. levatores costarum breves</i>	Короткие мышцы, поднимающие ребра
Қабырға аралық сыртқы бұлшықеттер	<i>Mm. intercostales externi</i>	Наружные межреберные мышцы
Қабырға аралық сыртқы жарғақ	<i>Membrana intercostalis externa</i>	Наружная межреберная перепонка
Қабырға аралық ішкі бұлшықеттер	<i>Mm. intercostales interni</i>	Внутренние межреберные мышцы
Қабырға аралық ішкі жарғақ	<i>Membrana intercostalis interna</i>	Внутренняя межреберная перепонка
Қабырға аралық ең ішкі бұлшықеттер	<i>Mm. intercostales intimi</i>	Самые внутренние межреберные мышцы
Қабырға астылық бұлшықеттер	<i>Mm. subcostales</i>	Подреберные мышцы
Кеуденің көлденен бұлшықеті	<i>M. transversus thoracis</i>	Поперечная мышца груди
Кеуде шандыры	<i>Fascia thoracica</i>	Грудная фасция
Кеуде ішіндегі шандыр	<i>Fascia endothoracica</i>	Внутригрудная фасция
Көкет	<i>Diaphragma</i>	Диафрагма
Бел бөлігі	<i>Pars lumbalis</i>	Поясничная часть
Оң аяқшасы	<i>Crus dextrum</i>	Правая ножка

Сол аяқшасы	<i>Crus sinistrum</i>	Левая ножка
Қабырғалық бөлігі	<i>Pars costalis</i>	Реберная часть
Төстік бөлігі	<i>Pars sternalis</i>	Грудинная часть
Қолкалық тесік	<i>Hiatus aorticus</i>	Аортальное отверстие
Өнештік тесік	<i>Hiatus esophageus</i> [<i>oesophageus</i>]	Пищеводное отверстие
Сіңірлі орталық	<i>Centrum tendineum</i>	Сухожильный центр
Төменгі қуыс көктамыр тесігі	<i>For. venae cavae</i>	Отверстие нижней полой вены
Медиалды доға тәрізді байлам	<i>Lig. arcuatum mediale</i>	Медиальная дугообразная связка
Латералды доға тәрізді байлам	<i>Lig. arcuatum laterale</i>	Латеральная дугообразная связка
Орталық доға тәрізді байлам	<i>Lig. arcuatum medianum</i>	Срединная дугообразная связка

ІШ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ


Іш бұлшықеттері кеуде қуысының төменгі апературасы мен жамбастын жоғарғы жиегі аралығын алып жатады. Олар іш қуысын қоршап, оның қабырғасын түзеді.

Бүйір, алдыңғы және артқы топ бұлшықеттерін ажыратады. Іш бұлшықеттері осы аймақтың тек аутохтонды вентралды бұлшықеттер тобына ғана жатады.

Бүйір топ бұлшықеттері

Бүйір топ бұлшықеттері бір-біріне қабаттасып жатқан үш жалпак бұлшықеттен тұрады. Олардың сіңірлі созылмалары *m. rectus* үшін қынап түзіп, іштің алдыңғы жағында ақ сызық түзеді.

Іштің сыртқы қиғаш бұлшықеті, m. obliquus externus abdominis — іштің жалпак үш бұлшықетінің ішіндегі ең беткейі (12-сурет, а). Ол кеуде қуысының бүйір бетінде төменгі сегіз



12-сурет. Іш бұлшықеттері: 1 — *m. obliquus externus abdominis* (а); 2 — *m. rectus abdominis*; 3 — *m. obliquus internus abdominis* (ә); 4 — *m. transversus abdominis*; 5 — *lig. inguinale* (б)

кабырғадан басталып, жоғарыдан төмен және медиалды бағытталады. Бұлшықеттің бұлайша кең алаңмен басталуы және төрт аяқтылармен салыстырғанда төмендеу орналасуы адам тәрізді маймылдарда — ағаштан ағашқа секіруге, ал адамда — еңбек құралы ретінде қызмет етуге арналған қол бұлшықеттерінің күшеюіне байланысты. Қол бұлшықеттеріне үлкен тіректің қажеттігінен кеуде қуысы ұзарып, оған бекітін іштің қиғаш және тік бұлшықеттері төмен қарай ығысады. Сыртқы қиғаш бұлшықет талшықтары сыртқы кабырға аралық бұлшықеттердің жалғасы сияктанып, осы бағытта қиғаш жоғарыдан төмен және арттан алға қарай жүреді. Бұл филогенез үдерісінде кабырғалар жоғала басталуымен косарлана кабырға аралық бұлшықеттер өзара бітісе-өсіп, тұтас бұлшықет қыртыстарын түзумен түсіндіріледі. Артқы шоғырлар мықын қырқасына бекиді. Бұлшықеттің қалған талшықтары *m. rectus*-тың алдынан өтіп, карама-карсы жақтың аттас бұлшықетінің

жалпақ апоневрозымен қосылып, іштің ақ сызығын, *linea alba*, құруға қатысады.

Сыртқы қиғаш бұлшықеттің апоневрозының төменгі бос жиегі *spina iliaca anterior superior* мен *tuberculum pubicum* арасынан өтіп, науа түрінде ішке қарай бұрылады. Сіңірлі созылманың қалған бөлігінен жасанды түрде бөліп қарастырылатын бұл жиек — шап байламы, *lig. inguinale*, деп аталады.

Приматтарда шап байламы іштің төменгі қабырғасын сүйейді және эрекция үшін маңызды. Адамда ол шап өзегінің төменгі қабырғасы ретінде ғана бөлінеді.

Шап байламының медиалды бекитін жерінде оның фиброзды талшықтары шат сүйегінің қырқасына қарай төмен иіліп, лакуналық байлам, *lg. lacunare*, түзеді. Шап байламының медиалды бөлігінің үстінде сыртқы қиғаш бұлшықеттің апоневрозында үшбұрышты саңылау — беткей шап сақинасы, *annulus inguinalis superficialis*, жатады. *M. obliquus externus abdominis*-тің етті бөлігінің артқы жиегінің артында онымен және *m. latissimus dorsi* басталатын жердің арасында төменгі жағынан мықын қырқасымен шектелген кішкене үшбұрышты аралық, *trigonum lumbale*, түзіледі. Бұл үшбұрыштың түбі іштің ішкі қиғаш бұлшықетінен түзіледі. *M. obliquus externus abdominis*-тың сыртқы беті шандырлы жапырақшамен жабылған, ол бұлшықеттің апоневрозына жалғасып, онымен бітісіп-өседі. Осы жапырақшаның үстінде құрсақ асты аймағында тері асты шелмайының терең қабатында жататын тағы бір *fascia superficialis* кездеседі, ол төменгі жақта шап байламымен бітісіп-өседі.


Іштің ішкі қиғаш бұлшықеті, *m. obliquus internus abdominis*, алдыңғы бұлшықеттің астында жатады (12-сурет, ә). Ол *fascia thoracolumbalis*-тың артынан, мықын қырқасынан және шап байламының латералды үштен екі бөлігінен басталады. Бұлшықет талшықтарының бағыты жалпы алғанда жоғары қарай бағытталған, желпеуіш тәрізді. Бұлшықеттің артқы шоғырлары жоғары көтеріліп, XII, XI және X қабырғалардың төменгі жиегіне бекиді. Олардың қабырғалар арасындағы жал-

ғасы *mm. intercostales interni* болып табылады. Бұлшықеттің алдыңғы шоғырлары жалпақ апоневрозға ауысады, ол *m. rectus*-тың латералды жиегінде осы бұлшықеттің қынабын түзуге қатысатын екі жапырақшаға бөлінеді. *M. rectus*-тан медиалды, *linea alba* бойымен апоневроз карама-қарсы жақтың дәл осындай апоневрозымен қосылады. *M. obliquus internus abdominis* сыртқы және ішкі жақтарынан шандырлы табақшалармен жабылған.


Іштің көлденең бұлшықеттері, *m. transversus abdominis* — іштің жалпақ бұлшықеттері ішіндегі ең тереңі және жұкасы (14-сурет). Ол төменгі алты қабырғаның ішкі бетінен басталады. Ол төмен және артқа қарай *fascia thoracolumbalis*-тің терең жапырақшасынан, мықын қырқасының төменінен және шап байламының латералды үштен екі бөлігінен басталады. Бұлшықет талшықтары осы басталатын жерлерінен көлденең, алға және медиалды өтіп, жалпақ апоневрозға ауысады, ал ол өзінің жоғарғы бөлігінің артында *linea alba*-ға, ал төменгі бөлігінің алдында *m. rectum abdominis*-ке бағыт алады да, карама-қарсы жақтың апоневрозымен қосылады. Көптеген сүтқоректілерде бұл бұлшықет күшті дамыған және жыныс безін ұмадан дене қуысына тартады. Адамда ішкі киғаш және көлденең бұлшықеттерден жыныс безіне қарай ата безді көтеретін кішкене бұлшықет шоғыры, *m. cremaster*, шығады. Іштің көлденең бұлшықетінің құрсақ қуысына қараған ішкі бетін жалпы құрсақ асты шандырының, *fascia subperitonealis* бөлігі болып табылатын *fascia transversalis* жауып тұрады. Жалпы құрсақ асты шандыры іш қуысы қабырғаларының барлық ішкі бетін астарлайды және орналасқан аймағына қарай жеке атаумен аталады: *fascia transversalis*, *fascia pelvis* және т.б.

Іштің алдыңғы топ бұлшықеттері

Іштің түзу бұлшықеті, *m. rectus abdominis*, ортанғы сызықтың екі жағында жатады және вертикаль бағыттталатын бойлық бұлшықет шоғырларынан тұрады (13-сурет). Ол V, VI және VII қабырға шеміршектерінің алдыңғы беттері мен төстің семсер тәрізді өсіндісінен басталып, біртіндеп жінішкеріп,



13-сурет. Кеуде және іш бұлшықеттері



төмен қарай жүре отырып, мықты сіңір арқылы қасаға симфизі мен *tuberculum pubicum* арасындағы кеңістікте қасаға сүйегіне бекиді. Жануарлармен салыстырғанда адамда түзу жүру мен еңбек етуге байланысты (адам тәрізді маймылдарда да) қол бұлшықеті тірекке айналып, кеуде қуысы кенейеді. Бұлшықет көлденеңі сіңірлі аралықтармен, *intersectiones tendineae*, (3–4) бөлінген. Аралықтар *m. rectus* орналасқан қынаптың алдыңғы қабырғасымен бітісіп-өседі. *Intersectiones tendineae* вентралды бұлшықеттің бұрынғы сегментті дамуының іздері болып табылады. Олардың қызметтік маңызы: бұлшықеттерді жеке сегменттерге бөліп, әр сегменттің дербес жиырылуына мүмкіндік береді.

Пирамидалық бұлшықет, *m. pyramidalis*, қасаға симфизі үстінде тік бұлшықет қынабының алдыңғы қабырғасының астында жататын кішкене үшбұрышты бұлшықет. Ол клоакалылар мен қалталыларда баласын салып жүретін қалтаны қоршайтын бұлшықеттің рудименті болып табылады.

Іштің артқы топ бұлшықеттері

Белдің шаршы бұлшықеті, *m. quadratus lumborum*, іштің артында жатқан және *fascia thoracolumbalis*-тың терең жапырақшасымен бөлінген төрт бұрышты бұлшықетті табакша. Ол мықын қырқасы мен *lig. iliolumbale*-ден басталып, XII қабырғаға және II–IV бел омыртқаларының көлденең өсінділеріне бекиді.

Қызметі. Белдің шаршы бұлшықеті бір жақты жиырылғанда басқа іш бұлшықеттері және *m. erector spinae*-мен бірге омыртқа бағанасын кеуде қуысымен қоса бүйірге иеді. Бір мезгілде екі жақты жиырылғанда сол бұлшықеттермен бірге омыртқаны тік қалыпта ұстап тұрады. XII қабырғаны төмен қарай тартып, тыныс шығаратын бұлшықет рөлін де атқарады.


Іштің тік бұлшықетінің қынабы

Іштің әрбір тік бұлшықеті қынаппен, *vagina m. recti abdominis*, қапталған, ол қынап үш жалпақ іш бұлшықетінің жалпақ апоневроздарынан түзілген. Қынап іштің тік бұлшықетін


кіндіктен жоғары келесідей қаптайды: іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің апоневрозы *m. rectus*-тың алдынан, ал көлденең бұлшықет апоневрозы — артынан өтеді, ішкі қиғаш бұлшықеттің апоневрозы екі табақшаға бөлініп, тік бұлшықетті алдынан және артынан қаптап, аталған екі бұлшықеттің апоневрозымен бітісіп, солармен бірге қынаптың алдыңғы және артқы қабырғаларын түзеді (14-сурет). Ал кіндіктен 4–5 см төмен қынаптың құрылысы басқаша: бұл жерде барлық үш іш бұлшықетінің апоневроздары тік бұлшықеттің алдынан өтеді, ал қынаптың артқы қабырғасы болмайды, онда тек көлденен шандыр ғана болады. Қынаптың артқы апоневроздық қабырғасы осы жердің үстінде төмен қарай ойыстанған *linea arcuata* деп аталатын жиекпен аяқталады. Тік бұлшықеттің төменгі жағында оның қынабының артқы қабырғасының болмауы шат симфизі жиегі үстіне көтеріліп, осы жерге ығысатын несеп қуықтың толуына байланысты болса керек. Алдыңғы қабырғаның төменгі жағының қалындауы адам денесінің тік қалпына байланысты, бұл жағдайда іш қабырғасының төменгі бөлігіне барынша көп қысым түседі.

ІШТІҢ АҚ СЫЗЫҒЫ

Іштің жалпақ бұлшықеттерінің апоневроздары орта сызық бойымен бір-бірімен қосылып, тік бұлшықеттер арасында сінірлі жолақ, ақ сызық, *linea alba* түзеді, ол сызық төстің семсер тәрізді өсіндісінен шат симфизіне дейін созылады. Ақ сызық жоғары бөлігінде едәуір кең (кіндік деңгейінде — 2–2,5 см). Ал кіндіктен төмен тарылып, алдыңғы-артқы бағытта қалындайды. *Linea alba* ортасында кіндік терісімен қосылатын тыртық тінмен толған кіндік сақинасы, *annulus umbilicalis*, жатады. Сызықтың ақшыл түсті болуы сінір талшықтарының фронталды (бір жағынан екінші жағына ауысқанда) және сагиталды жазықтықтарда (беткейінен тереңге ауысқанда) айкасуына, сондай-ақ қан тамырлардың аздығына байланысты. Хирургтар операция кезінде іш қуысын кеңірек ашу керек болғанда (мысалы, кесар тілігінде) осы жағдайды пайдаланады.



а




б

14-сурет. Іштің тік бұлшықеті қынабының әр деңгейдегі кесіндісі: а — доға тәрізді сызықтан (Дуглас сызығы) жоғары; б — доға тәрізді сызықтан төмен. 1 — іштің тік бұлшықеті қынабының алдыңғы қабырғасы; 2 — іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің апоневрозы; 3 — тері мен тері асты шелмайы; 4 — іштің сыртқы қиғаш бұлшықеті; 5 — іштің ішкі қиғаш бұлшықеті; 6 — көлденең шандыр (пунктир); 7 — іштің көлденең бұлшықеті; 8 — іштің ішкі қиғаш бұлшықетінің апоневрозы; 9 — іштің тік бұлшықеті; 10 — іштің тік бұлшықеті қынабының артқы қабырғасы; 11 — іштің ак сызығы; 12 — париеталды іш астар; 13 — іштің көлденең бұлшықетінің апоневрозы

Іш бұлшықеттерінің қызметі. Іш бұлшықеттері құрсақ қуысын тарылтып, оның ішіндегі ағзаларды қысып тұрады, сөйтіп құрсақ тығыршығын — *prelum abdominale* құрайды, оның іс-әрекеті сыртқа нәжіс шығару, зәр шығару, босану, сондай-ақ жөтелу және құсу кездерінде байқалады. Бұл қимылдарға көкет те қатысады, ол демді ішке алған кезде жиырылып, жалпактанып, жоғарыдан төмен қарай құрсақтағы ішкі ағзаларға қысым түсіреді, ал жамбас көкеті оларға тірек болады. Оған қоса, құрсақ тығыршығы бұлшықеттерінің тонусы арқасында ішкі ағзалар өздерінің орналасу қалыптарын сақтайды; бұл жағдайда іштің бұлшықет-апоневроздық қабырғасы құрсақ белдеуін ұстап тұрушы қызметін атқарады. Іш бұлшықеттері омыртқа бағанасы мен тұлғаны иіп, оны жазатын бұлшықеттердің антогонистері болып табылады. Мұны кеуде қуысы мен жамбасты өзара жақындастырып, тік бұлшықеттер, сондай-ақ екі жақты жиырылған кезде қиғаш бұлшықеттер іске асырады. Бір жақты жиырылғанда іш бұлшықеттері *m. erector spinae*-мен бірге тұлғаны бүйір жаққа иеді. Іштің қиғаш бұлшықеттері омыртқа бағанасын кеуде қуысымен бірге айналдыруға қатысады және бұрылатын жақта — *m. obliquus internus abdominis*, ал қарама-қарсы жақта — *m. obliquus externus abdominis* жиырылады. Іш бұлшықеттері тыныс алу қозғалыстарына да қатысады: олар қабырғаларға бекіп, оларды төмен қарай тартып, тыныс шығаруға жағдай жасайды.

Шап өзегі

Шап өзегі, *canalis inguinalis*, саңылау болып табылады, ол арқылы еркектерде шәует шылбыры, *funiculus spermaticus*, ал әйелдерде жатырдың жұмыр байламы өтеді. Ол құрсақ қабырғасының төменгі бөлігінде іштің екі жағында да шап байламының үстінде орналасып, жоғарыдан төмен, сырттан ішке, арттан алдыға бағытталады (15-сурет). Оның ұзындығы — 4,5 см. Оның түзілуі: шап байламы науасының сыртқы үштен екісіне ішкі қиғаш және көлденең бұлшықеттер бітісіп өседі,



15-сурет. Шап өзегі: 1 — *m. obliquus externus abdominis*; 2 — *m. obliquus externus abdominis*-тың апоневрозы; 3 — *spina iliaca anterior superior*; 4 — *m. obliquus internus abdominis*; 5 — *m. transversus abdominis*; 6 — *anulus inguinalis profundus*; 7 — көлденең шандыр астындағы *a. et v. epigastrica inferior*; 8 — *fascia spermatica interna* и *m. cremaster*-мен жабылған *funiculus spermaticus*; 9 — *lig. inguinale*; 10 — *crus laterale anulus inguinalis superficialis*; 11 — *lig. fundiforme penis*; 12 — *fascia spermatica externa*-мен жабылған *funiculus spermaticus*; 13 — *anulus inguinalis superficialis*; 14 — *fibrae intercrurales*; 15 — *crus mediale anulus inguinalis superficialis*; 16 — *lig. reflexum*; 17 — *falx inguinalis (tendo conjunctive)*; 18 — *fascia transversalis* (тік жарықтардың пайда болатын жері); 19 — *linea alba*

ал байламның медиалды үштен бірінде мұндай бітісіп-өсу болмайды да, ол бұлшықеттер шәует шылбыры немесе жатырдың жұмыр байламының үстінен өтеді. Сөйтіп, ішкі қиғаш және көлденең бұлшықеттердің төменгі жиектерінің үстінен және шап байламының медиалды бөлігі арасында төменнен

үшбұрышты немесе сопақша саңылау пайда болады. Шәует шылбырының үстінде салбырап тұрған ішкі қиғаш және көлденен бұлшықеттердің төменгі жиегінен шәует шылбырымен бірге ұмаға баратын бұлшықет талшықтары шоғыры, *m. cremaster* (ата безді көтеретін бұлшықет) шығады.

Шап өзегінің саңылауы алдынан төменде шап байламына айналатын іштің сыртқы қиғаш бұлшықеті апоневрозымен, ал арт жағынан *fascia transversalis*-пен жабылған. Сөйтіп, шап өзегінде төрт қабырғаны ажыратуға болады: алдыңғысы — іштің сыртқы қиғаш бұлшықеті, артқысы — *fascia transversalis* түзеді, жоғарғысы — ішкі қиғаш және көлденен бұлшықеттердің төменгі жиегі, төменгісі — шап байламы. Шап өзегінің алдыңғы және артқы қабырғаларында бір-бірден шап сақинасы деп аталатын беткі және терең тесіктер бар (1-кесте).

1-кесте. Шап өзегінің қабырғалары

Алдыңғы	Іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің апоневрозы
Артқы	Көлденен шандыр, париеталды іш астар
Жоғарғы	Іштің ішкі қиғаш және көлденен бұлшықеттерінің талшықтары
Төменгі	Шап байламы (іштің сыртқы қиғаш бұлшықетінің иілген төменгі жиегі)


Беткей шап сақинасы, *annulus inguinalis superficialis* (алдыңғы қабырғада), сыртқы қиғаш бұлшықет апоневрозы талшықтарының екі аяқшаға ажырауы арқылы түзілген, ол аяқшалардың біреуі, *crus laterale tuberculum pubicum*-ге бекиді, ал екіншісі, *crus mediale* — шат симфизіне бекиді. Бұл екі аяқшадан басқа, тағы да шап өзегінің нақ өзінде тұқым жібінің артында беткі сақинаның үшінші (артқы) аяқшасы болады. Бұл аяқшаны қарама-қарсы жақтың *m. obliquus externus abdominis* апоневрозының төменгі талшықтары түзеді, олар ортаңғы сызықты қиып өтіп, *crus mediale* артынан өтіп, шап байламдары талшықтарымен қосылып кетеді. *Crus me-*

diale және *crus laterale* арқылы шектелген шап сақинасы қиғаш үшбұрышты санылау пішінді. Санылаудың сүйір бүйір бұрышы *m. obliquus externus abdominis*-ті жабатын шандыр есебінен пайда болатын доға тәрізді сіңірлі талшықтарымен, *fibræ intercrurales*, қоршалады. Нақ осы шандыр жұқа қабықша түрінде беткі шап сақинасының жиектерінен тұқым жібіне түсіп, оны *fascia cremasterica* деген атпен ата без қалтасына дейін ілестіріп барады.

Терең шап сақинасы, *annulus inguinalis profundus*, шап өзегінің *fascia transversalis* түзген артқы қабырғасы аймағында орналасып, сақина жиектерінен шәует шылбырына дейін созылып, оны ата безбен бірге қоршайтын қабық, *fascia spermatica interna*, түзеді. Одан басқа, шап өзегінің артқы қабырғасы медиалды бөлігінде *m. transversus abdominis* апоневрозынан шығып, тік бұлшықеттің жиегімен төмен шап байламына түсетін сіңірлі талшықтармен бекітіледі. Бұл *falx inguinalis* деп аталады. Бұл қабырғаны жабатын іш астар бір-бірінен кіндіктік деп аталатын, іш астарының тік қатпарларымен бөлінген екі шап шұңқырын, *fossae inguinales*, түзеді. Олар: ең латералдысы — *plica umbilicalis lateralis* астынан өтетін *a. epigastrica interior*; медиалды қатпар — *plica umbilicalis medialis* — онда *ligamentum umbilicale mediale*, яғни ұрықта қызмет атқаратын *a. umbilicalis* жатады; ортанғы қатпар — *plica umbilicale mediana* — ұрықтың зәр түтігін (*urachus*), *lig. umbilicale medianum* жабады (16-сурет).

Латералды шап шұңқыры, *fossa inguinalis lateralis*, *plica umbilicalis lateralis*-мен латералды орналасып, терең шап сақинасына сәйкес келеді; *plica umbilicalis lateralis* пен *plica umbilicalis medialis* аралығында жатқан медиалды шұңқыр, *fossa inguinalis medialis* шап өзегінің артқы қабырғасының ең осал бөлігіне сәйкес келеді де, беткей шап өзегінің қарсысында орналасады. Осы шұңқырлар арқылы шап өзегіне шап жарықтары дөненстеніп шығады, соның өзінде латералды шұңқыр арқылы латералды (сыртқы) қиғаш жарық, ал медиалды шұңқыр арқы-

лы медиалды (ішкі) тік жарық өтеді. Шап өзегінің пайда болуы ата бездің төмен түсуімен, *descensus testis* және ұрықтық кезеңде іш астарының *processus vaginalis* түзулерімен байланысты.



16-сурет. Іштің алдыңғы қабырғасының ішкі бетінің төменгі бөлігіндегі бедері; іш қуысы жағынан, артынан қарағандағы көрінісі: 1 — латералды шап шұңқыры; 2 — латералды кіндік катпары; 3 — медиалды шап шұңқыры; 4 — медиалды кіндік катпары; 5 — ортаңғы кіндік катпары; 6 — қуық үстілік шұңқыр; 7 — төменгі құрсақ үсті артериясы мен көктамыры; 8 — латералды кіндік катпары; 9 — несеп қуық; 10 — париеталды іш астар; 11 — шәует шығаратын түтік; 12 — терең шап сакинасы

ІШ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Іш бұлшықеттері	<i>Musculi abdominis</i>	Мышцы живота
Іштің тік бұлшықеті	<i>M. rectus abdominis</i>	Прямая мышца живота
Сіңірлі дәнекерлер	<i>Intersectiones tendineae</i>	Сухожильные перемычки
Іштің тік бұлшықетінің қынабы	<i>Vag. m. recti abdominis</i>	Влагалище прямой мышцы живота
Алдыңғы табакша	<i>Lam. anterior</i>	Передняя пластинка
Артқы табакша	<i>Lam. posterior</i>	Задняя пластинка
Доға тәрізді сызық	<i>Linea arcuata</i>	Дугообразная линия
Пирамидалық бұлшықет	<i>M. pyramidalis</i>	Пирамидалная мышца
Іштің сыртқы қиғаш бұлшықеті	<i>M. obliquus externus abdominis</i>	Наружная косая мышца живота
Шап байламы (шап доғасы)	<i>Lig. inguinale (arcus inguinalis)</i>	Паховая связка (паховая дуга)
Тесіктік байлам	<i>Lig. lacunare</i>	Лакунарная связка
Қырлы байлам	<i>Lig. pectineale</i>	Гребенчатая связка
Қайырылған байлам	<i>Lig. reflexum</i>	Загнутая связка
Беткей шап сақинасы	<i>Annulus (anulus) inguinalis superficialis</i>	Поверхностное паховое кольцо
Медиалды аяқшасы	<i>Crus mediale</i>	Медиальная ножка
Латералды аяқшасы	<i>Crus laterale</i>	Латеральная ножка
Аяқша аралық талшықтар	<i>Fibrae intercrurales</i>	Межножковые волокна
Іштің ішкі қиғаш бұлшықеті	<i>M. obliquus internus abdominis</i>	Внутренняя косая мышца живота
Ата безді көтеретін бұлшықет	<i>M. cremaster</i>	Мышца, поднимающая яичко

Іштін көлденен бұлшыкеті	<i>M. transversus abdominis</i>	Поперечная мышца живота
Шап орағы (дәнекер сiнiр)	<i>Falx inguinalis (tendo conjunctivus)</i>	Паховый серп (соединительное сухожилие)
Ақ сызық	<i>Linea alba</i>	Белая линия
Кiндiк сақинасы	<i>Annulus (anulus) umbilicalis</i>	Пупочное кольцо
Ақ сызықтың тiрегі	<i>Adminiculum lineae albae</i>	Подпора белой линии
Еркек жыныс мүшесiн/клиторды iлетiн байлам	<i>Lig. suspensorium penis/clitoridis</i>	Связка, подвешивающая половой член/клитор
Еркек жыныс мүшесiнiң сакпан тәрізді жалғамасы	<i>Lig. fundiforme penis</i>	Працевидная связка полового члена
Бел үшбұрышы	<i>Trigonum lumbale</i>	Поясничный треугольник
Көлденен шандыр	<i>Fascia transversalis</i>	Поперечная фасция
Терең шап сақинасы	<i>Annulus (anulus) inguinalis profundus</i>	Глубокое паховое кольцо
Шап өзегі	<i>Canalis inguinalis</i>	Паховый канал
Шұңқырша аралық байлам	<i>Lig. interfoveolare</i>	Межъямочковая связка
Белдiн шаршы бұлшыкетi	<i>M. quadratus lumborum</i>	Квадратная мышца поясницы
Жамбас астау бұлшыкеттері	<i>Musculi diaphragmatis pelvis</i>	Мышцы диафрагмы таза
Артқы өтiстi көтеретiн бұлшыкет	<i>M. levator ani</i>	Мышца, поднимающая задний проход
Қасаға-күйымшак бұлшыкеті	<i>M. pubococcygeus</i>	Лобково-копчиковая мышца

Қуық асты безін көтеретін бұлшықет (қасаға-қынап бұлшықеті)	<i>M. levator prostatae (m. pubovaginalis)</i>	Мышца, поднимающая предстательную железу (лобково-влагалищная мышца)
Қасаға-тік ішек бұлшықеті	<i>M. puborectalis</i>	Лобково-прямкишечная мышца
Қасаға-қынап бұлшықеті	<i>M. pubovaginalis</i>	Лобково-влагалищная мышца
Мықын-құйымшак бұлшықеті	<i>M. iliococcygeus</i>	Подвздошно-копчиковая мышца
(Артқы өтісті көтеретін бұлшықеттің сіңірлік доғасы)	(<i>Arcus tendineus m. levatoris ani</i>)	(Сухожильная дуга мышцы, поднимающей задний проход)
Құйымшак бұлшықеті	<i>M. coccygeus</i>	Копчиковая мышца
(Алдыңғы сегізкөз-құйымшак бұлшықеті)	(<i>M. sacrococcygeus ventralis</i>)	(Вентральная крестцово-копчиковая мышца)
(Артқы сегізкөз-құйымшак бұлшықеті)	(<i>M. sacrococcygeus dorsalis</i>)	(Дорсальная крестцово-копчиковая мышца)
Артқы өтістің сыртқы қысқышы	<i>M. sphinter ani externus</i>	Наружный сфинктер заднего прохода
Тері астылық бөлігі	<i>Pars subcutanea</i>	Подкожная часть
Беткей бөлігі	<i>Pars superficialis</i>	Поверхностная часть
Терең бөлігі	<i>Pars profunda</i>	Глубокая часть
Артқы өтіс құйымшак байламы	<i>Lig. anococcygeum</i>	Заднепроходно-копчиковая связка
Жамбас шандыры	<i>Fascia pelvis</i>	Фасция таза
Жамбастың париеталды шандыры	<i>Fascia pelvis parietalis</i>	Париетальная фасция таза
Жапқыш шандыр	<i>Fascia obturatoria</i>	Запирательная фасция

Жамбастын висцералды шандыры	<i>Fascia pelvis visceralis</i>	Висцеральная фасция таза
Қуық асты безінің шандыры	<i>Fascia prostatae</i>	Предстательная фасция
Тік ішек-несеп қуық калқасы	<i>Septum rectovesicale</i>	Прямокишечно-пузырная перегородка
Тік ішек-қынап калқасы	<i>Septum rectovaginale</i>	Прямокишечно-вагинальная перегородка
Жамбас көкетінің жоғарғы шандыры	<i>Fascia diaphragmatis pelvis superior</i>	Верхняя фасция диафрагмы таза
Жамбас көкеті шандырының сінірлі доғасы	<i>Arcus tendineus fasciae pelvis</i>	Сухожильная дуга фасции таза
Қасаға-қуық асты безі (қасаға-қуық) байламы	<i>Lig. puboprostaticum (pubovesicale)</i>	Лобково-предстательная (лобково-пузырная) связка
Жамбас көкетінің төменгі шандыры	<i>Fascia diaphragmatis pelvis inferior</i>	Нижняя фасция диафрагмы таза
Несеп-жыныс көкетінің бұлшықеттері	<i>Musculi diaphragmatis urogenitalis</i>	Мышцы мочеполовой диафрагмы
Шаттын терең кеністігі	<i>Spatium perinei profundum</i>	Глубокое пространство промежности
Шаттын көлденең терең бұлшықеті	<i>M. transversus perinei profundus</i>	Глубокая поперечная мышца промежности
Несеп шығаратын өзектің қысқышы	<i>M. sphincter uretrae</i>	Сфинктер мочеиспускательного канала
Несеп-жыныс көкетінің жоғарғы шандыры	<i>Fascia diaphragmatis urogenitalis superior</i>	Верхняя фасция мочеполовой диафрагмы
Несеп-жыныс көкетінің төменгі шандыры	<i>Fascia diaphragmatis urogenitalis inferior</i>	Нижняя фасция мочеполовой диафрагмы

(Шат жарғағы)	(<i>Membrana perinei</i>)	(Мембрана промежности)
Шаттың көлденен байламы	<i>Lig. transversum perinei</i>	Поперечная связка промежности
Шаттың беткей кеністігі	<i>Spatium perinei superficiale</i>	Поверхностное пространство промежности
Шаттың беткей көлденен бұлшықеті	<i>M. transversus perinei superficialis</i>	Поверхностная поперечная мышца промежности
Шонданай-үнгір бұлшықеті	<i>M. ischiocavernosus</i>	Седалищно-пещеристая мышца
Буылтық-кеуек бұлшықеті	<i>M. bulbospongiosus</i>	Луковично-губчатая мышца
Шаттың беткей шандыры	<i>Fascia perinei superficialis</i>	Поверхностная фасция промежности
Шонданай-тік ішек шұнқыры	<i>Fossa ischiorectalis</i>	Седалищно-прямокишечная ямка
Шонданай-тік ішек шұнқырының майлы денесі	<i>Corpus adiposum Fossae ischiorectalis</i>	Жировое тело седалищно-прямокишечной ямки
Жыныстық өзек	<i>Canalis pudendalis</i>	Пудендальный канал
Қасаға артылық кеністік	<i>Spatium retropubicum</i>	Позадилобковое пространство

ҚОЛ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Қол бұлшықеттері еңбек мүшесі ретіндегі қолдың қимыл-қозғалысын іске асырады.

Қол бұлшықеттері оны тұлға қаңқасына бекітіп, сүйектердің бұлшықетті байланысын түзіп, иық белдеуі сүйектерін орталық ретінде оның сүйектеріне әр жақтан — бастан, арқа мен кеудеден келеді және олардың шығу тегі әр түрлі.

1. Беку нүктелері иық белдеуі сүйектерінде болатын, тұлғаның вентралды бұлшықеттерінің туындылары, яғни **трункофугалды бұлшықеттер**: *m. rhomboideus*, *m. levator scapulae*, *m. serratus anterior*, *m. subclavius*, *m. omohyoideus*, сондай-ақ бастан ығысып ауысқан желбезек доғаларының туындылары: *m. trapezius*.
2. **Трункoпeтaлды бұлшықеттер**: *m. latissimus dorsi*, *mm. pectorales major et minor*.

Аталған бұлшықеттердің орналасуы және қызметі арқа, кеуде және мойын бұлшықеттерін сипаттағанда қарастырылады. Қолдың басқа бұлшықеттері миотомдардың вентралды бөлігінен пайда болады және оларды иық белдеуі, иық, білек және кол басы бұлшықеттеріне бөлуге болады.

ИЫҚ БЕЛДЕУІ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Иық буынының жұмыр пішініне және оның барлық бағыттарда (көп білікті буын) қозғалатындығына сәйкес оған қызмет ететін бұлшықеттер тоқпан жілікке бекіп, оның жан-жағында орналасады. Олар топографиялық жағынан алдыңғы және артқы топтарға бөлінеді.

Иық белдеуінің артқы топ бұлшықеттері

- ✧ **Дельта тәрізді бұлшықет**, *m. deltoideus*, тоқпан жіліктің проксималды шетін жауып тұрады. Ол бұғананың латералды үштен бір бөлігі мен жауырын акромионынан, *spina scapulae*-ның барлық бойынан басталады. Бұлшықеттің алдыңғы және артқы шоғырлары тікелей төмен және латералды жүреді; ортаңғы шоғырлары тоқпан жіліктің басын орап өтіп, төмен қарай бағытталады. Барлық шоғырлар түйісіп, тоқпан жілік ортасындағы *tuberositas deltoidea*-ға бекиді. Бұлшықеттің ішкі беті мен тоқпан жіліктің үлкен төмпешігі арасында *bursa subdeltoidea* кездеседі.

Қызметі. Дельта тәрізді бұлшықеттің алдыңғы (бұғаналық) бөлігі жиырылғанда, кол бүгіледі — *flexio*; артқы (жауы-

рындық) бөлігі жиырылғанда, кері қозғалыс жазылу — *extensio* жүзеге асады. Ортанғы (акромиалды) немесе барлық бөлігі жиырылғанда, қол тұлғадан горизонталды деңгейге көтеріледі. Бұл қимылдардың барлығы иық буынында іске асады. Токпан жілік иық қақпағына тірелуінен иық буынындағы қозғалыс тежелген кезде, қолды горизонталь деңгейден жоғары көтеру, *elevatio* иық белдеуі мен арканың жауырынға бекітін бұлшықеттерінің көмегімен орындалады. Бұл жағдайда *m. trapezius* жоғарғы шоғырлары арқылы *spina scapulae*-ның көмегімен жауырынның латералды бұрышы жоғары және медиалды тартылған, ал *m. serratus anterior*-дың төменгі шоғырлары мен төменгі бұрышы жоғары және латералды тартылған, нәтижесінде жауырын оның жоғарғы бұрышы арқылы өтетін сагитталды білігін айнала бұрылады. Жауырынның бұрылуы нәтижесінде оның буындық ойысы, онымен қоса иық күмбезіне қатысты алғанда бұрынғы калпында дельта тәрізді және қылқан үстілік бұлшықеттер көмегімен ұсталып тұратын токпан жілік жоғары көтеріледі.

✧ **Қылқан үсті бұлшықеті**, *m. supraspinatus*, жауырынның *fossa supraspinata*-да орналасып, токпан жіліктің үлкен төмпешігінің жоғарғы бөлігіне бекиді. Бұлшықет берік шандырмен, *fascia supraspinata*, жабылған.

Қызметі. *M. deltoideus*-тың синергисі ретінде қолды көтереді.

✧ **Қылқан асты бұлшықеті**, *m. infraspinatus fossa infraspinata*-ның көп бөлігін толтырып, токпан жіліктің үлкен төмпешігінің жоғарғы бөлігіне бекиді.

Қызметі. Алдыңғы бұлшықеттегідей.

✧ **Кіші дөңгелек бұлшықет**, *m. teres minor*, жауырынның *margo lateralis*-нен басталып, *m. infraspinatus* сіңірінен төмен токпан жіліктің үлкен төмпешігіне бекиді.

✧ **Үлкен дөңгелек бұлшықет**, *m. teres major* жауырынның төменгі бұрышының артқы бетінен басталып, *m. latissimus dorsi*-мен бірге *crista tuberculi minoris*-ке бекиді. Ол адамда ортақ иннервацияны сақтай отырып, жауырын асты бұлшықетінен жекешеленеді.

Қызметі. Қолды артқа және төмен қарай тартып, оны тұлғаға жақындатады, сол сияқты ішке қарай айналдырады.

- ✧ *Жауырын асты бұлшықеті, m. subscapularis*, жауырынның бүкіл *fascies costalis*-нен басталып, тоқпақ жіліктің *tuberculum minus*-на бекиді.

Қызметі. Иықты ішке қарай айналдырады (пронациялайды), сондай-ақ буын қапшығын керіп, оны қысылып қалудан сақтайды. Қапшықпен бітісуі арқасында жоғарыда сипатталған тоқпан жіліктің үлкен төмпешігіне бекіген бұлшықеттердің де буын қапшығын керіп, оны қысылып қалудан сақтайтын қызметі бар.

- ✧ *Арқаның аса жалпақ бұлшықеті, m. latissimus dorsi* («Арқа бұлшықеттерін» қараңыз).

Иық белдеуінің алдыңғы топ бұлшықеттері

- ✧ *Үлкен кеуде бұлшықеті, m. pectoralis major*.
- ✧ *Кіші кеуде бұлшықеті, m. pectoralis minor* («Кеуде бұлшықеттерін» қараңыз).
- ✧ *Құс тұмсық-иық бұлшықеті, m. coracobrachialis*, қысқа *m. biceps brachii* басымен және *pectoralis minor*-мен жауырынның тұмсық тәрізді өсіндісінен басталып, тоқпан жіліктің медиалды бетіне *crista tuberculi minoris*-тен дисталды бекиді.

Қызметі. Иықты бөгеп, жақындатады.

ИЫҚ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Иық бұлшықеттері ең карапайым формада қол-аяқ бұлшықеттерінің бастапқы орналасуын сақтап, келесідей орналасады: екі бүккіш бұлшықет (*m. biceps* және *m. brachialis*) алдыңғы бетінде (алдыңғы топ) және екі жазғыш бұлшықет (*m. teres* пен *m. anconeus*) артқы бетінде (артқы топ). Олар шынтақ буынына әсер етіп, фронталды білік айналасында қозғалыс тудырады, сондықтан иықтың алдыңғы және артқы беттерінде орналасып, білек сүйектеріне бекиді. Бұлшықеттердің екі тобы да иықтың барлық бұлшықеттерін қаусыратын, оның ор-

так шандырынан тоқпан жіліктің латералды және медиалды жиектеріне қарай баратын екі дәнекер тінді калқалармен, *septa intermuscularia brachii*, бөлінген.

Иықтың алдыңғы топ бұлшықеттері

- ✧ *Иықтың екі басты бұлшықеті, m. biceps brachii* — үлкен бұлшықет, оның жиырылғанын тері астынан оңай байқауға болады. Бұлшықет проксималды екі бастан тұрады, біріншісі (ұзын, *caput longum*) жауырынның *tuberculum supraglenoidale*-нен ұзын сіңірмен басталады, ол сіңір бүкіл иық буыны қуысы арқылы өтіп, *vagina synovialis intermuscularis*-пен қоршалған тоқпан жіліктің *sulcus intertubercularis*-не жайғасады; екінші басы (қысқа, *caput breve*) жауырынның *processus coracoideus*-нен басталады. Екі бас қосылып, *tuberositas radii*-ге бекітін сіңірмен аяқталатын ұзынша ұршық тәрізді қарыншаға бірігеді. Сіңір мен *tuberositas radii* арасында тұрақты синовий қалтасы, *bursa bicipitoradialis* жатады. Осы сіңірден білек шандырына қосылатын жалпақ медиалды сіңірлі шоғыр, *aponeurosis m. bicipitis brachii* шығады.

Қызметі. Шынтақ буынында білекті бүгеді, шыбық сүйекке бекіген нүктесінің аркасында егер білек алдын ала пронацияланған болса, супинатор ретінде қимыл жасайды. Екі басты бұлшықет шынтақ буыны арқылы ғана емес, иық буыны арқылы да өтіп, шынтақ буыны *m. triceps* арқылы нығайтылғанда ғана иықты бүгіп, оған әсер ете алады.


- ✧ *Иық бұлшықеті, m. brachialis*, екі басты бұлшықеттен тереңдеу жатады, тоқпан жіліктің алдыңғы бетінен, сондай-ақ екі *septa intermuscularia brachii*-ден басталып, *tuberositas ulnae*-ге бекиді.

Қызметі. Білекті бүгеді.

Иықтың артқы топ бұлшықеттері

- ✧ *Үш басты иық бұлшықеті, m. triceps brachii*, иықтың бүкіл артқы жағын алып жатады және жалпы бір сіңірге ауысатын үш кішкене бастан тұрады. Ұзын басы, *caput*

longum жауырынның *tuberculum infraglenoidale*-нен басталып, *m. teres major* мен *minor* арасынан өтіп, төмен түседі. Латералды басы, *caput laterale* иықтың артқы бетінде *sulcus nervi radialis*-тен жоғары және латералды, ал төменде *septum intermusculare brachii laterale*-ден басталады. Медиалды басы, *caput mediale* тоқпан жіліктің артқы бетінен *sulcus n. radialis*-тен дисталды, сондай-ақ бұлшықет аралық табакшалардан басталады. Жалпак ортақ сіңір кәрі жіліктің *olecranon*-на бекиді. Сіңірдің артынан онымен тері астында, *olecranon* аймағында синовий қалтасы, *bursa olecrani*, орналасады (17-сурет).



17-сурет. Иық пен білектің артқы топ бұлшықеттері

Қызметі. Шынтақ буынында білекті жазады, ұзын басы иықты жазып, түсіреді.

- ❖ **Шынтақ бұлшықеті**, *m. anconeus*, кішкентай, үшбұрышты бұлшықет, проксималды жиегімен үш басты бұлшықетке

жанасады. Токпан жіліктің *epicondylis lateralis* мен *lig. col-laterale radiale*-ден басталып, кәрі жіліктің артқы бетіне, оның проксималды төрттен бір бөлігінде бекиді.

Қызметі. *M. triceps brachii* атқаратын қызмет сияқты.

БІЛЕК БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Қызметі жағынан олар бүккіштер мен жазғыштар болып бөлінеді, бірақ олардың кейбіреулері қол басын түгелдей бүгіп жазады, ал баскалары тек саусақтарды ғана бүгіп жазады. Одан басқа, шыбық сүйекті тиісті қозғалысқа келтіретін пронаторлар мен супинаторлар болады. Орналасуына қарай бұл бұлшықеттердің барлығы екі топқа бөлінеді: алдыңғы топтың құрамына бүккіштер мен пронаторлар, ал артқы топқа жазғыштар мен супинаторлар жатады.


Әр топ беткей және терең қабаттан құралады. Алдыңғы топ бұлшықеттерінің беткей қабаты иықтың медиалды айдаршығы аймағынан, артқы топтың дәл осындай қабаты латералды айдаршық аймағынан басталады. Екі топтың терең қабаты екі басты бөліктерімен білек сүйектері мен сүйек аралық жармақтан басталады. Қол басы бүккіштері мен жазғыштарының ақырғы бекітін жерлері қоспа сүйектерінің негіздерінде жатады, ал саусақтарға баратын дәл осындай бұлшықеттер бұнақтарға бекиді. Тек бас бармақты көтеретін бұлшықет қана І алақан сүйегіне бекиді.

Пронаторлар мен супинаторлар шыбық сүйекке бекиді. Білектің иыққа жақындау бұлшықеттері еттілеу бөліктерден тұрып, қол басына қарай ұзын сіңірлерге айналады, сондықтан білек алдынан артқа қарай жалпайған конус пішінді келеді.

Білектің алдыңғы топ бұлшықеттері

Беткей қабат келесі бұлшықеттерден тұрады.

✧ **Дөңгелек пронатор**, *m. pronator teres*, токпан жіліктің медиалды айдаршығы мен *tuberositas ulnae*-дан басталып, шыбық сүйектің латералды жағына, оның ортасынан сәл жоғары бекиді (18-сурет).




18-сурет. Білектің алдыңғы топ бұлшықеттері

Қызметі. Білекті ішке бұрып, оның бүгілуіне қатысады.

✧ *Білезіктің шыбықтық бүккіші, m. flexor carpi radialis*, дөңгелек пронатордың медиалды жиегін бойлай жатады. Токпан жіліктің медиалды айдаршығынан басталып, II алақан сүйегінің негізіне бекиді (19-сурет).

Қызметі. Қол басын бүгеді, сондай-ақ оны басқа бұлшықеттермен бірлесе шыбық сүйек жағына қарай көтереді.

- ✧ **Ұзын алақан бұлшықеті, *m. palmaris longus***, иықтың медиалды айдаршығынан басталып, алдыңғы бұлшықеттен медиалды жатады. Оның қысқа ұршық тәрізді қарыншасы өте жоғары жінішке ұзын сіңірге ауысады, ол сіңір *retinaculum flexorum* үстінен алақан апоневрозына, *aponeurosis palmaris*, ауысады. Бұл бұлшықет кейде болмайды.



19-сурет. Білек бұлшықеттері, беткей кабат. Алдынан карағандағы көрінісі.

Қызметі. Алақан апоневрозын керіп, қол басын бүгеді.

✧ **Білезіктің шынтақтық бүккіші, *m. flexor carpi ulnaris***, білектің шынтақ жиегінде орналасады, тоқпан жіліктің медиалды айдаршығынан басталып, ол үшін тобық сүйек болып табылатын бұршақ тәрізді сүйекке, одан әрі *os hamatum*-ге (*lig. pisohamatum* түрінде) және V алақан сүйегіне (*lig. pisometacarpeum* түрінде) бекиді.

✧ **Беткей саусақ бүккіштері, *m. flexor digitorum superficialis***, сипатталған төрт бұлшықеттен терендеу жатады. Тоқпан жіліктің медиалды айдаршығынан, кәрі жіліктің *processus coronoideus*-нен және шыбық сүйектің жоғарғы бөлігінен басталады. Бұлшықет төрт ұзын сіңірге бөлінеді, олар білектен *canalis carpalis* арқылы алақанға келіп, ол жерде II–V саусақтардың алақандық бетіне барады (20-сурет).


Проксималды бунақ (фаланг) денесі денгейінде сіңірлердің әрқайсысы екі аяқшаға бөлінеді, олар ажырап, терең бүккіштің өздері қиылысатын (*chiasma tendineus*) сіңірін өткізу үшін саңылау, *hiatus tendineus*, түзіп, ортаңғы бунақ негізінің алақан бетіне бекиді.

Қызметі. Саусақтардың (бас бармақтан басқа) проксималды және ортаңғы бунақтарын, сондай-ақ бүкіл қол басын бүгеді.

Білектің терең қабаты (21-сурет)


✧ **Бас бармақтың ұзын бүккіші, *m. flexor pollicis longus*** шыбық сүйектің алдыңғы бетінен, *tuberositas radii*-ден дисталды және бір бөлігі тоқпан жіліктің медиалды айдаршығынан басталады. Ұзын сіңірі *retinaculum flexorum* астынан алақанға өтіп, *m. flexor pollicis brevis*-тің екі басы арасындағы науашық пен бас бармақтың екінші бунағының негізіне барады.

Қызметі. Бас бармақтың дисталды бунағын, сондай-ақ қол басын бүгеді.



20-сурет. Білек бұлшықеттері, ортаңғы қабат. Алдынан карағандағы көрінісі

- ❖ **Саусақтардың терең бүккіші, *m. flexor digitorum profundus*,** кәрі жілік пен сүйек аралық жарғақтан басталады. Оның білектің ортасында бұлшықет денесінен шығатын төрт сінірі *canalis carpalis* арқылы алақанға өтіп, беткі бүккіш сінірлері астына келіп, одан II–V саусақтарға барады, бұл сінірлердің әрқайсысы *m. flexor digitorum superficialis* сінірі



21-сурет. Білек бұлшықеттері, терең қабат. Алдынан карағандағы көрінісі

аяқшалары арасынан *hiatus tendineus*-ке өтіп, онымен аяқасып, дисталды бунақ түзеді.

Қызметі. II—V саусақтардың ортаңғы және дисталды бунақтарын бүгеді, сонымен қатар қол басын бүгуге қатысады.

✦ **Шаршы пронатор, *m. pronator quadratus***, екі білек сүйегінің дисталды шеттерінің алдында және сүйек аралық

жарғақта, қол басы буындарынан сәл жоғары орналасқан жалпақ төрт бұрышты бұлшықет болып табылады.

Қызметі. Білекті ішке қарай бұрады.

Білектің артқы топ бұлшықеттері

Артқы топ бұлшықеттерінің беткей қабатын шыбықтық және кәрі жіліктік топтарға бөлуге болады. Олардың біріншісі білектің алғы-латералды бетінде, ал екіншісі оның артқы жағында да жатады.

Білектің беткей қабаты шыбықтық тобы

❖ **Иық-шыбық бұлшықеті, *m. brachioradialis***, білектің алғы-латералды бетінде, оның бүйір жиегін бойлап жатады. Бұл бұлшықет тоқпан жіліктің латералды жиегінен басталып, *m. brachialis* пен *m. triceps* аралығында орналасады. Содан кейін оның қарыншасы шыбық сүйектің алдынан төмен түсіп, білектің орта тұсында біз тәрізді өсіндінін үстінде шыбық сүйекке бекітін ұзын сіңірге ауысады. Бұлшықеттің медиалды жағынан шектесетін жерлері *m. pronator teres* пен *m. flexor carpi radialis*.

Қызметі. Білекті шынтақ буынында бүгіп, шыбық сүйекті пронация мен супинация аралығындағы калыпқа келтіреді (әдетте, бос түсірулі білек пен қол басы осындай калыпта болады).

❖ **Білектің шыбықтық ұзын жазғыш бұлшықеті, *m. extensor carpi radialis longus***, білектің артқы-латералды бетінде, алдыңғы бұлшықеттің артына қарай орналасады және иықтың латералды жиегі мен латералды айдаршығынан басталады. Білектің орта тұсында бұлшықет сіңірге айналады, ол сіңір шыбық сүйектің бүйір бетімен жүріп, содан кейін *retinaculum extensorum* астынан өтіп, II алақан сүйегі негізінің сыртқы бетіне бекиді.

Қызметі. Қол басын жазады және оны көтереді (шыбық жаққа қарай, соңғысы *m. flexor carpi radialis*-пен бірге).

❖ **Білезіктің шыбықтық қысқа жазғыш бұлшықеті, *m. extensor carpi radialis brevis***, ол білезіктің шыбықтық ұзын

жазғышының артында жатады, тоқпан жіліктің латералды айдаршығынан басталып, *m. extensor carpi radialis longus* сіңірімен бірге жүреді, олардың екеуі де білектің дисталды үштен бірінде *m. abductor pollicis longus* пен *m. extensor pollicis brevis*-пен, ал қол басы аймағында бас бармақтың ұзын жазғышының сіңірімен қиылысады. Олар ары қарай жалпы (екінші) фиброзды өзек арқылы *retinaculum extensorum* астынан өтіп, қол басының шыбықтық қысқа жазғышының сіңірі ІІІ алақан сүйегі негізінің сыртқы бетіне бекиді. Осы жерде оның астында кішкене синовий қалтасы жатады.

Қызметі. Қол басының шыбықтық ұзын жазғышының қызметіндей.

Білек беткей қабатының кәрі жіліктік тобы

❖ **Саусақтар жазғыштары, *m. extensor digitorum*,** білектің артқы бетінде жатып, *m. extensor carpi radialis brevis*-пен бірге *epicondylus lateralis*-тен басталады. Білектің орта тұсында бұлшықет әрқайсысы ұзын сіңір беретін төрт қарыншаға бөлінеді. Сіңірлер қол басының сырт жағына өтіп, осы жердегі өзектердің төртіншісі арқылы *retinaculum extensorum* астына өтіп, төрт саусаққа бөлініп ажырайды. Қол басының сыртында алақан-бунақ буындарының жанында сіңірлер қиғаш фиброзды көпіршелер, *connexus intertendineus*, арқылы бір-бірімен қосылады, нәтижесінде екі ортаңғы саусақ тек бірге ғана жазыла алады; ал сұқ саусақ пен шынашақ меншікті жазғыштары болғандықтан өз дербестіктерін сақтайды.

Жалпы жазғыштың әрбір сіңірі сәйкес саусақтың сырт жағында үш шоғырға бөлінетін үшбұрышты сіңірлі созылмаға ауысады. Ол үш шоғырдың ортаңғысы ортаңғы бунақтың негізіне, ал бүйір шоғырлары дисталды бунақтың негізіне бекиді.

Қызметі. ІІ–V саусақтарды және қол басын жазады.

❖ **Шынашақ жазғышы, *m. extensor digiti minimi*,** жалпы саусақтар жазғышынан оның шынтақ жағынан бөлінеді.

Оның ұзын сінірі *retinaculum extensorum* астынан бесінші өзек арқылы қол басының сыртымен шынашаққа өтіп, жалпы жазғыштың осы саусаққа келетін сінірімен байланысады.

- ✧ **Білезіктің шынтақтық жазғышы, *m. extensor carpi ulnaris***, латералды жиегімен жалпы жазғышқа және шынашақ жазғышына жанасып жатады, осы бұлшықеттермен бірге тоқпан жіліктің латералды айдаршығынан, сондай-ақ кәрі жіліктің артқы жиегінен басталады. Бұлшықет сінірі алтыншы сінірлі өзек арқылы *retinaculum* астынан өтіп, V алақан сүйегі негізіне (*tuberositas ossis metacarpi V*) бекиді.

Қызметі. Қол басын жазып, оны шынтакқа тартады.

Білектің терең топ бұлшықеттері

- ✧ **Супинатор** білектің жоғарғы латералды бөлігінде орналасқан, оны *m. brachioradialis* пен білезіктің екі шыбықтық жазғышы жауып жатады. Ол тоқпан жіліктің латералды айдаршығынан, шынтак буынының *lig. collaterale* және кәрі жіліктің жоғары шетінен басталып, шыбық сүйектің проксималды басын және *tuberositas radii*-ді қаусырады.

Қызметі. Білекті сыртқа бұрады.

- ✧ **Бас бармақты сыртқа әкететін ұзын бұлшықет, *m. abductor pollicis longus*, бас бармақты жазатын қысқа бұлшықет, *m. extensor pollicis brevis***, шыбық сүйектің артқы бетінен, сүйек аралық жарғақтан және *ulna*-дан басталады, бірінші бұлшықет екіншіден жоғары жатады. Олар осы жерден дисталды және латералды жаққа қарай жүріп, саусақтардың жалпы жазғыштарының шыбық сүйек жиегі астынан шығып, бірінші өзек арқылы *retinaculum extensorum* астына өтіп, бас бармаққа барады. Ол жерде *m. abductor pollicis longus* сінірі бір бөлігімен I алақан сүйегі негізіне, екінші бөлігімен *m. abductor brevis*-тің сінірлі басына, ал *m. extensor pollicis brevis*-тің сінірі бас бармақтың проксималды бунағына бекиді.

Қызметі. *M. abductor pollicis longus* бас бармақты алыстатады және қол басын шыбық жағынан көтереді. *M. extensor pollicis brevis* бас бармақтың проксималды бунағын жазады.

- ✧ **Бас бармақтың ұзын жазғышы, *m. extensor pollicis longus*,** кәрі жіліктің артқы бетінің ортаңғы үштен бірінен басталып, сіңірі арқылы саусақтардың жалпы жазғышы астынан алдыңғы екі бұлшықеттің сіңірлерін қиғаш қиып өтіп, үшінші өзекте *retinaculum extensorum* астынан өтіп, бас бармақтың сырт жағына барып, сол жерде оның екінші бунағына бекиді. Шыбық-білезік буынының радиалды жағынан, бір жағынан *mm. extensor pollicis longus* және екінші жағынан *mm. extensor pollicis brevis* пен сіңірлері арасында анатомиялық шақша (табекерка) деп аталатын ойыс түзіледі.

Қызметі. Бас бармақты сыртқа қарай тартып, жазады.

- ✧ **Сұқ саусақ жазылғышы, *m. extensor indicis*,** кәрі жіліктің артқы бетінің дисталды үштен бірінен басталады. Оның сіңірі саусақтардың жалпы бүккішінің сіңірімен бірге төртінші өзек арқылы *retinaculum extensorum* астына өтіп, сұқ саусақтың сыртқы сіңірлі созылмасына ауысып, жалпы жазғыштың осы саусаққа баратын сіңірінің шынтақ жағына қосылады.

ҚОЛ БАСЫ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Білек бұлшықеттерінің қол басының сыртқы және алақан беттерінде өтетін сіңірлерінен басқа онда қолдың осы бөлімінен басталып, аяқталатын меншікті қысқа бұлшықеттері болады. Олар үш топқа бөлінеді. Олардың екеуі алақанның шыбық сүйек және кәрі жілік жиектерінде орналасып, бас бармақ томпағы, *thenar* мен шынашақ томпағы, *hypothenar* түзеді; үшінші топ алақан ойысында, *palma manus* орналасады. Адамда қолдың еңбек мүшесінің ең маңызды бөлігі болып табылатын қол басы бұлшықеттері барынша жетілген. Бұл жағдайда адам эволюциясы үдерісінде адам тәрізді маймылдармен са-

лыстырғанда бас бармақ бұлшықеттері барынша дамыған, соның арасында адам оны барлық саусақтарға карама-қарсы қоя алады. Оны адам жұдырығын түйіп, бас бармағының ұшымен V саусақтың буынына жеткізе алу қабілетінен байқауға болады. Адамда жазғыш бұлшықеттер де жақсы дамыған, соның салдарынан әрбір саусақ толық жазылып, тіктеле алады. Нәтижесінде қол басы мен оның әрбір саусағы жұмыс істеу үшін қажет болып табылатын барынша бүгіліп, жазылу қабілетіне ие болған.

***Thenar* бұлшықеттері**

- ✧ ***Бас бармақты әкететін қысқа бұлшықет*, *m. abductor pollicis brevis***, басқаларына қарағанда беткей жатады. *Retinaculum flexorum* мен *tuberculum ossis scaphoidei*-ден басталып, бас бармақтың проксималды бунағының шыбық сүйек бетіне бекиді.

Қызметі. Бас бармақты сыртқа әкетеді.

- ✧ ***Бас бармақтың қысқа бүккіші*, *m. flexor pollicis brevis***, екі бастан тұрады. Беткей басының басталатын жері — *retinaculum flexorum*, одан *thenar* шынтақ жиегі бойымен жүріп, тарылып, бас бармақтың алақан-бунақтық буыны аймағында басталып, екі басынан тұрады. Оның екі басы арасында түзілетін науашық арқылы *m. flexor pollicis longus*-тың сіңірі өтеді.

Қызметі. Бас бармақтың проксималды бунағын бүгіп, оны аздап басқа саусақтарға қарсы қояды.

- ✧ ***Бас бармақты карама-қарсы қоятын бұлшықет*, *m. opponens pollicis***, *thenar*-дың шыбықтық жиегінде *m. abductor pollicis brevis*-тің астында орналасады. Басталатын жерлері — *retinaculum flexorum* мен *os trapezium* төмпешігі, бекітін жері — I алақан сүйегінің шыбықтық жиегі.

Қызметі. Бас бармақты алақанға қарай тартып, оны шынашаққа қарсы қояды.

- ✧ ***Бас бармақты әкелетін бұлшықет*, *m. adductor pollicis***, алақанның тереңінде жатады. III алақан сүйегінен басталып,

алға қарай II алақан сүйегіне өтіп, кәрі жілік пен бас бармақтың проксималды бунағының негізіне бекиді.

Қызметі. Бас бармақты әкеліп, оны аздап қарама-қарсы қояды.

***Hypothenar* бұлшықеттері**

- ❖ **Қысқа алақан бұлшықеті, *m. palmaris brevis***, тері астында беткей орналасады. Алақан апоневрозынан басталып, алақанның кәрі жіліктік жиегінде теріде аяқталады.

Қызметі. Алақан апоневрозын кереді.

- ❖ **Шынашақты әкететін бұлшықет, *m. abductor digiti minimi***, *hypothenar*-дың кәрі жіліктік жиегінде беткей орналасады. Басталатын жері — *retinaculum flexorum* және *os pisiforme*; V саусақтың проксималды бунағы негізінің кәрі жіліктік жиегіне бекиді.

Қызметі. Шынашақты әкетеді.

- ❖ **Қысқа шынашақ бүккіші, *m. flexor digiti minimi brevis***, алдыңғы бұлшықеттің шыбықтық жиегінде беткей жатады. Басталатын жері — *retinaculum flexorum* және *os hamatum*-ның ілмегі, шынашақтың проксималды бунағының негізіне бекиді.

Қызметі. V саусақтың проксималды бунағын бүгу.

- ❖ **Шынашақты қарама-қарсы қоятын бұлшықет, *m. opponens digiti minimi***, алдыңғы екі бұлшықетпен түгелдей дерлік жабылған деуге болады. Басталатын жері — *retinaculum flexorum* мен *os hamatum*-ның ілмегі; V алақан сүйегінің кәрі жіліктік жиегіне бекиді.

Қызметі. Шынашақты қарама-қарсы қояды.

Алақан ойысының бұлшықеттері

- ❖ **Құрт тәрізді бұлшықеттер, *mm. lumbricales***, өздері басталатын терең саусақ бүккіштері сіңірлері арасында орналасқан төрт жіңішке бұлшықет шоғыры. Құрт тәрізді бұлшықеттер саусақтарға қарай келіп, алақан сүйектерінің бастарын шыбық жағынан орап өтіп, проксималды бу-

нақтың сыртында саусақтардың жалпы жазғышының сіңірлі созылмасына бекиді.

Қызметі. Бұлшықеттер II—V саусақтардың проксималды бунағын бүгіп, ортаңғы және дисталды бунақтарын жазады.

❖ **Сүйек аралық бұлшықеттер**, *mm. interossei*, алақан сүйектері аралығында жатады. Олар негізінен саусақтарды орта сызықтан қашықтату және оған жақындату қызметін атқара отырып, ортаңғы саусақ айналасына топталады. Мысалы, үш алақан бұлшықеттері, *mm. interossei palmares*, аддуктор бола отырып, орта сызықтан, яғни III алақан сүйегінен шашыранқы орналасқан, сондықтан II, IV және V саусақтардағы *m. extensor digitorum*-ның сыртқы сіңірлі созылмасына бекиді. I саусақ төртінші алақандық сүйек аралық бұлшықетті ауыстыратын сияқты өзінің меншікті *m. adductor pollicis* арқылы келтіріледі. Төрт сыртқы *mm. interossei dorsales* абдуктор бола отырып, III алақан сүйегіне қарай түйсетін бағытта орналасып, II, III және IV саусақтарға бекиді. Шеткі саусақтардың (I және V) өз абдукторлары бар. Барлық сүйек аралық бұлшықеттер кұрт тәрізді бұлшықеттер сияқты проксималды бунақты бүгіп, ортаңғы және дисталды бунақтарды жазады. Сөйтіп, әрбір саусақтың әрбір бунағында бір немесе екіден оны қозғалтатын жеке бұлшықеттері болады, мысалы, II—V саусақтардың әрқайсысының проксималды бунағын *mm. lumbricales* және *interossei palmares*, ортаңғы бунағын — *m. flexor digitorum superficialis* және дисталды бунағын — *m. flexor digitorum profundus* бүгеді.

ҚОЛ ШАНДЫРЛАРЫ МЕН СІҢІРЛЕРІНІҢ ҚЫНАПТАРЫ

Дельта тәрізді аймақта жататын дельта тәрізді бұлшықетті жұқа *fascia deltoidea* жабады, ол бұлшықет шоғырлары арасында өтетін өсінділер береді. Бұл шандыр алдынан *fascia pectoralis*-ке, артынан арқаның беткей шандырына ауысады, ол иық шандырымен тұтасып кетеді. Иық бұлшықеттерін ай-

нала қаусыратын иық шандыры, *fascia brachii*, жұқа болып келеді.

Оның бүйірлерінен тереңге қарай алдыңғы бұлшықеттерді артқы бұлшықеттерден бөлетін екі фиброзды бұлшықет аралық қалқа, *septa intermuscularia brachii*, шығады: медиалды қалқа, *septum intermusculare brachii mediale*, *m. brahialis* пен үш басты бұлшықет арасынан өтіп, иықтың *epicondylus medialis* үстінде сүйекті қырқашыққа бекиді. Латералды қалқа, *septum intermusculare brachii laterale*, иықтың басқа жиегінде иық және үш басты бұлшықеттер арасынан, ал дисталды жағынан соңғысы мен *m. brachioradialis* арасынан өтіп, *epicondylus lateralis* үстінде тоқпан жіліктің латералды жиегінің қырқашығымен бітісіп кетеді. Шынтақ буынында иық шандыры білек шандырына, *fascia antebrachii*, ауысады және осы жерде оның екі басты иық бұлшықеті сіңірінің беткей бөлігі, *aponeurosis m. bicipitis brachii*, болып табылатын қалыңдау жолағы болады. Білек бұлшықеттерін қаусыратын *fascia antebrachii* олардың арасында фиброзды қалқалар түзеді. Ол иық айдаршықтары мен кәрі жіліктің артқы жиегіне бітіседі.


Білек шандыры қол басымен шекарада сырт жағында жазғыштарды ұстап тұратын, *retinaculum extensorum* түрінде көлденең қалыңдаған жер түзеді. Ол өсінділер арқылы шыбық сүйек пен кәрі жіліктің сыртқы беттерімен тұтасып өседі. Бұл өсінділердің арасында, ұстағыштың астында алты фиброзды және сүйекті-фиброзды өзектер жатады, бұлар арқылы саусақтар мен қол басы жазғыштарының сіңірлері өтеді. Бірінші өзекте (шыбық жиегінен санағанда) *m. abductor pollicis longus* және *m. extensor pollicis brevis* сіңірлері өтеді; екінші өзекте (кейде қосарлы) *mm. extensor carpi radiales longus et brevis* сіңірлері; алдыңғы өзекті қиғаштай — *m. extensor pollicis longus* сіңірі; төртінші өзекте *m. extensor digitorum* және *m. extensor indicis* сіңірлері; бет жағына жақындау орналасқан бесінші өзекте — *m. exnensor digiti minimi* сіңірі өтеді. Өзектердің қабырғалары синовий қабықшасымен астарланған, ол қабықша *retinaculum extensorum*-нан жоғары және төмен сіңірлерге қарай бүктеліп,

оларды жауып, сыртқы бұлшықеттердің сіңірлі қынабын, *vaginae tendinum*, түзеді. Қынаптар саны өзектер санына сәйкес келеді.

Қынаптар *retinaculum extensorum* астынан қол басының сыртына шығады. Алақанда *m. palmaris longus* сіңірінің жалғасы болып табылатын берік алақан апоневрозын — *aponeurosis palmaris* түзеді. Алақан апоневрозы үшбұрыш пішінді, оның төбесі *retinaculum flexorum*-де жатады, негізі саусақтарға қарай бағытталған, ол жерде апоневроз төрт жалпақ шоғырға бөлінеді, олардың арасында көлденең талшықтар, *fasciculi transversi*, созылып жатады. Апоневроздың астында бүккіштердің сіңірлерін ұстап тұратын, *retinaculum flexorum* деп аталатын жалпақ фиброзды байлам орналасады. Алақан апоневрозының екі жағында, ол *thenar* мен *hypothenar*-ды қаусыратын жұқа табақшаға айналатын жерде, одан тереңге қарай шандырлы жапырақшалар шығады, олар *mm. interossei*-ді жабатын терең алақан шандырымен тұтасып кетеді. Сөйтіп, алақанның ортаңғы бөлігінде бүккіштер мен *mm. lumbricales* сіңірлері үшін орын түзеді. Алақан сүйектерінің сүйек қабығымен тұтасып-өсіп, қол басы сыртының бұлшықеттерін жабатын шандыр *fascia dorsalis manus* болады (22-сурет).

Қолдың топографиясы

Қолтық аймағы (*regio axillaris*) немесе **шұңқыры** (*fossa axillaris*). Қолды көтергенде қолтық аймағы айқын көрінеді. Оның шекаралары (қолды көтерген кездегі) алдынан — *m. pectoralis major*-дың төменгі жиегі, артынан — *m. latissimus dorsi* мен *m. teres major*-дың төменгі жиегі, медиалды — аталған бұлшықеттердің кеуде қуысындағы жиектерін қосатын шартты сызық, сыртқы жағынан — сол жиектері иықтың ішкі қабырғасын қосатын сызық. Терімен бірге қолтық шұңқыры түбін құрайтын шандырды сыдырып алсақ, қолтық қуысы, *cavitas axillaris*, ашылады. Қолтық қуысы қабырғалары: алдыңғы — *mm. pectorales major et minor*; артқы — *mm. latissimus dorsi, teres major et supscapularis*; медиалды — *mm. serratus anterior*; ла-



22-сурет. Қол басы бұлшықеттері, шандырлары және қынаптары

тералды — оны жабатын *m. coracobrachialis* және *m. biceps brachii* мен тоқпан жілік.

Қолтық қуысы төмен қарай тесікпен ашылады, ал жоғары қарай тарылып, мойын аймағымен жалғасады. Қуыс нервтер, тамырлар және лимфа түйіндері орналасқан шелмаймен тола болады. Тамырлар мен нервтер топографиясын дәлірек сипаттау үшін қолтық қуысының алдыңғы қабырғасын бірінін астына бірі орналасқан үш үшбұрышқа бөледі. Ең жоғарғы үшбұрышты бұғана мен *mm. pectoralis minor*-дың жоғарғы жиегі түзеді — *trigonum clavipectorale*. Ортанғы үшбұрыш *m. pectoralis minor*-ға сәйкес келеді — *trigonum pectorale*. Төменгі үшбұрышты *m. pectoralis minor*, *m. pectoralis major* және *m. deltoideus*-тын төменгі жиектері шектейді — *trigonum subpectorale*. *Cavitas axillaris*-тың артқы қабырғасында иықтың хирургиялық мойны (латералды), *m. teres major* (төменінен) және *m. subscapularis* (жоғарынан) түзетін үшбұрышты кеңістік жатады, ол *m. triceps*-тың ұзын басымен екі тесікке вертикалды бөлінеді.

1. **Латералды, төрт қабырғалы, foramen quadrilaterum** деп аталған бұлшықеттер мен сүйектен түзілген (одан *a. circumflexa humeri posterior* және *n. axillaris* өтеді).

2. **Медиалды, үш қабырғалы, foramen trilaterum** (одан *a. circumflexa scapulae* өтеді), аталған бұлшықеттермен шектелген.

Қол бұлшықеттері, шандырлары мен сүйектері арасында нервтер мен тамырлар орналасатын кеңістіктер, өзектер және жүлгелер болады. Оларды білу хирургияда маңызды.

Иықтың үш басты бұлшықетімен жабылған тоқпан жіліктің *sulcus n. radialis-i* өзекке, *canalis humeromuscularis* айналады (онда аталған нерв *a.* және *v. profundae brachii* өтеді).

Иықтың алдыңғы бетінде, *m. brachialis* пен *m. biceps* жиектері арасында екі жүлге орналасқан: *sulcus bicipitalis medialis et lateralis*. Олардың тереңдеу медиалдысы, *sulcus bicipitalis medialis*, иықтың тамыр-нерв шоғыры жататын жер.

Шынтақ буыны алдында, шынтақ бүгілісі аймағында *m. brachioradialis* (латералды) пен *m. pronator teres* (медиалды) шек-

тейтін шынтақ шұңқыры, *fossa cubitalis*, жатады. Шұңқырдың түбі мен жоғарғы шекарасын *m. brachialis* түзеді.

Білек бұлшықеттері арасында үш жұлге болады.

1. **Медиалды, шынтақтық**, *sulcus ulnaris*; *m. flexor carpi ulnaris* (медиалды) пен *m. flexor digitorum superficialis* (латералды) арасында орналасқан. Онда шынтақ нерві, артерия және көктамырлар өтеді.
2. **Латералды, шыбықтық**, *sulcus radialis*; *m. brachioradialis* (латералды) пен *m. flexor carpi radialis* (медиалды) арасында орналасады. Одан аттас нерв, артерия және көктамырлар өтеді.
3. **Ортаңғы**, *sulcus medianus*; *m. flexor carpi radialis* (латералды) пен *m. flexor digitorum superficialis* (медиалды) арасында орналасады. Одан *n. medianus* өтеді.

Шыбық-білезік буыны аймағында сол жерде *retinaculum flexorum* болуы нәтижесінде пайда болатын үш өзек орналасады. Ол көпірше түрінде *eminentia carpi ulnaris*-тен *eminentia carpi radialis*-ке өтіп, аталған қыраттардың арасында, ал шыбық сүйек пен кәрі жілік жағына қарай екіге бөлініп, керісінше *canalis carpi radialis* пен *canalis carpi ulnaris* түзеді. Кәрі жілік өзегінде шынтақ нервтері мен тамырлары өтеді, олар бұған білектің *sulcus ulnaris*-нен келеді. *Canalis carpi radialis*-те синовий қынабымен қоршалған *m. flexor carpi radialis*-тың сіңірі жатады. *Canalis carpalis*-те 2 жеке синовий қынабы орналасады:

- 1) *mm. flexores digitorum superficialis et profundus* сіңірлері үшін және;
- 2) *m. flexoris pollicis longus* сіңірі үшін.

Бірінші *vag. synovialis communis mm. flexorum* саусақтардың терен және беткей бүккіштерінің 6 сіңірін қаусыратын медиалды орналасқан көлемді қапшық болып табылады. Ол жоғарғы жағында *retinaculum flexorum*-нан 1–2 см проксималды шығып тұрады, ал төменгі жағында алақанның ортасына жетеді. Тек шынашақ жағында ғана оны бүгетін ұзын бұлшықеттер сіңір-

лері бойымен созылып, оларды қоршап, солармен бірге V саусақтың дисталды бунағының негізіне жетеді.

Екінші қынап, *vag. tendinis m. flexoris pollicis longi*, латералды орналасқан, ұзын және тар өзек, онда бас бармақтың ұзын бүккішінің сіңірі жатады. Қынап жоғарғы жағында *retinaculum flexorum*-нан 1–2 см проксималды шығып, ал төменде сіңір бойымен I саусақтың дисталды бунағының негізіне дейін созылады. Қалған үш саусақтың жеке қынаптары, *vag. sinovialis tendinum digitorum (manus)* болады, олар сәйкес саусақ бүккіштерінің сіңірлерін қаусырады. Бұл қынаптар алақан-бунақ буындары сызығынан дисталды бунақтардың негізіне дейін созылады. Демек, II–IV саусақтардың алақан жағында өздерінің ортақ бүккіштері үшін жекелеген қынаптары болады, ал алақан сүйектерінің дисталды жартыларына сәйкес келетін аралықта олар болмайды.

Vagina synovialis communis mm. flexorum V саусақ сіңірін қаусырады, бірақ II–IV саусақтар сіңірлерін жан-жағынан қоршамайды; ол үш томпақ түзеді деп есептеледі, олардың біреуі бүккіштер сіңірлерінің алдында, екіншісі — олар мен терең бүккіштер сіңірлері арасында, ал үшіншісі — осы сіңірлердің артында орналасқан. Сөйтіп, шынтақ синовий қынабы тек V саусақ сіңірлері үшін ғана нағыз синовий қынабы болып табылады (24-сурет).

Сіңірлі қынаптар саусақтардың алақан жағында тығыз фиброзды табакшамен жабылған, ол бунақтардың жиегімен қырқашықтарға бітісіп-өсіп, әрбір саусақта сіңірді қынабымен қоса қоршайтын сүйекті-фиброзды өзек түзеді. Өзектің фиброзды қабырғалары бунақ сүйектері денелері аймағында өте тығыз, ол жерде олар көлденең қалындап, *pars annularis vaginae fibrosae*, түзеді. Буындар аймағында олар едәуір әлсіздеу де, қиғаш қиылысатын дәнекер тінді шоғырлармен, *pars cruciformis vaginae fibrosae* нығайтылады. Қынап ішіндегі сіңірлер олардың қабырғаларымен қан тамырлары және нервтері бар жұқашажырқайлар, *mesotendineum*, арқылы байланысады.

ҚОЛ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ БОЙЫНША СӨЗДІК

Қол бұлшықеттері	<i>Musculi membri superioris</i>	Мышцы верхней конечности
Дельта тәрізді бұлшықет	<i>M. deltoideus</i>	Дельтовидная мышца
Қылқан үсті бұлшықеті	<i>M. supraspinatus</i>	Надостная мышца
Қылқан асты бұлшықеті	<i>M. infraspinatus</i>	Подостная мышца
Кіші дөңгелек (жұмыр) бұлшықет	<i>M. teres minor</i>	Малая круглая мышца
Үлкен дөңгелек (жұмыр) бұлшықет	<i>M. teres major</i>	Большая круглая мышца
Жауырын асты бұлшықеті	<i>M. subscapularis</i>	Подлопаточная мышца
Иықтың екі басты бұлшықеті	<i>M. biceps brachii</i>	Двуглавая мышца плеча
Ұзын басы	<i>Caput longum</i>	Длинная головка
Төмпешік аралық синовиалды кынап	<i>Vag. synovialis intertubercularis</i>	Межбугорковое синовиальное влагалище
Қысқа басы	<i>Caput breve</i>	Короткая головка
Иықтың екі басты бұлшықетінің жалпак сіңірі	<i>Aponeurosis m. bicipitis brachii [aponeurosis bicipitalis]</i>	Апоневроз двуглавой мышцы плеча
Құс тұмсық-иық бұлшықеті	<i>M. coracobrachialis</i>	Клювовидно-плечевая мышца
Иық бұлшықеті	<i>M. brachialis</i>	Плечевая мышца
Иықтың үш басты бұлшықеті	<i>M. triceps brachii</i>	Трехглавая мышца плеча
Ұзын басы	<i>Caput longum</i>	Длинная головка

Латералды басы	<i>Caput laterale</i>	Латеральная головка
Медиалды басы	<i>Caput mediale</i>	Медиальная головка
Қолтық аймағы	<i>Reg. axillaris</i>	Подмышечная область
Жоғарғы және төменгі тесіктер	<i>Aperturæ superior et inferior</i>	Верхняя и нижняя апертуры
Шынтақ бұлшықеті	<i>M. anconeus</i>	Локтевая мышца
Шынтақ буынының бұлшықеті	<i>M. articularis cubiti</i>	Суставная мышца локтя
Дөңгелек пронатор	<i>M. pronator teres</i>	Круглый пронатор
Токпан жіліктік басы	<i>Caput humerale</i>	Плечевая головка
Шынтақ жіліктік басы	<i>Caput ulnare</i>	Локтевая головка
Білезіктің кәрі жіліктік бүккіші	<i>M. flexor carpi radialis</i>	Лучевой сгибатель запястья
Алақандық ұзын бұлшықет	<i>M. palmaris longus</i>	Длинная ладонная мышца
Білезіктің шынтақтық бүккіші	<i>M. flexor carpi ulnaris</i>	Локтевой сгибатель запястья
Токпан жіліктік басы	<i>Caput humerale</i>	Плечевая головка
Шынтақ-жіліктік басы	<i>Caput ulnare</i>	Локтевая головка
Саусақтардың беткей бүккіші	<i>M. flexor digitorum superficialis</i>	Поверхностный сгибатель пальцев
Токпан-шынтақтық басы	<i>Caput humeroulnare</i>	Плечелоктевая головка
Кәрі жіліктік басы	<i>Caput radiale</i>	Лучевая головка
Саусақтардың терең бүккіші	<i>M. flexor digitorum profundus</i>	Глубокий сгибатель пальцев

Бас бармактың ұзын бұккіші	<i>M. flexor pollicis longus</i>	Длинный сгибатель большого пальца кисти
Шаршы пронатор	<i>M. pronator quadratus</i>	Квадратный пронатор
Иық-кәрі-жілік бұлшыкеті	<i>M. brachioradialis</i>	Плечелучевая мышца
Білезіктің кәрі жіліктік ұзын жазғышы	<i>M. extensor carpi radialis longus</i>	Длинный лучевой разгибатель запястья
Білезіктің кәрі жіліктік қысқа жазғышы	<i>M. extensor carpi radialis brevis</i>	Короткий лучевой разгибатель запястья
Саусақтардың жазғышы	<i>M. extensor digitorum</i>	Разгибатель пальцев
Сіңір аралық қосылыстар	<i>Conexus [connexus] intertendineus</i>	Межсухожильное соединение
Шынашак жазғышы	<i>M. extensor digiti minimi</i>	Разгибатель мизинца
Білезіктің шынтақтық жазғышы	<i>M. extensor carpi ulnaris</i>	Локтевой разгибатель запястья
Токпан жіліктік басы	<i>Caput humerale</i>	Плечевая головка
Шынтақ жіліктік басы	<i>Caput ulnare</i>	Локтевая головка
Супинатор	<i>M. supinator</i>	Супинатор
Бас бармақты әкететін ұзын бұлшыкет	<i>M. abductor pollicis longus</i>	Длинная мышца, отводящая большой палец кисти
Бас бармақтың қысқа жазғышы	<i>M. extensor pollicis brevis</i>	Короткий разгибатель большого пальца кисти

Бас бармақтың ұзын жазғышы	<i>M. extensor pollicis longus</i>	Длинный разгибатель большого пальца кисти
Сұқ саусақтың жазғышы	<i>M. extensor indicis</i>	Разгибатель указательного пальца
Алақандық қысқа бұлшықет	<i>M. palmaris brevis</i>	Короткая ладонная мышца
Бас бармақты әкететін қысқа бұлшықет	<i>M. abductor pollicis brevis</i>	Короткая мышца, отводящая большой палец кисти
Бас бармақтың қысқа бүккіші	<i>M. flexor pollicis brevis</i>	Короткий сгибатель большого пальца кисти
Беткей басы	<i>Caput superficiale</i>	Поверхностная головка
Терен басы	<i>Caput profundum</i>	Глубокая головка
Бас бармақты карама-қарсы қоятын бұлшықет	<i>M. opponens pollicis</i>	Мышца, противопоставляющая большой палец кисти
Бас бармақты әкелетін бұлшықет	<i>M. adductor pollicis</i>	Мышца, приводящая большой палец кисти
Қиғаш басы	<i>Caput obliquum</i>	Косая головка
Көлденең басы	<i>Caput transversum</i>	Поперечная головка
Шынашақты әкететін бұлшықет	<i>M. abductor digiti minimi</i>	Мышца, отводящая мизинец
Шынашақтың қысқа бүккіші	<i>M. flexor digiti minimi brevis</i>	Короткий сгибатель мизинца
Шынашақты карама-қарсы қоятын бұлшықет	<i>M. opponens digiti minimi</i>	Мышца, противопоставляющая мизинец
Құрт тәрізді бұлшықет	<i>Mm. lumbricales</i>	Червеобразные мышцы

Сүйек аралык сыртқы бұлшықеттер	<i>Mm. interossei dorsales</i>	Тыльные межкостные мышцы
Сүйек аралык алақандық бұлшықеттер	<i>Mm. interossei palmares</i>	Ладонные межкостные мышцы
Қолтық шандыры	<i>Fascia axillaris</i>	Подмышечная фасция
Дельта тәрізді шандыр	<i>Fascia deltoidea</i>	Дельтовидная фасция
Иық шандыры	<i>Fascia brachii</i>	Фасция плеча
Иықтың бұлшықет аралық медиалды қалқасы	<i>Septum intermusculare brachii mediale</i>	Медиальная межмышечная перегородка плеча
Иықтың бұлшықет аралық латералды қалқасы	<i>Septum intermusculare brachii laterale</i>	Латеральная межмышечная перегородка плеча
Білек шандыры	<i>Fascia antebrachii</i>	Фасция предплечья
Қол ұшының сыртқы шандыры	<i>Fascia dorsalis manus</i>	Тыльная фасция кисти
Жазғыштар ұстағышы	<i>Retinaculum extensorum</i>	Удерживатель разгибателей
Алақандық беткей көлденең байлам	<i>Lig. metacarpeum transversum superfisiale</i>	Поверхностная поперечная пястная связка
Алақан апоневрозы	<i>Aponeurosis palmaris</i>	Ладонный апоневроз
Көлденең будалар	<i>Fasciculi transversi</i>	Поперечные пучки
Бүккіштер ұстағышы	<i>Retinaculum flexorum</i>	Удерживатель сгибателя
Білезік өзегі	<i>Canalis carpi</i>	Канал запястья
Сіңірлер қиылысы	<i>Chiasma tendinum</i>	Перекрест сухожилий

АЯҚ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Аяқ бұлшықеттері жамбас белдеуі, сан, сирақ және аяқ басы бұлшықеттеріне бөлінеді.

ЖАМБАС БЕЛДЕУІНІҢ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Жамбас белдеуінің бұлшықеттері жамбастан ортан жіліктің жоғарғы басына барып, ұршық буынында оның барлық негізгі 3 білігі айналасында қозғалыс жасайды. Олар буынның жан-жағында орналасып, қозғалыстардың барлық түрін орындайды. Сондағы беку нүктелеріне және басты қызметіне қарай оларды алдыңғы және артқы топтарға бөледі.

Алдыңғы топтың (бүккіштер) бекитін жері — *trochanter minor*, оған *m. iliopsoas* (*m. psoas major et m. iliacus*) және *m. psoas minor* жатады.

Артқы топтың (жазғыштар, айналдырушылар мен көтеруші бұлшықеттер) бекитін жері — *trochanter major* немесе оның шенбері; оған жататындар: *m. gluteus maximus*, *m. gluteus medius*, *m. tensor fasciae latae*, *m. gluteus minimus*, *m. piriformis*, *m. obturatorius internus*, *mm. gemelli*, *m. quadratus femoris et m. obturatorius externus*.

Жамбас белдеуінің алдыңғы топ бұлшықеттері

- ✧ *Мықын-бел бұлшықеті*, *m. iliopsoas*, екі бастан тұрады. Олардың біреуі — *m. psoas major*, үлкен бел бұлшықеті, XII кеуде және төрт жоғарғы бел омыртқалардың денесі мен омыртқа аралық дискілерінің бүйір бетінен, бел омыртқаларының көлденең өсінділерінен басталады. Төмен және латералды бағытталып, *m. iliacus*-ке келеді. Екінші бұлшықет — *m. iliacus*, оның басталатын жері — *fossa iliaca* және *spina iliaca anterior superior et inferior*. Оның медиалды жағын *m. psoas* жабады, бұл екі бұлшықеттің арасында сан нерві жататын терең жұлге түзіледі. Мықын бұлшықеті талшықтары төменде бірігіп, *m. psoas major*-ға қосылып, *m. iliopsoas* түзеді; ол ұршық буынының ал-

дыңғы бетінде орналасып, *lacuna musculorum* арқылы шап байламы астынан шығып — *trochanter minor*-ға бекиді.

Қызметі. Ұршық буынында ортан жілікті бүгіп, супинациялайды. Аяқ қозғалмай тұрғанда омыртқа бағанасының бел бөлігін бүге алады.



- ✧ *Кіші бел бұлшықеті, m. psoas major*-ға жанасып жатады, тұрақсыз бұлшықет. Ол *fascia iliaca*-ға ауысып, *eminentia iliopubica*-да аяқталады. Аталған шандырды керіп, омыртқа бағанасының бел бөлігін бүгеді.

Жамбас белдеуінің артқы топ бұлшықеттері

- ✧ *Үлкен бөксе бұлшықеті, m. gluteus maximus*, бөксе аймағында тері мен шандыр астында орналасатын үлкен бұлшықет. Басталатын жері — мықын сүйегінің сыртқы беті, *fascia thoracolumbalis*, сегізкөз бен құйымшақтың бүйір бөліктері және *lig. sacrotuberale*. Бұлшықетті жабатын шандырдан шығатын дәнекер тінді жұқа қалқалар қиғаш және бүйірге қарай төмендейді. Бұлшықет шоғырларының ең алдыңғы бөлігі жалпақ жазық сіңірге ауысып, бүйір жағынан ортан жіліктің үлкен ұршығын айналып өтіп, жалпақ сан шандырына созылып кетеді (оның *tractus iliotibialis* бөлігінде). Бұлшықет ортан жіліктің *tuberositas glutea*-ға бекиді. Бұлшықет сіңірі мен үлкен ұршық арасында синовий қалтасы, *bursa trochanterica m. glutei maximi* жатады (23-сурет).

Қызметі. *M. iliopsoas* антогонисі ретінде ұршық буынында аяқты жазады, аяқ қозғалмайтын жағдайда алға еңкейген тұлғаны тіктейді. Тік тұрған кезде ауырлық ұршық буындарының көлденең білігі алдына түскен жағдайда, бұлшықеттің керілуі жамбас пен тұлғаны тепе-тең ұстап, тұлғаның еңкейіп кетпеуін қамтамасыз етеді.

- ✧ *Ортаңғы бөксе бұлшықеті, m. gluteus medius*, арты бөлігін *m. gluteus maximus* жабады, ал алдыңғы жағы бетінде жатады. Мықын сүйегінің сыртқы бетінен желпуіш тәрізді қарыншамен басталып, үлкен ұршықтың бүйір бетінде жалпақ сіңірмен аяқталады.



23-сурет. Бөксе бұлшықеттері

Қызметі. Жиырылғанда санды көтереді. Оның алдыңғы шоғырлары жеке жиырылып, санды ішке, ал артқы шоғырлары сыртқа айналдырады. Бір аяқпен тұрған кезде жамбасты өз жағына қарай иеді.

- ❖ **Жалпақ шандырды керетін бұлшықет, *m. tensor fascia latae*,** эмбриологиялық жағынан ортаңғы бөксе бұлшықетінің бөлігі болып табылады, соның алдында санның латералды жағында сан шандыры екі жапырақшаның арасында орналасып, *m. gluteus medius* басталатын жерімен бітісіп, дисталды басымен *tractus iliotibialis* деп аталатын жалпақ сан шандырының қалындаған жолағына айналады. Бұл жолақ санның бүйір беті бойымен созылып, асық жіліктің латералды айдаршығына бекиді.

Қызметі. *Tractus iliotibialis*-ті кереді, сол арқылы тізе буынына әсер етіп, санды бүгеді. *M. tensor fasciae latae*-мен байланысы салдарынан үлкен және ортаңғы бөксе бұлшықеттері тізе буынында бұғу және сыртқа қарай айналдыру қозғалыстарына жағдай жасайды.

- ❖ **Кіші бөксе бұлшықеті, *m. gluteus minimus*,** ортаңғы бөксе бұлшықеті астында жатады. Мықын сүйегінің сыртқы бетінен басталып, жалпақ сіңір арқылы үлкен ұршықтың алдыңғы бетіне бекиді. Сіңір астында қалта, *bursa trochanterica m. glutei minimi* орналасады.

Қызметі. *M. gluteus medius* атқаратындай.

- ❖ **Алмұрт тәрізді бұлшықет, *m. piriformis*,** сегізкөздің жамбас бетінде алдыңғы сегізкөз тесіктерінен латералды басталып, *foramen ischiadicum* арқылы жамбас қуысынан шығып, ұршық буынының артқы жағымен көлденең өтіп, үлкен ұршыққа бекиді. Бұлшықет *foramen ischiadicum manus*-ты түгел толтырмай, бұл тесіктің жоғарғы және төменгі жиектерінен тамырлар мен нервтердің өтуі үшін саңылаулар қалдырады.

Қызметі. Санды сыртқа қарай айналдырады және оны аздап көтереді; аяқ қозғалмайтын жағдайда жамбасты өз жағына қарай иеді.

❖ **Ішкі жапқыш бұлшықет**, *m. obturatorius internus*, басталатын жері — *foramen obturatum* шеңберінің ішкі беті мен *membrana obturatoria*, одан *foramen ischiadicum minus*-тың сүйекті жиегі арқылы өтіп, ортан жіліктің *fossa trochanterica*-на бекиді. Сүйек арқылы иіліп өтетін жерде бұлшықет астында синовий қалтасы, *bursa ischiadica m. obturatorii interni* жатады. Жамбас қуысынан тысқары, ұршық буынының артқы жағында жататын *m. obturatorius internus* сіңірінің жиегінде екі жалпақ бұлшықет — *m. gemelli* (егіз бұлшықеттер) жатады. Олардың жоғарғысы (*m. gemellus superior*) — *spina ischiadica*-дан, ал төменгісі (*m. gemellus inferior*) — шонданай төмпешігінен басталады. Бұл екі кішкене бұлшықеттер *m. obturatorius* сіңірімен бірге *fossa trochanterica*-да бекиді, сыртынан үлкен бөксе бұлшықетімен жабылады.

Қызметі. Санды сыртқа қарай айналдырады.

❖ **Санның шаршы бұлшықеті**, *m. quadratus femoris*. Ол *m. gemellus inferior*-дан төмен қарай үлкен бөксе бұлшықетінің астында жатады. Бұлшықет талшықтары шонданай төмпешігінен ортан жіліктің *crista intertrochanterica*-на дейін көлденен бағытта орналасқан.

Қызметі. Санды сыртқа қарай айналдырады.

❖ **Сыртқы жапқыш бұлшықет**, *m. obturatorius externus*, жамбас сүйектің сыртқы бетінен тұйықтаушы тесіктің медиалды шеңбері бойымен, сондай-ақ *membrana obturatoria*-дан басталып, төменінен және артынан ұршық буыны қапшығын орай өтіп, жінішке сіңір арқылы *fossa thochanterica* мен буын қапшығына бекиді.

Қызметі. Санды сыртқа қарай айналдырады.

САН БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Сан бұлшықеттері ұзын сүйекті иіңтіректерді қозғалысқа келтіре отырып, тік жүруге және денені тік қалыпта ұстауға қатысады. Олар осымен байланысты ұзарып, бір ортақ сіңірі

болатын қомақты массаға тұтасып, көп басты бұлшықеттер (мысалы, екі басты және төрт басты сан бұлшықеттері) түзеді. Сан бұлшықеттері 3 топқа бөлінеді: алдыңғы (негізінен жазғыштар), артқы (бүккіштер) және медиалды (әкелетін бұлшықеттер). Соңғы топ ұршық буынына әсер етеді, ал алдыңғы екеуі оған қоса басым түрде тізе буынына әсер етіп, оның фронталды білігін айнала қозғалтады, бұл олардың санның артқы және алдыңғы бетінде орналасып, сиракка бекуіне байланысты.

Бұлшықеттердің алдыңғы және артқы топтары бір-бірінен *linea aspera femoris*-те бүйір бұлшықет аралық қалқа, сан шандырының *septum intermusculare laterale*-ы арқылы бөлінген, ал медиалды жағынан олардың арасына әкелетін бұлшықеттер енеді.

Санның алдыңғы топ бұлшықеттері

Санның төрт басты бұлшықеті, m. quadriceps femoris, санның бүкіл алдыңғы және аздап бүйір бетін алып жатады, ол өзара байланысқан төрт бастан тұрады:

1. *M. rectus femoris*, санның тік бұлшықеті, бет жағында жатады, басталатын жері — *spina iliaca anterior inferior* мен ұршық ойысының жоғарғы жиегі, оны басталатын жерінде *m. tensor fascia latae* және *m. sartorius* жауып тұрады. Тік бұлшықет сан ортасын бойлай өтіп, *patella*-дан жоғары бүкіл төрт басты бұлшықеттің ортақ сінірімен қосылады.
2. *M. vastus lateralis*, латералды жалпақ бұлшықет, ортан жілікті латералды жағынан қоршайды, басталатын жері — *linea inferotrochanterica*, үлкен ұршықтың бүйір беті және *linea intertrochanterica*, үлкен ұршықтың бүйір беті мен *linea aspera femoris*-тың латералды ернеуі. Бұлшықет талшықтары қиғаш төмен жүріп, *patella*-дан сәл жоғарыда аяқталады.
3. *M. vastus medialis*, медиалды жалпақ бұлшықет, ортан жілікте медиалды жатады, басталатын жері — *labium me-*

diale linea aspera femoris. Оның бұлшықет шоғырлары медиалды жағынан бүйірге және төмен қиғаш бағытта жүреді. *M. vastus infermedius*, аралық жалпақ бұлшықет ортан жіліктің алдыңғы бетінде жатады, содан басталып, проксималды *linea intertrochanterica*-ға дейін жетеді. Оның талшықтары вертикалды бағытта ортақ сіңірге қарай параллель жүреді. Аралық жалпақ бұлшықет жиектерін *m. vastus lateralis* және *vastus medialis* жабады, ол бұл жерде олармен тұтасып кетеді. Оның алдында *m. rectus femoris* жатады. Төрт басты бұлшықеттің барлық бөліктері тізе буыны үстінде ортақ сіңір түзеді, ол *patella* негізі мен жиектеріне бекіп, *tuberositas tibiae*-ге бекітін *lig. patellae*-ге жалғасады. Төрт басты бұлшықет сіңірінде жататын *patella* бұлшықеттің иін күшін, ол оның айналу қабілетін арттырады (24-сурет, а).

Қызметі. Тізе буынында сирақты жазады. Ұршық буыны арқылы өтетін *m. rectus femoris* оны бүгеді.


4. **Тігінші бұлшықет**, *m. sartorius spina iliaca anterior superior*-дан басталып, ұзын таспа түрінде төмен және медиалды бағыттанып, сирақ шандыры мен *tuberositas tibiae*-ге бекиді.

Қызметі. Тізе буынын бүгеді, ол бүгілген кезде сирақты ішке қарай айналдырады. Ұршық буынында санды бүгіп әрі супинациялайды.

Санның артқы топ бұлшықеттері

❖ **Жартылай сіңірлі бұлшықет**, *m. semitendinosus*, бүкіл дисталды жартысын алып жататын ұзын сіңіріне қарай осылай аталған. Шонданай төмпешігінен басталып, *m. gracilis* артында *tuberositas tibiae* мен сирақ шандырына бекиді.

M. semitendinosus сіңірі бекітін жерінде *m. gracilis* сіңірі және *m. sartorius*-пен бірге үшбұрышты, *fascia cruris*-пен қосылатын, беткей «каз табаны», *pes anserinus superficialis* деп аталатын сіңірлі созылма түзеді, оның астында синовий қалтасы, *bursa anserina* орналасады (24-сурет, ә).



24-сурет. Санның артқы (а) және алдыңғы (ә) топ бұлшықеттері

- ❖ **Жартылай жарғақты бұлшықет, *m. semimembranosus*.** Ол шонданай төмпешігінде бұлшықеттің бүкіл дерлік проксималды жартысын құрайтын табақшалы сіңірден басталады, аты осыған байланысты шыққан. Соңғы сіңір бекитін жерде үш шоғырға, *pes anserinus profundus* бөлінеді. Олардың біреуі *tibia*-ның медиалды айдаршығына, екіншісі *m. popliteus*-ті жауып қабырғасына қарай иіліп, *lig. popliteum obliquum*-ге ауысады.
- ❖ **Санның екі басты бұлшықеті, *m. biceps femoris*,** санның латералды жиегіне жақындау орналасады, *vastus lateralis*-тен бүйір бұлшықет аралық калкамен бөлінеді. Бұлшықет екі бастан тұрады. Ұзын басы, *caput longum m. semitendinosus*-пен бірге шонданай төмпешігінен басталады; қысқа басы, *m. caput breve linea aspera femoris*-тің латералды ернеуінің ортанғы үштен бірінен және *septum intermusculare laterale femoris*-тен шығады. Екі бас бірге қосылып, кіші жіліншіктің басына бекиді.
- ❖ **Тақым бұлшықеті, *m. popliteus*,** үшбұрышты, тізе буынының артқы бетінде жатады. Санның *epicondylus lateralis*-і мен тізе буыны қапшығынан (*lig. popliteum obliquum*) басталып, асықты жіліктің артқы бетінің проксималды бөлігіне бітіседі.

Қызметі. *Mm. semitendinosus, semimembranosus* және *biceps femoris* екі буын арқылы өтетіндіктен, жамбас қозғалмайтын жағдайда олар бірге қимылдап, сирақты тізе буынында бүгеді, санды жазады, ал сирақ қозғалмайтын жағдайда тұлғаны үлкен бұлшықеттерімен қоса жазады (тікейтеді). Тізе бүгілген кезде, бір жақты жиырылса, сирақты айналдырады. Сирақты сыртқа — екі басты бұлшықет, ал ішке *semitendinosus* пен *m. semimembranosus* айналдырады. *M. popliteus* тек бір ғана тізе буынына әсер етіп, оны бүгеді және сырттан ішке қарай бұрады.


Медиалды топ бұлшықеттері

- ❖ **Қырқалы бұлшықет, *m. pectineus*,** шат сүйегінің жоғарғы тармағы мен қырқасынан және *lig. pubicum superius*-тен басталып, төмен және бүйірге бағытталып ортан жіліктің

linea pectinea-на бекиді. Қыркалы бұлшықет латералды жиегімен *m. iliopsoas*-пен жанасады. Бұл екі бұлшықет бір-бірімен қиылысып, үшбұрыш пішінді шұңқыр, *fossa iliopectinea*, түзеді, онда жамбастан шыққан тамырлар орналасады.

- ✧ **Әкелетін ұзын бұлшықет**, *m. adductor longus*, қасаға сүйегінің жоғарғы тармағының алдыңғы бетінен басталып, *linea aspera femoris*-тің медиалды ернеуіне, оның ортанғы үштен біріне бекиді (25-сурет).
- ✧ **Әкелетін қысқа бұлшықет**, *m. adductor brevis*, алдыңғы бұлшықеттердің астында жатады. Ол қасаға сүйегінің алдыңғы бетінен басталып, *linea aspera femoris*-тің медиалды ернеуінің жоғарғы бөлігіне бекиді.
- ✧ **Әкелетін үлкен бұлшықет**, *m. adductor magnus*, әкелетін бұлшықеттердің ішіндегі ең күштісі. Ол барлығынан артқа жатады және оны алдынан проксималды бөлігінде *mm. adductor brevis et longus* жауып жатады. Қасаға және шонданай сүйектері тармақтары мен *tuber ischiadicum*-нен басталып, *m. adductor magnus* латералды бағыттталып, *linea aspera femoris*-тың медиалды ернеуінің бойымен, ортан жіліктің медиалды айдаршығына бекиді. Бұлшықеттің жоғары талшықтары қасаға сүйегінен бекітін жеріне дейін көлденең келеді және жеке кіші әкелетін бұлшықет, *m. adductor minimus* деген атпен сипатталады.
- ✧ **Нәзік бұлшықет**, *m. gracilis*, ұзын, жінішке бұлшықет таспасы, әкелетін бұлшықеттердің медиалды жиегімен өтеді. Ол қасаға сүйегінің төменгі тармақтарынан симфиз жанында басталып, *tuberositas tibiae*-де сирақ шандырына бекиді.

Қызметі. Барлық әкелетін бұлшықеттер аппаратына сәйкес санды аздап сыртқа қарай бұрып, келтіреді. Ұршық буынының көлденең білігін алдынан қиып өтетіндері (*mm. pectineus, adductor longus et brevis*) осы буынды бүге алады, ал осы біліктің артына қарай орналасқан *m. adductor magnus* керісінше, бұл буынды жазады. Екі буынды аттап өтетін *m. gracilis* санды келтірумен қатар тізе буынында сирақты бүгіп, оны ішке қарай бұрады.



25-сурет. Жамбас пен сан бұлшықеттері

СИРАҚ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Сирақ бұлшықеттері аяқтың дисталды бөлігін — аяқ басын қозғалтады және сан бұлшықеттері сияқты денені тік қалыпта ұстап, оны жер бетінде орын ауыстыра қозғалтуға бейімделген. Сондықтан бұлар еңбек мүшесі ретіндегі қолдың қызметіне байланысты білек бұлшықеттеріндей нәзік дараланып, маман-

данбаған; керісінше, үлкен бұлшықет массалары бірге тұтасып, ортақ сінірге бірігіп, тік жүру кезінде дененің вертикаль калпын сақтауға қажетті күшті, ауқымды қозғалыстар жасауға күштерін біріктіреді. Сирак-табан буынының фронталды білігі мен саусақтар буындары айналасындағы жасалатын қимылдарға сәйкес бұлшықеттердің көбі сирақтың алдыңғы және артқы беттерінде, асық жілік пен жіліншік сүйектерінің арасында алдынан (алдыңғы бұлшықеттер) және артынан (артқы бұлшықеттер) орналасады. Аяқ басының сагиталды білік айналасындағы қозғалыстарына сәйкес бұлшықеттер жіліншіктің бүйір жағында да бойлап жатады (латералды бұлшықеттер).


Өздерінің шығу тегі жағынан бірінші және үшінші топтар — дорсалды, ал екінші топ — вентралды аяқ бұлшықеттеріне жатады. Артқы топ басқаларына қарағанда күштірек дамыған және екі: беткей (балтыр бұлшықеттері) және терең қабаттан тұрады. Барлық сирақ бұлшықеттері бойлық бағытта өтеді және аяқ басына бекиді, олардың кейбіреуінің беку нүктесі тілерсек сүйектері мен табан сүйектерінің негізінде, ал басқаларынікі бақайшақтарда жатады. Бұлшықеттердің етті бөліктері сирақтың проксималды бөлігінде орналасып, ал дисталды сінірлерге ауысатындықтан, сирақ конус пішінді болып келеді. Алдыңғы бұлшықеттер аяқ басын, бақайларды жазады. Аяқ басын оған арт жағынан және табан жағынан келетін артқы және латералды бұлшықеттер бүгеді. Сонымен бірге артқы бұлшықеттердің кейбіреулері бақайларды бүгеді. Аяқ басын негізінен оның медиалды немесе латералды жиегіне бекітін сирақ бұлшықеттері пронациялайды және супинациялайды.

Сирақтың алдыңғы топ бұлшықеттері

- ✧ *Асықты жіліктің алдыңғы бұлшықеті, m. tibialis anterior*, бұл топтағы ең медиалдысы. Асықты жіліктің айдаршығы мен бүйір бетінде проксималды үштен бірінен, және сүйек аралық жарғақ пен *fascia cruris*-тен басталады. Асықты жілік бойымен төмен бағыттанып, қатты сінірге

ауысады, ол сіңір *retinaculum mm. extensorum superius et inferius* астынан ең медиалды фиброзды өзек арқылы аяқ басы сыртының медиалды жиегіне барып, сол жерде *os cuneiforme mediale* мен I табан сүйегіне бекиді (26-сурет).

Қызметі. Аяқ басын жазып, оның медиалды жиегін көтереді (супинация); *m. tibialis posterior*-мен бірге аяқ басын әкеледі. Аяқ басы қозғалмайтын жағдайда сирақты алға қарай иіп, оны аяқ басының сыртына жақындатады.



26-сурет. Сирақтың алдыңғы топ бұлшықеттері

❖ **Бақайлардың ұзын жазғышы, *m. extensor digitorum longus***, латералды айдаршығы жіліншік басы мен оның алдыңғы бетінен, сирақтың сүйек аралық жарғағы мен шандырынан басталып, төменде сіңірге ауысады, ол сіңір латералды өзек арқылы аяқ басы сыртына баратын төрт бөлікке бөлінеді, аяқ басы сыртында сіңірлер желпуіш тәрізді шашырай тарап, II–V бақайлар сыртында сіңірлі созылмаға бекиді. *M. extensor digitorum longus* дисталды бөлігінің латералды жағынан бесінші сіңір құрайтын кішкене бұлшықет шоғырлары бөлінеді, ол *retinaculum mm. extensorum inferus* астынан өтіп, V табан сүйек негізіне бекиді. Бұл шоғыр *m. peroneus (fibularis) tertius* деп аталады. Оны адам үшін жаңа бұлшықеттің (маймылдарда жоқ) — тік жүру үшін қажет аяқ басы пронаторының жекеленіп бөліне бастауының бірінші сатысы деп қарауға болады.

Қызметі. *M. peroneus tertius*-пен бірге аяқ басын жазады, оның латералды жиегін көтереді (пронация) және аяқ басын бүйір жаққа көтереді. Аяқ басы қозғалмайтын жағдайда оның қимылы *m. tibialis anterior*-ға ұқсас. Сонымен бірге төрт бақайды (II–V) жазады.

❖ **Бақайдың ұзын жазғышы, *m. extensor hallucis longus***, сипатталған екі бұлшықеттің арасында тереңдеу жатады, жіліншіктің медиалды жағы мен сүйек аралық жарғақтан басталып, ортаңғы өзек арқылы *retinaculum mm. extensorum inferius* астынан аяқ басы сыртымен үлкен бақайға келіп, сол жерде оның дисталды бунағына бекиді және проксималды бунаққа да шоғыр береді.

Қызметі. Аяқ басын жазады, оның медиалды жиегін көтеріп, үлкен бақайды жазады. Аяқ басын қозғалмаған жағдайда, басқа алдыңғы бұлшықеттермен бірге сирақты алға қарай иеді.

Сирақтың латералды топ бұлшықеттері

❖ **Кіші жіліншіктің ұзын бұлшықеті, *m. peroneus (fibularis) longus***, беткей жатады және жіліншіктің басы мен бүйір қабырғасының проксималды үштен бірінен, сирақтың

алдыңғы және артқы бұлшықет аралық қалқалары мен шандырларынан басталады. Сіңір латералды толарсақты артқы және төменгі жақтарынан айналып өтіп, *retinaculum mm. peroneorum superius* астында синовий қалтасында жатады. Одан әрі өкше сүйегінің бүйір қабырғасындағы жүлгеге өтіп, сүйекте *retinaculum mm. peroneorum inferius* арқылы ұсталып тұрады. Осыдан кейін сіңір аяқ басынын латералды жиегін орап өтіп, оның астындағы текше тәрізді сүйек жүлгесінде жайғасады, сол жерде синовий қынабымен қоршалып, табанды қиғаш бағытта кесіп өтіп, оның медиалды жиегінде медиалды сына тәрізді және I табан сүйектеріне бекиді (27-сурет).

Қызметі. Медиалды сына тәрізді сүйекке беку тек адамға тән (маймылдарда жоқ), бұл сирақ пен аяқ басы бұлшықеттерінің кәрі жілік жағына қарай ауысып, аяқ басының көлденен күмбезін нықтау қарқынын көрсетеді.

✧ *Кіші жіліншіктік қысқа бұлшықет, m. peroneus (fibularis) brevis*, алдыңғының астында жатады. Оның сіңірі латералды толарсақтың артында ортақ қынапта алдыңғы бұлшықетпен бірге өтіп, *tuberositas ossis metatarsi V* ге бекиді. Кейде V бақай жазғышының сіңіріне жіңішке шоғыр береді.


Қызметі. Асық жілік пен жіліншік бұлшықеттерінің екеуі де аяқ басының медиалды жиегін түсіріп, латералды жиегін көтеріп, оны бүгеді, пронациялайды және көтереді.

Сирақтың артқы топ бұлшықеттері

Беткей қабат (балтыр бұлшықеттері).

✧ *Үш басты сирақ бұлшықеті, m. triceps surae*, балтырдың негізгі массасын құрайды. Ол екі бұлшықеттен тұрады: *m. gastrocnemius* беткей орналасқан және *m. soleus* оның астында жатады; төменде екі бұлшықеттің ортақ сіңірі болады.

M. gastrocnemius, балтыр бұлшықеті ортан жіліктің *facies poplitea*-нан, екі айдаршық артынан сіңірлі бастамасымен тізе



27-сурет. Сирактын латералды топ бұлшықеттері

буыны қапшығымен тұтасатын екі баспен басталады. Бастар сiнiрге ауысып, *m. soleus* сiнiрiмен қосылып, өкше сүйегi төмпешiгiнiң артқы бетiне бекитiн ахилл сiнiрiне, *tendo calcaneus* (*achillis*), созылады. Бекитiн жерде сiнiр мен сүйек арасында тұрақты синовий қалтасы, *bursa tendinis calcanei* (*achillis*) жатады (28-сурет, а).

M. soleus, камбала тәрізді бұлшықет, қалың және етті. Балтыр бұлшықетiнiң астында сирақ сүйектерiнiң көп бөлiгiн

алып жатады. Оның басталатын жері жіліншіктің басы мен артқы бетінің жоғарғы үштен бірі, одан асық жілік бойымен сирактын ортанғы үштен бірінің төменгі үштен бірімен шекарасына дейін төмен түседі. Бұлшықет жіліншектен асық жілікке өтетін жерде сіңірлі доға, *arcus tendineus m. solei* түзеді, оның астына тақым артериясы мен *n. tibialis* келеді (28-сурет, ә).



M. soleus-тың сіңірлі созылмасы ахилл сіңірімен қосылып кетеді.

✧ **Табан бұлшықеті, *m. plantaris*.** Ортан жіліктің латералды айдаршығының үстінде *facies politea* мен тізе буыны қапшығынан басталып, ұзын және жіңішке сіңірге ауысып, *m. gastrocnemius* алдынан созылып, өкше төмпешігіне бекиді. Бұл бұлшықет редукцияланады және адамда рудименттік түзіліс болып табылады, кейде болмауы мүмкін.

Қызметі. Барлық *m. triceps surae* аяқ бос тұрғанда да, сондай-ақ табанымен тіреп тұрғанда да, сирақ-табан буынын бүгеді. Бұлшықеттің тарту сызығы асық асты буыны білігіне медиалды өтетіндіктен, ол аяқ басын келтіріп, супинациялайды. Дене тік тұрған кезде *triceps surae* (әсіресе, *m. soleus*) дененің сирақ-табан буынында алға қарай құлап кетпеуін қамтамасыз етеді. Бұлшықет бүкіл дене салмағы түсетін жағдайда жұмыс істейді, сондықтан өте күшті және физиологиялық көлденең ені үлкен болады; *m. gastrocnemius* сирақ пен аяқ басы қозғалмайтын жағдайда екі буынды бұлшықет ретінде тізені бүге алады.

Терең қабат беткей қабаттан терең сирақ шандырымен бөлінген, сирактын алдыңғы бетінде жататын үш аттас жазғыштарға қарсы тұтатын үш бүккіштен тұрады.

✧ **Саусақтың ұзын бүккіші, *m. flexor digitorum longus*,** терең қабат бұлшықеттерінің арасындағы ең медиалдысы. Асықты жіліктің артқы бетінде жатып, содан басталады. Бұлшықет сіңірі медиалды толарсақ артынан төмен бағыттталып, табан ортасында төрт екінші сіңірлерге бөлінеді, олар II–V бақайларға келіп, қол басындағы терең бүккіш сияқ-



28-сурет. Сирактың арткы топ бұлшықеттері. Беткей (а), ортангы (б) және терен (в) қабат

ты *m. flexor digitorum brevis* сiнiрiн тесiп өтiп, дисталды бақайшақтарға бекидi.

Бақайларды бұғу қызметi онша емес: бұлшықет негiзiнен аяқ басына тұтастай әсер етедi, аяқтар бос тұрған кезде оны бұғiп, супинациялайды. Сондай-ақ *m. triceps surae*-мен бiрге аяқтың ұшымен тұруға (жүруге) қатысады. Тұрған кезде бұлшықет аяқ басы үстерiн бойлық бағытта нықтауға қатысады. Жүргенде басы бақайларды жерге қарай қысады (28-сурет, б).

- ✧ **Асықты жiлiктiң артқы бұлшықетi, *m. tibialis posterior*,** сүйек аралық жарғақта және кейде асықты жiлiк пен жiлiншiк сүйектерiнде жайғасып, сирак сүйектерi арасындағы кеңiстiктi алып жатады. Осы жерлерден бұлшықет өзiнiң бастапқы талшықтарын алып, сiнiрiмен медиалды толарсақты айналып, табанға шығып, *tuberositas ossis navicularis*-ке, бiрнеше шоғырлармен үш сына тәрiздi сүйек пен II–IV табан сүйектерiнiң негiздерiне бекидi.

Қызметi. Аяқ басын бұғiп, *m. tibialis anterior*-мен бiрге оны әкеледi. Аяқ басының медиалды жиегiне бекитiн басқа да бұлшықеттермен бiрге (*m. tibialis anterior et m. peroneus longus*) *m. tibialis posterior* аяқ басы үстерiн нығайтатын үзенгi түзетiн сияқты; *lig. calcaneonaviculare* арқылы созылып, осы байламмен бiрге асық сүйектiң басын ұстап тұрады.

- ✧ **Бақайдың ұзын бұғкiшi, *m. flexor hallucis longus*,** терең қабат бұлшықеттерiнiң iшiндегi ең латералдысы. Жiлiншiк сүйектiң артқы бетiнде жатып, содан басталады; сiңiр жүлгесiмен асық сүйектiң *processus posterior*-на барып, *sustentaculum tali* астымен үлкен бақайға келiп, сол жерде оның дисталды бақайшағына бекидi.

Қызметi. Үлкен бақайды бұғедi, сондай-ақ *m. flexor digitorum longus* сiнiрiмен байланысы арқасында II және тiптi III, IV бақайларға да осылай әсер ете алады. Сирактың басқа да артқы бұлшықеттерi сияқты, *m. flexor hallucis longus* аяқ басын бұғедi, әкеледi және супинациялайды, аяқ басы үстерiн алдынан артқа қарай бағытта нығайтады.

АЯҚ БАСЫ БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Аяқ басының да қол басы сияқты, оған сирақтан келетін ұзын бұлшықеттерге жататын сіңірлерден басқа, меншікті қысқа бұлшықеттері бар; бұл бұлшықеттер сыртқы және табан бұлшықеттері болып бөлінеді.

Аяқ басының сыртқы топ бұлшықеттері

- ❖ **Қысқа бақайлар жазғышы**, *m. extensor digitorum brevis*, аяқ басының сыртында ұзын жазғыш сіңірлерінің астында жатады және өкше сүйегінен *sinus tarsi*-дың кіреберісі алдынан басталады. Алға қарай бағыт алып, I—IV бақайларға төрт жіңішке сіңірге бөлінеді, олар *m. extensor digitorum longus* пен *m. extensor hallucis longus* сіңірлерінің латералды жиегінде қосылып, солармен бірге бақайлардың сыртқы сіңірлі созылмасын түзеді. Сіңірмен бірге үлкен бақайға қиғаш баратын медиалды қарынша өз алдына жеке *m. extensor hallucis brevis* деп те аталады (29-сурет).


Қызметі. I—IV бақайларды жазып, оларды аздап латералды әкетеді.

Табан бұлшықеттері. Үш топ түзеді: медиалды (үлкен бақай бұлшықеттері), латералды (кішкене бақай бұлшықеттері) және ортаңғы (табан ортасында жатады) топ бұлшықеттері.

Аяқ басының медиалды топ бұлшықеттері

Медиалды топ бұлшықеттері үшеу болады.

- ❖ **Бақайды әкететін бұлшықет**, *m. abductor hallucis*, табанның медиалды жиегінде барынша беткей орналасқан; басталатын жері — өкше төмпешігінің *processus medialis*-ы; *retinaculum mm. flexorum* және *tuberositas ossis navicularis*, медиалды тобық сүйегі мен проксималды бақайшықтың негізіне бекиді.
- ❖ **Бақайдың қысқа бүккіш бұлшықеті**, *m. flexor hallucis brevis*, алдыңғы бұлшықеттің латералды жиегіне жанасады; басталатын жері — медиалды сына тәрізді сүйек пен *lig. calcaneocuboideum plantare*.



29-сурет. Аяқ басының сыртқы бетінің беткей бұлшықеттері мен шандырлары

Алға қарай бағытталған бұлшықет екі басқа бөлінеді: олардың арасынан *m. flexor hallucis longus* сінірі өтеді. Екі бас та бірінші табан-бунақ буыны аймағында тобық сүйектерге және үлкен бақайдың проксималды бақайшығының негізіне бекиді.

- ✧ *Бақайды әкелетін бұлшықет, m. adductor hallucis*, терең жатады және екі бастан тұрады. Олардың біреуі (қиғаш, *caput obliquum*) текше тәрізді сүйек, *lig. plantare longum*, ла-

тералды сына тәрізді сүйек пен II–IV табан сүйектері негіздерінен басталып, одан алға қарай қиғаш және аздап медиалды өтеді. Екінші бас (көлденен, *caput transversum*) II–V табан-бақайшақ буындарының буын қапшықтары мен табан байламдарынан басталады; одан аяқ басының ұзындығына барып, қиғаш баспен бірге үлкен бақайдың латералды тобық сүйегіне бекиді.

Қызметі. Табан бұлшықеттерінің медиалды жағын нығайтуға қатысады.

Аяқ басының латералды топ бұлшықеттері

- ✧ *Кішкене бақайды әкететін бұлшықет*, *m. abductor digiti minimi*, табанның латералды жиегі бойында, басқа бұлшықеттерден беткей; өкше сүйегінен басталып, кішкене бақайдың проксималды бунағы негізіне бекиді.
- ✧ *Кішкене бақайдың қысқа бүккіш бұлшықеті*, *m. flexor digiti minimi brevis*, V табан сүйегі негізінен басталып, кішкене бақайдың проксималды бунағы негізіне бекиді.

Табан бұлшықеттерінің латералды тобы бұлшықеттердің әрқайсының кішкене бақайға әсері онша емес. Олардың басты рөлі аяқ басы үстерінің латералды жиегін нығайту.

Аяқ басының ортаңғы топ бұлшықеттері

- ✧ *Бақайлардың қысқа бүккіш бұлшықеті*, *m. flexor digitorum brevis*, табан апоневрозы астында беткейлеу жатады. Өкше төмпешігінен басталып, II–V бақайлардың ортаңғы бунақтарына бекітін төрт жалпақ сіңірге бөлінеді. Әрбір сіңір беку алдында екі аяқшаға ажырап, олардың арасымен *m. flexor digitorum longus* сіңірлері өтеді. Бұлшықет аяқ басы күмбезін бойлық бағытта бекітіп, бақайларды (II–V) бүгеді.
- ✧ *Табанның шаршы бұлшықеті*, *m. quadratus plantae (m. flexor accessorius)*, алдыңғы бұлшықеттің астында жатады, өкше сүйегінен басталып, *m. flexor digitorum longus* сіңірінің латералды жиегіне қосылады. Бұл шоғыр бақайлардың ұзын

бүккішінің кимылын реттеп, оның тарту күшін бақайларға тура бағыттап отырады.

- ❖ **Құрт тәрізді бұлшықеттер, *m. lumbricales***, төртеу. Қол басындағы сияқты бақайлардың ұзын бүккішінің төрт сінірінен шығып, II—V бақайлардың проксималды бунағының медиалды жиегіне бекиді. Олар проксималды бунақтарды бүге алады; олардың басқа бунақтарды жазу әсері өте әлсіз немесе жоқ деуге болады, сонымен қатар басқа төрт бақайды үлкен бақай жағына қарай тарта алады.
- ❖ **Сүйек аралық бұлшықеттер, *mm. interossei***, табан сүйектері арасындағы кеңістіктерге сәйкес табан жағынан барынша терең жатады. Қол басының аттас бұлшықеттері сияқты екі топқа бөлінеді: үш табан бұлшықеті, *mm. interossei plantares*, және төрт сыртқы бұлшықеттер, *mm. interossei dorsales*. Бұлардың орналасу жағынан айырмашылығы бар. Қол басында оның ұстау қызметіне байланысты бұлшықеттер III саусақ айналасына топталады, аяқ басында оның тірек рөлімен байланысты бұлшықеттер II бақай айналасына, яғни II табан сүйегіне қатысты топтасады.

Қызметі. Шектеулі көлемде ғана бақайларды қосады және ажыратады.

АЯҚТЫҢ ШАНДЫРЛАРЫ МЕН СІҢІРЛІК ҚЫНАПТАРЫ

Мықын-бел бұлшықеті іш аймағында *fascia iliaca*-мен жабылған, ол жалпы құрсак асты шандырының, *fascia subperitonealis* бөлігін құрай отырып, *m. iliopsoas* алып жатқан аймақтың жиектерімен қанқаға бекіп, сол бұлшықет үшін тұйықталған орын түзеді. Шап байламынан төменде *fascia iliaca* санға түсіп, сан бұлшықеттерін қоршап тұратын жалпақ сан шандырына, *fascia lata*, айналады. Ол шап байламынан төмен сан үшбұрышы аймағында терең және беткей жапырақшаларға бөлінеді. Бірінші жапырақша сан тамырларының артынан өтеді. Беткей жапырақша сан тамырлары алдынан өтеді және

сан көктамырының бүйір жағында бос орак тәрізді жиекпен, *margo falciformis*, аяқталады.

Бұл жиек тері асты саңылауы, *hiatus saphenus*, деп аталатын ойысты шектейді. *Margo falciformis*-де екі мүйізді ажыратады. *Fascia latae* терең жапырақшасымен қосылып кететін төменгі мүйіз, *cornu inferius* арқылы сан көктамырына құятын *vene saphena*-дан өтеді. Жоғарғы мүйіз, *cornu superius* шап байламына бекіп, оның астында бұрылып, *lig. lacunare*-мен бітіседі. *Hiatus saphenus fascia cribrosa*-мен жабылған (ол — санның тері асты шелмайы, лимфа тамырларымен тесілген), бұл соңғысы *margo falciformis*-пен бітіседі. Сан бұлшықеттерін қоршайтын *fascia latae* бұлшықеттер арасында тереңдеп сүйектерге бекітін өсінділер береді. Бұл өсінділердің біреуі санның бүйір жағында жатады және латералды бұлшықет аралық қалқа, *septum intermusculare femoris laterale*, деп аталады. Ол *linea aspera femoris*-тың латералды ернеуі бойына бекіп, *m. vastus lateralis*-ты артқы сан бұлшықеттерінен бөледі (атап айтқанда, *m. biceps femoris*). Басқа бұлшықет аралық қалқа, *septum intermusculare femoris mediale* санның медиалды жағында орналасады және әкелетін бұлшықеттердің алдынан *labium mediale linea aspera*-ға бекиді.


Бұлшықет аралық қалқалардан басқа, *fascia lata* кейбір бұлшықеттердің жиегімен екі табакшаға ажырап, олар үшін тұйық қынаптар түзеді. *Fascia lata* тығыз, әсіресе санның бүйір бетінде, сол жерде оған сіңірлі талшықтар қосылады. Ол бұл жерде бүкіл сан бойымен өтетін жалпақ қалыңдаған жол, *tractus iliotibialis*, түзеді. Бұл жол *tensor fascia latae* және *m. gluteus maximus* сіңірлері рөлін атқарады. *Fascia lata* дисталды жағынан тізе буынының алдыңғы бетіне таралып, кейін сирақ шандырына ауысады; ол арт жағынан *fossa poplitea*-ны жабатын және сан шандыры мен сирақ арасындағы аралық бөлік болып табылатын *fascia poplitea*-ға созылады. Сөйтіп санның жалпақ шандырының әр жердегі құрылысы әр түрлі: өте берік бөліктерімен (мысалы, *tractus iliotibialis*) қатар әлсіз де бөліктері (*fascia cribrosa*) болады.

Сирақ шандыры, *fascia cruris*, бұлшықеттермен жабылмаған жерде сүйектермен тұтасып, сирақты қоршайды. Ол сирақтың

артқы жағында беткей және терең жапырақшалардан тұрады. Беткей жапырақша *m. triceps surae*-ны жабады, ал терең жапырақша асықты жілік пен жіліншікке жан-жағынан бекіп, осы бұлшықет пен артқы бұлшықеттердің терең қабаты арасында орналасады. Латералды жағынан *fascia cruris* тереңге қарай жіліншік сүйекке бекітін екі бұлшықет аралық қалқа береді. Олардың алдыңғысы, *septum intermusculare anterius cruris mm. peronei* алдынан өтеді, ал артқысы, *septum intermusculare posterius cruris*, олардың артынан өтеді. Сирақтың алдыңғы бетінде толарсақтардан жоғарылау шандырға екі сирақ сүйектері (асық жілік пен жіліншік) арасында көлденең жолақтар түрінде фиброзды талшықтар араласа өріліп, жазғыштардың сіңірлер ұстағышын, *retinaculum mm. extensorum superius*, түзеді. Бұл байлам алдыңғы бұлшықеттердің сіңірлерін сүйектерге бекітеді. Сирақ-табан буыны алдында дисталды жатқан жазғыштар сіңірлерінің төменгі ұстағыштарында, *retinaculum mm. extensorum inferius* маңызы осындай, оның пішіні әдетте «У» әріпіне ұқсайды. Бұл ұстағыш өкше сүйегінің латералды бетінен, ал терең қабатымен *sinus tarsi*-ден басталып, екі аяқшаға бөлінеді, олардың жоғарғысы медиалды толарсаққа барады, ал төменгісі қайық тәрізді сүйектерге бекиді. Кей жерлерде ол жазғыштардың сіңірлерін қаусыратын беткей және терең табақшаларға бөлінеді, нәтижесінде жазғыштар өтетін төрт фиброзды өзек (үш сіңірлі, бір тамырлы) түзіледі. *Retinaculum mm. extensorum inferius*-дың жалпы басталатын орнының астында жататын ең латералды және ең көп өзек *m. extensor digitorum longus* және *m. peroneus tertius* сіңірін өткізеді. Келесі өзек *m. extensor hallucis longus* сіңірін, ал үшінші, ең медиалды өзек — *m. tibialis anterior* сіңірін өткізеді. Сіңірлер өзектер арқылы өтіп, синовий кынаптарымен қоршалады. Ортаңғының артында жатқан төртінші өзекте тамырлар (*a. et v. dorsales pedis*) мен нерв (*n. peroneus profundus*) орналасады.

Толарсақтардың артында сіңірлерді сүйектерге қабыстыра қысатын шандыр жатады. Ол медиалды жағында *m. tibialis posterior*, *m. flexor digitorum longus* және *m. flexor hallucis longus* сіңірлері арқылы өкше сүйегінен медиалды толарсаққа өтетін

жазғыштар сiңiрлерiнiң ұстағышын, *retinaculum mm. flexorum*, түзедi. Ол теренге қарай қалқалар берiп, көрсетiлген сiңiрлердiң өтуi үшiн үш сүйектi-фиброзды өзек, сондай-ақ *a. tibialis posterior* және *n. tibialis* үшiн беткейлеу орналасатын бiр фиброзды өзек түзедi. Өзектегi сiңiрлер байлам астында жеке үш қынапқа қамтылған. Латералды толарсақтың арт жағында шандырдан түзiлетiн жiлiншiк бұлшықеттерi сiңiрiнiң жоғарғы ұстағышы *retinaculum mm. peroneorum superius* жатады. Ол *mm. peronei longus et brevis* сiңiрлерi үстiмен толарсақтан өкше сүйегiне қарай созылады, бұл бұлшықеттер оның астында бiр сүйектi-фиброзды өзекте жатады. Екi сiңiр де дисталды және аздап төмен өкше сүйегiнiң латералды бетiне бекитiн жiлiншiк бұлшықеттерi сiңiрлерiнiң төменгi ұстағышы астынан өтедi. *Retinaculum mm. peroneorum inferius* астындағы кеңiстiк қалқамен әрбiр сiңiрдi жеке өткiзетiн екi өзекке бөлiнедi. *Mm. peronei* сiңiрлерi бiр жалпы синовий қынабына қамтылған, ол қынап төменгi жағында *retinaculum mm. peroneorum inferius* астындағы екi өзекке сәйкес екi бөлiкке бөлiнедi: аяқ басының сыртқы шандыры, *fascia dorsalis pedis*, жұқалау. Табан шандыры алақан шандыры сияқты өте қалың және өзiнiң ортаңғы бөлiгiнде табан апоневрозын, *aponeurosis plantaris* түзедi. Бұл апоневроз өкше төмпешiгiнен бақайлар негiзiне дейiн керiлiп, өзiнiң проксималды бөлiгiнде өзi жауып тұратын *m. flexor digitorum brevis*-пен бiтiседi. Апоневроз бақайларға қарай кеңейiп, араларынан көлденен талшықтар өтетiн бес шоғырға бөлiнедi. Бұл шоғырлар бақайларда сiңiрлердiң фиброзды қынаптарында аяқталады. Табан апоневрозы жиектерiмен бұлшықеттер арасымен теренге қарай сүйек аралық бұлшықеттердi жауып тұтатын терен шандырға бекитiн екi вертикал бағытталған қалқа шығады (30-сурет). Бұл қалқалар табанды толық тұйықталмаған үш орынға бөледi, олар негiзiнен табан бұлшықеттерiнiң үш тобына сәйкес келедi: латералды, медиалды және аралық. Мұны табанда iрiңнiң таралу жолдары дәлелдейдi. Табанда сiңiрлердi қоршайтын бiрнеше қынап болады. Олардың бiреуi *vagina tendinis m. peronei longi plantaris*, табанның терен каба-



30-сурет. Аяқ басының табан бетінің терең бұлшықеттері мен шандырлары

тында *m. peroneus longus* сіңірі айналасында, ол сіңір текше тәрізді сүйек жүлгесінде *lig. plantare longum* астында өтетін жерде орналасады. Басқа бес қынап, *vaginae tendinum digitales pedis*, бүккіштер сіңірлерін бақайлардын табан жағында қоршап, табан сүйектері бастары аймағынан дисталды бақайшақтарға дейін созылады.

Аяқтың топографиясы

Тамырлар мен нервтер өтетін өзектер мен тесіктер. *Foramen ischiadicum majus* арқылы *m. piriformis* өтеді, оның жоғарғы және төменгі жағында *foramen suprapiriforme* және *foramen infrapiri-*

forme саңылаулары қалады; олар арқылы бөксе тамырлары мен нервтер өтеді.

Төменнен жарғақпен шектелетін шат сүйегінің *sulcus obturatorius*-ы аттас тамырлар мен нервтер өтетін өзекке, *canalis obturatorius*, айналады.

Жамбас сүйегі үстінде *spina iliaca anterior superior*-дан *tuberculum pubicum*-ға *lig. inguinale* өтеді, ол аталған сүйек пен байлам арасындағы кеңістікті шектейді. Осы кеңістікте өтетін *fascia iliaca* өзінің латералды бөлігінде *lig. inguinale*-мен бітісіп, ал медиалды бөлігінде одан ажырап, қалындап, *eminentia iliopubica*-ға бекиді. *Fasciae iliacae*-ның бұл қалындаған жолағы *lig. inguinale* және *eminentia iliopubica* арасында *arcus iliopectineus* деген атпен бөлінеді.

Arcus iliopectineus шап байламы астындағы бүкіл кеңістікті екі лакунаға бөледі: латералды, бұлшықетті, *lacuna musculorum* (ол жерде *n. femoralis* және *m. iliopsoas* жатады) және медиалды, тамырлы, *lacuna vasorum*, ол арқылы сан артериясы мен көктамыры (көктамыр медиалды) өтеді. Тамырлар *lacuna vasorum*-нан сан, сирақ және аяқ басына ауысады. Тамырлар мен нервтер өзектерге айналып, қайтадан жұлгелермен өтеді. Келесі жұлгелер мен өзектерді ажыратады:

Sulcus iliopectineus, *lacuna vasorum* соған ауысады, ол *m. iliopsoas* (латералды) пен *m. pectineus* (медиалды) арасында жатады, содан кейін өз кезегінде *sulcus femoralis anterior*-ға жалғасады; оны түзетіндер — *m. vastus medialis* (латералды) және *mm. adductores longus et magnus* (медиалды). Екі жұлге де *lig. inguinale* (үстінен — үшбұрыш табаны), *m. sartorius* (латералды) және *m. adductor longus et magnus*-пен (медиалды) шектелген сан үшбұрышында, *trigonum femorale* жатады. *Mm. iliopsoas et pectineus* бұлшықеттері *fossa iliopectinea* деген үшбұрыштың түбін түзеді. Бұл үшбұрыштың төмен қараған ұшында *sulcus femoralis anterior* бұлшықеттер арасына өтіп, санның төменгі үштен бірімен тақым шұңқырына баратын өзекке, *canalis adductorius*, айналады. Өзекті түзетіндер — *m. vastus medialis* (латералды жағынан), *m. adductor magnus* (медиалды жағынан)

және олардың арасынан асып өтетін сіңірлі табақша, *lamina vastoadductoria* (алдынан); оның дисталды тесігін — *m. adductor magnus* шоғырларының ажырауынан түзілген *hiatus tendineus (adductorius)* құрайды.

Canalis adductorius төменде ромб тәрізді тақым шұңқырына, *fossa poplitea* ашылады. Ромбтың жоғарғы бұрышын шектейтіндер — латералды жағынынан *m. biceps femoris*, медиалды жағынан *mm. semimembranosus*-тың екі басы. Шұңқыр түбін *facies poplitea femoris* пен тізе буынының артқы қабырғасы құрайды. Тақым шұңқырында лимфа түйіндері мен шелмай жатады. Жоғарғы бұрыштан төменгі бұрышқа қарай шонданай жүйкесі (немесе оның екі тармағы), тақым артериясы мен көктамыры өтеді. Олар беткейден тереңге мынадай ретпен орналасады: нерв, көктамыр, артерия.

